

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТТІК МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫ

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

ЕЛМЕН СЫРЛАСУ

СӨЗДЕР, СҰХБАТТАР

I ТОМ



KUL TEQIN

АСТАНА
2008

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару бағдарламасы»*

Жобаның авторы: М. ЖОЛДАСБЕКОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Ғылыми кеңесші: М. ҚАСЫМБЕКОВ,
саясат ғылымдарының докторы

Н 86 **Нұрсұлтан Назарбаев: ЕЛМЕН СЫРЛАСУ. I том. / Құрастырушылар:**
Г. Тәңірбергенова, Қ. Қалилаханова, Б. Имансерікова, Р. Әлімбеков
— Астана: Күлтөгін баспасы, 2008. — 280 б.
ISBN 9965-642-78-8

XX ғасырдың 90-жылдарының басында әлемдік саясаткердің жаңа үлгісін қалыптастырған, өз қызметі арқылы елдер мен халықтардың мәдениетін, менталитетін жақындастыра отырып, еуропалық және азиялық ерекшеліктерді шебер үйлестіре білген Нұрсұлтан Назарбаевтың билікке келуі жас мемлекетіміз – Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатындағы түбегейлі өзгерістер кезеңінің бастамасы болды.

Қазақ халқы мен оның Елбасы өз таңдауын жүзеге асырды – әлемдік кеңістікте айшықты орын алатын тәуелсіз, біртұтас, еркін әрі дербес Қазақстанды құрды.

"Қазақстан Республикасы" сериясының "Елмен сырласу" атты басылымына Қазақстан Республикасы Президентінің ішкі тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді, сыртқы саясатта жалпыға бірдей қауіпсіздік пен ынтымақтастықты, мемлекеттілікті нығайтуға бағытталған, өзара тиімді ықпалдастықты дамытуды мұрат еткен сөздері мен сұхбаттары енгізілді.

"Елмен сырласу" көптомдығының құндылығы Елбасының идеяларын, саяси мұрасын одан әрі кеңірек насихаттауда, Қазақстанның саяси тарихы мәселелеріне қызығушылық танытатындар үшін таптырмайтын тарихи және ғылыми-методологиялық негіз және дерек ретінде кеңінен қолдануға болатындығында, сол арқылы қоғамның саяси сауаттылығы мен саяси мәдениетін арттыруға ықпал ететіндігінде.

Бірінші томға қиын да күрделі 1991 жылғы тәуелсіз мемлекетті дамытудың жаңа жолын, жаңа үлгісін іздеген тұстағы Елбасының Қазақстан халқының, әлемдік қауымдастықтың алдында сөйлеген сөздері мен сұхбаттары енді. Материалдар хронологиялық ретпен берілді.

Басылым саясаткерлерге, саясаттанушыларға, қазіргі замандағы Қазақстанды зерттеушілер мен тарихшыларға, қалың оқырманға арналған.

ББК 66.3 (5Каз)

ISBN 9965-642-78-8

«Күлтөгін» баспасы, 2008.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан мемлекеттігінің қалыптасуы мен қарқынды дамуының және қоғамды жаңаша реформалаудың нақты стратегиялық, концептуалдық үлгісін ұсынып, оны жүзеге асыруға бар күш-жігерін жұмсап, саналы ғұмырын арнап келе жатқан ұлы қайраткер.

Бодандықтан бостандыққа қадам басқан жаңа тұрпатты мемлекеттің күрделі кезеңінде Президент еліміздің өртені мен болашағы үшін ұлттық мемлекеттің мызғымас негізін қалап, ғасырлар бойы аңсаған азаттықтың баянды болуы мақсатында тың жол – қазақстандық жолды қалыптастырды.

Елбасы әлемдегі дамыған мемлекеттердің бай тәжірибесін таразылай отырып, тәуелсіздігін жаңа алған еліміздің жаһандық өркениет көшіне қосылуының бірден-бір дұрыс жолын нұсқап және жүзеге асыруды өз жауапкершілігіне алып, оны жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауларында егжей-тегжейлі баяндап келеді. Сонымен бірге Президент тәуелсіздіктің толыққанды шежіресін жазу міндетін де ұлт зиялыларының алдына талап етіп қойды.

Бұл көптомдық еңбек «Тәуелсіздік шежіресі», «Елбасы жолдады – елі қолдады», «Әлем Қазақстан туралы. Әлем Президент туралы», «Елмен сырласу» атты төрт түрлі сериямен жарық көріп отыр.

«Тәуелсіздік шежіресіне» Елбасы қол қойған мемлекеттік маңызы бар құжаттар – Жарлықтар, Заңдар, Әкімдер, Қаулылар енгізілді.

«Елбасы жолдады – елі қолдады» делінетін серияда Президенттің 1996-2008 жылдар аралығындағы Қазақстан халқына Жолдаулары толық қамтылды.

Үшінші серия – **«Әлем Қазақстан туралы. Әлем Президент туралы»** деп аталады.

Мұның бірінші томына ел егемендігінің алғашқы 1991 жылы – тәуелсіз Қазақстан мемлекеті мен оның тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атына жолданған әлем елдері басшыларының, көрнекті қоғам қайраткерлерінің құттықтаулары, жүрекжарды лебіздері енгізілді. Жер шарының әр қиырынан келіп түскен ыстық ықылас, шын жүректен шыққан хаттарды тебіренбей оқу мүмкін емес.

«Елмен сырласуда» Елбасының Қазақстан Республикасы Парламенті отырыстарында, баспасөз конференцияларында, ел алдында сөйлеген сөздері, көгілдір экранда тікелей эфир арқылы еліміздің көркеюі жолындағы көкейкесті мәселелерді көтерген баяндамалары, сөздері, ел және шетел журналистеріне берген сұхбаттары жинақталды.

Қалың көпшілікке екі тілде ұсынылып отырған көптомдық кітаптарда тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бергі Қазақстан мемлекетінің қарбаласқа толы тіршілік тынысы, арман-тілегі, ілгері талпыныс-талабы сан қырынан айшықталады.

Сондай-ақ бұл еңбектерде Қазақстан Республикасы тұңғыш Президентінің халқына, Отанына деген шынайы сүйіспеншілігінің, атқарып келе жатқан ұшан-теңіз қызметінің әр сағаты, әр күні, әр аптасы, әр айы, әр жылы хронологиялық ретпен берілді.

«Қазақстан Республикасы» деп аталатын көп сериялы жинақ тұңғыш рет жарық көріп отыр және мұны тәуелсіздік шежіресі, егеменді еліміз бен тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың жемісті қызметінің айнасы, жаңа заманның – жаңа тарихы десе де болады. Бұл, түптеп келгенде, дербес, жаңа мемлекеттігіміздің шежіресі, анық тарихы.

Бұл игі бастама бұдан былай да жалғасын тауып, жаңа томдар жарық көре береді.

Қазіргі таңда ұлы далада байырғы бабаларымыз жасаған байтақ тарихты баяндайтын біршама еңбектер жарық көрді. Дегенмен біз жас ұрпақтың бойына, санасына отаншылдықты, мемлекетшілдікті сіңдіреміз десек, осы жаңа тарихымызды оқытуға күш салуымыз керек.

Шындық жылнамасындай бұл құжаттық көптомдық еңбек еліміздің жаңа тарихын, талайлы тағдырын «Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын» деп ағынан жарылған Президентіміздің өлшеусіз еңбегін қастерлей білетін отаншыл, мемлекетшіл оқырман қауымның сүйіп оқитын кітабына және жаңа тарихымызды насихаттаудың мүлтіксіз құралына айналатынына еш күмән жоқ.

***М. Жолдасбеков,
М. Қасымбеков***

ҚАЗАҚ ССР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҢА ЖЫПДЫҚ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Алматы, 21 желтоқсан 1991 жыл



Мен осы мемлекеттің Президентімін.

Мен әрдайым өз сөзім мен ісімнің өзара үйлесіп жатуына ұмтылып келемін.

Мен бұл бағытымды өзгерткен емеспін, осы бағытпен жүріп келемін және жүре де беремін, бұл ең алдымен, қазақ халқына және Қазақстанды мекендейтін барлық халықтарға қажет.

Тәуекелге бел байлатып, назарымызды сындырмаған ізгі ниеттің игі нәтижеге, асыл арманның абыройлы іске айналуына көңінен қолдау көрсетіп, қысылғанда – тірек, қиналғанда – медет болған туған халқыма, барша отандастарыма, күллі қазақстандықтарға, бүгінгі күні басымды иіп, адал перзенттік жүрегіммен былай дегім келеді:

– Айналайын халқым! Мен осы игіліктің бәрі үшін сенің алдыңда мәңгілік борыштармын. Сенің мүддең жолында бойда қуат, ойда нәр – бәрін аянбай сарп етуге пейілмін.

Бүгінгі таңда біздің бәрімізге сенім керек, біздің таңдауымызға, біздің болашағымызға деген сенім керек. Бірлік қажет. Қазақстанда көп ұлтты халық тұрады. Егер де өзара тату-тәтті, ауызбіршілікте болмасақ, ешқандай табыстарға қол жеткізе алмаймыз.

Сондықтан да ақсақалдардан – даналық, зиялы қауымнан – келелі кеңес, жастардан – іскерлік қасиеттер, зеректік пен талпыныс күтемін.

Баршамыз бірігіп еліміздің игілігі үшін еңбек етуіміз қажет.

Осының бәрін жалғыз мен істейді деп ойласаңыздар – қателесесіздер. Қазақстанның халқы 17 миллион – ақылды, еңбексүйгіш, талантты, креативті және бәсекеге қабілетті азаматтар.

Сондықтан да мен бірлікке, ұлтаралық татулыққа және ортақ асқақ мақсатқа негізделген жарқын болашаққа сенемін.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н.Ә. НАЗАРБАЕВ**

ҚАЗАҚ ССР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ҚҰТТЫҚТАУЫ*

Алматы, 31 желтоқсан 1990 жыл

Құрметті қазақстандықтар! Қадірменді азаматтар!

Әдетте жаңа жылды қарсы алу үй-ішінің, ошақ басының мерекесі деп есептеледі. Жаңа жыл бәріміз үшін ең бір ізгілікті, ең бір сүйікті мереке, той.

Біздің Қазақстан деп аталатын көп ұлтты үй-орманымызға жаңа 1991 жыл зор қуаныш, мол бақыт әкелсін, әр үйде ынтымақ, сыйластық болсын, жүрегімізде болашаққа деген сенім мен үміт ұшқыны ешқашан жоғалмасын деп шын көңілден тілектестігімді білдірсем деймін.

Өткен жыл өздеріңізге белгілі, оңай жыл болмады.

Еліміздің экономикасындағы, саяси және әлеуметтік өміріндегі қиындықтар жұмысшылар мен шаруаларға да, жастар мен ардагерлерімізге де, үйдің құты аналар мен қадірменді саясаткерлерімізге де соқпай өткен жоқ.

Бүгінгі таңда өткен жылы өндіріс пен тіршілік-тұрмыста ел-жұрттың басынан кешірген қиыншылықтарына көз жұма қарасақ, мүлде дұрыс болмас еді, әрі мұның өзі біздің бүгінгі рухымызға да сай келмес еді.

Өкінішке орай, Қазақстанды тілсіз жау зардаптары да айналып өткен жоқ.

Әйткенмен, республикамыздың басынан кешірген жақсылық жайттарды айтпасақ, ол да дұрыс болмас еді.

Диқан қауымының өткен жылғы еңбегі айтарлықтай.

Халық шаруашылығының көптеген салаларында жоспар негізінен орындалды. Ең бастысы, азаматтық түсінушілікке, келісімге қол жетіп отыр.

Ең кереметі – біздің республикамыз экономикалық және рухани өрлеудің өзіміз үшін негізгі, ең қиын жолын таңдап алды.

Меніңше, өткен жылдың ең басты оқиғасы да осы деп білемін. Және мұның өзі әбден қол жеткізер мақсат.

Мен бұл жерде қазан айында қабылданған Қазақ ССР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация жөнінде айтып отырмын. Ия, бұл әзірше алғашқы қадамдар ғана. Ол өзінің елеулі жемістерін кейін әкелмек. Бірақ та біз үшін ілгері өрлеудің бағыт-бағдарларын анықтап алу қажет болды.

* "Социалистік Қазақстан" газеті, 3 қаңтар 1991 жыл.

Жаңғырған егеменді республикамызды құра отырып, мен жаңа ССР Одағының қалыптасып, одан әрі нығаюын баршамыздың шын қолдайтынымызға кәміл сенемін.

Өтіп бара жатқан жылда ыдырау күштеріне қарамастан, жаңғырар Одақтың дүниеге келуіне көп күш жұмсалды.

Одақтас республикалармен екі жақты, көп жақты келісім-шарттарға қол қойғанда Қазақстан ерекше айқын позиция ұстанып отыр.

Аталмыш құжаттарда егемендігіміз бен дәстүрлі шекаралардың бұлжымастығы, кәсіпорындар арасындағы тікелей берік байланыстарды орнықтыру көзделіп отыр. Біз бұл құжаттарды болашақ одақтық келісім-шарттың негізі деп білеміз. Оның принциптері жақында ғана аяқталған ССРО Халық депутаттарының съезінде талқыланғаны өздеріңізге мәлім.

Біздер республикамыздың нарыққа көшу жолына да дербес, терезесі тең мемлекет есебінде көз тігіп отырмыз.

Сайып келгенде, халық шаруашылығында құдіреті күшті ведомстволар мен мемлекеттік инстанциялар емес, парасат пен парыққа жүгінетін, адам еркінен тыс экономикалық заңдар салтанат құруға тиіс.

Тек сол үшін республикамызда меншіктің түр-түрі өзара теңдік алып отыр. Олардың әрқайсысы бір-бірімен тай жарысында бәйге алсын.

Ал, мұның бәрін дәлелдеудің бір ғана жолы бар: баршамыз болып, жұмыла көтеріліп, қайткенде де халықтың ең қажетін қамтамасыз ету жолы ол. Іскерлік, кәсіпкерлік ниет үшін қазір жолдың бәрі айқара ашық.

Алайда, біздер бәрімізге ортақ тіршілігімізде ортақ мақсатқа тек бір ғана жағдайда – бәріміз тәртіпке жүгіне, тапсырылған іске үлкен жауапкершілікпен қарағанда ғана жете аламыз.

Сондықтан ортақ үйімізде жанжалға, ырың-жырыңға қайтсек те жол бермеуіміз керек. Өйткені уақыт алтыннан да қымбат.

Біз бүгінге дейін ырғалып-жырғалып есемізді жіберіп алдық.

Аталарымыз бен бабаларымыз жасаған рухани игіліктен айырылып қалуымыз да ғажап емес.

Ия, еліміздің басқа аймақтарымен салыстырғанда Қазақстанның қазіргі жағдайына шүкіршілік. Барлық парасатты қазақстандықтардың бұған қосқан үлесі зор.

Осы орайда қазақтың: "Қол жұмылмай – жылынбайды" деген мақалын қайтіп еске алмауға болады?!

Шіркін: "Халық айтса – қалт айтпайды" деген осы ғой!

Тарих пен тағдырдың бізге жазғаны да осы шығар.

Тарих пен тағдырдың бүйтіп жазғанындай, біздер, Қазақстан халықтары бәріміз суыққа тоңған бір қолдың саусақтарындай алдағы уақытта жұбымызды жазбай бір-бірімізге сүйене ілгері өрлеуіміз қажет. Тек жұбымыз жазылмағанда

ғана біздер бәріміз бұлтсыз болашаққа, балаларымыз бен немерелеріміз алаңсыз өмір сүретін күнге қиын да абзал жолмен жете аламыз.

Қадірменді азаматтар, бұл жолда бәріңізге, сіздердің үй-іштеріңізге, туған-туысқандарыңызға бақыт пен қуаныш тілеуге рұқсат етіңіздер!

Бұл жылда біздің өмірімізге көлеңке түсіретін, адамдардың арасын ашатын қайғы мен мұң болмайтын болсын!

Келе жатқан жаңа жыл бейбітшілік, әрі табыс жылы болсын!

Бұл жылы бәріңіз ойлаған ойларыңызға жетіңіздер!

Жаңа жыл құт, бақыт, ырыс жылы болсын, бауырлар, ағайындар, туғандар!

НОВОГОДНЕЕ ПОЗДРАВЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСКОЙ ССР Н.А. НАЗАРБАЕВА*

Алма-Ата, 31 декабря 1990 года

**Дорогие казахстанцы!
Уважаемые земляки!**

Встреча Нового года считается семейным праздником. Он, пожалуй, самый теплый, самый любимый людьми.

И в эти предновогодние минуты я хочу пожелать нашей большой семье, какой является многонациональный Казахстан, чтобы новый, 1991 год, принес радость и счастье, чтобы в каждом доме царили мир и согласие, чтобы нас не покидали оптимизм и надежда.

Год уходящий был, как никогда, напряженным.

Сложность экономической, политической, социальной ситуации в стране коснулась всех – рабочих и крестьян, молодежи и ветеранов, домохозяек и политиков.

Сегодня было бы неверным, да это и не в духе нашего времени, закрывать глаза на те трудности, с которыми столкнулись люди в уходящем году на производстве и в быту.

Не миновали, к сожалению, Казахстан и стихийные бедствия.

Однако несправедливо было бы не сказать и о том хорошем, что произошло в жизни нашей республики.

В этом году успешно поработали земледельцы, по многим позициям выполнены народнохозяйственные планы.

Мы сохраняем мир и гражданское согласие.

Пожалуй, главным событием стало то, что республика сделала важный выбор на нелегком пути к нашей главной и, убежден, достижимой цели – экономическому процветанию и духовному возрождению.

Я имею в виду принятую в октябре Декларацию о государственном суверенитете Казахской ССР.

Да, пока это только первые шаги. Нам было необходимо определить ориентиры нашего движения вперед.

Убежден, что, строя новую суверенную республику, все мы искренне выступаем за упрочение и становление нового Союза ССР.

В году уходящем, несмотря на существование центробежных сил, было многое сделано для рождения обновленного Союза.

Казахстан здесь занимает активную позицию, заключая двусторонние и многосторонние договоры с союзными республиками. Этими документами

* Газета "Казахстанская правда", 3 января 1991года.

признаются суверенитет и целостность существующих границ, устанавливаются надежные прямые связи между предприятиями.

Мы считаем, что такие акты и есть основа будущего Союзного договора, принципы которого обсуждены на недавно завершившемся Съезде народных депутатов СССР.

С позиции самостоятельного, равноправного государства мы смотрим и на переход республики к рынку.

В народном хозяйстве, наконец, должны восторжествовать объективные экономические законы, подчиненные здравому смыслу, а не воле всемогущих ведомств или государственных инстанций.

Ради этого в республике все формы собственности получают равенство.

И пусть в честной конкуренции между собой они доказывают свое право на существование. А доказать это можно только одним способом: делать больше нужных товаров лучшего качества.

Для деловитости, предприимчивости, творчества отныне открыто самое широкое поле деятельности.

Однако успеха в деле повышения нашего с вами благосостояния мы сможем достичь при одном неслыханном условии: если будем работать слаженно, дисциплинированно, с полной мерой ответственности каждого за порученное дело.

Поэтому мы не можем сейчас позволить себе ссориться в нашем общем доме. Слишком дорого сегодня время, слишком много нами упущено, слишком велика цена нашего общего с вами выбора, чтобы утратить созданное отцами и дедами.

Да, Казахстан стабилен, особенно по сравнению с другими регионами страны. И в этом заслуга всех здравомыслящих казахстанцев.

По этому поводу нельзя не вспомнить казахскую пословицу: "Қол жұмылмай – жылынбайды".

Я перевел бы ее примерно так: "Без сплоченности тепла не будет".

Не устаешь удивляться народной мудрости!

Как предначертано историей и судьбой, мы – весь народ Казахстана – шли, и будем идти дальше только вместе, согревая друг друга, как в стужу – пальцы одной руки.

Только вместе мы сможем одолеть трудный, но самый благородный путь – к ничем не омраченному будущему, к процветанию наших внуков и детей, каждого из нас и всех вместе.

Дорогие земляки!

Позвольте пожелать всем вам, вашим семьям, вашим близким счастья и радости на этом пути!

Пусть на нем исчезнут все горести и печали, все то, что разъединяет людей!

Пусть наступающий год будет мирным и плодотворным!

Пусть в нем сбудутся все ваши самые сокровенные желания!

С Новым годом, дорогие друзья!

**ҚАЗАҚ ССР ПРЕЗИДЕНТІ, ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ БІРІНШІ ХАТШЫСЫ
НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВТЫҢ
ҚАЗАҚ ТЕЛЕВИЗИЯСЫНЫҢ "ПРЕЗИДЕНТ САҒАТЫ" АТТЫ
ХАБАРЫ АРҚЫЛЫ РЕСПУБЛИКА ТҰРҒЫНДАРЫМЕН СҰХБАТЫ***

Алматы, 22 қаңтар 1991 жыл

ПРЕЗИДЕНТКЕ ҚАНДАЙ СҰРАҒЫҢЫЗ БАР?

Е. Смайылов

Қазақ ССР Президенті, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақ телевизиясының "Президент сағаты" атты хабары арқылы республика тұрғындарымен кеңесіп, олардың көптеген көкейкесті сұрақтарына жауап беруі адамдардың қоғам өміріндегі нақты жағдайды білуіне, жөнсіз алаңдаушылықтарының сөйіліп, ертеңгі күнге сенімінің орнығуына, сайып келгенде, қоғамдық-саяси ахуалды түрлаулы етуге көмектеседі.

22 қаңтарда тікелей эфирде көрсетілген хабарды да сол дәрежеде болды деуге негіз бар.

Хабарда не туралы сөз болды?

Онда нендей тілек, қандай талап айтылды?

Қазақстан халық шаруашылығының 1990 жылғы және тұтастай он екінші бесжылдықтағы статистикалық мәліметтері алдағы кезде жарияланатын болар. Ал біз Президент келтірген кейбір деректерге назар аударайық.

Бес жылда ұлттық табыс 1,4 есе артты, ал өткен бесжылдықта бұл көрсеткіш 2,2 пайызға кеміп кеткен болатын.

Тұтынуға он бірінші бесжылдықтағы 75 пайызға қарағанда, ұлттық табыстың 86 пайызы жұмсалыпты.

Халық тұтынатын бұйымдар өндіруге көбірек көңіл бөлініп, "Б" тобының товарлары "А" тобына қарағанда 2,6 есе артық өскен.

Егер 1985 жылы әр тұрғынға шаққанда 980 сомның бұйымдары сатылса, 1990 жылы ол 1300 сомға жетті.

* «Социалистік Қазақстан» газеті, 25 қаңтар 1991 жыл.

Ауыл шаруашылығында да ілгерілеу баршылық.

Бесжылдықта ет өндіру – 27, сүт өндіру 16 пайызға артып, астық өндірудің орташа жылдық өсуі 22 пайызға жеткен. Жан басына шаққанда 15 килограмм ет, 30 килограмм сүт қосылған.

Тұрғын үй құрылысында 40 миллион шаршы метр пайдалануға берілген. Президент бұрын-соңды мұндай көрсеткіш болмағанын атап айтты.

Қазір республикамыз бұл жағынан Одақта төртінші орынға көтеріліпті (бұрын 8-10 орындар).

Жалпы алғанда деректер жаман емес.

Алайда, дүкен сөрелерінің қаңырап бос тұруы неліктен?

Н.Ә. Назарбаев жолдас өзі қойған осы сұрағына өзі қайтарған жауапта үш түрлі себеп атады.

Біріншіден, ел үкіметі халықтың ақшалай табысын өсіргенімен, оның бұйымдармен қамтылуын шеше алмады. Ақшалай табыс жылына шамамен 11-14 пайыз өсті. Егер республика халқына, барлық төлемдерді қосқанда, жалақыға жыл сайын 28 миллиард сом төленетін болса, мұндағы таза қосымша үш миллиард сомға жуықтайды. Тауар өндіру қарқыны болса, 1,5 миллиард сомнан аса алмады. Бар ақшаңа алатын ештеңенің болмауына бір себеп осы.

Екіншіден, адамдардың 75 пайызы "бүгін алып қал, ертең ештеңе таппайсың" дейтін пендешілікпен көзге түскеннің бәрін шамадан тыс ала береді.

Үшіншіден, кооперативтер (олардың саны республикада 15 мыңға жетті) халықтан гөрі өндіріс орындарына қызмет көрсетуге бейім. Яғни олар кәсіпорындардың қолма-қол емес ақшасын "тірі" ақшаға айналдыруда. Бұған енді ел үкіметінің көтерме-бөлшек сауда бағасының 1 қаңтардан өсетіндігін жариялауын қоссақ, сонда сауда орындарына жосықсыз шабуылдың сыры айқындалады.

Ал, енді 1991 жыл қандай болмақ?

Республика басшысы негізгі азық-түлік өнімдері бойынша мынадай болжамдар жасады.

Сауда орындарына түсетін ет және сүт 1990 жылғы 484 мың және 2776 мың тоннаның орнына тиісінше 495 мың және 2846 мың тонна болмақ.

Нан өнімдері мен жарма өткен жылғы деңгейден төмендемейді.

Былтыр республика тұрғындары 407 мың тонна қант, 32 мың тонна шай, 61 мың тонна өсімдік майын тұтыныпты. Бұлар биыл біршама өспек.

Қазақстанның ішкі рыногын қорғау шаралары қолға алынды. Әйтпесе, тек Алматы қаласынан темір жол, әуе және автомобиль транспортымен бір тәулікте ғана жарты тонна шұжық, 330 килограмм май, осынша қант, 1,5 тонна жарма тасып әкетіледі екен. Азық-түліктің сыртқа кетуіне тыйым салу басқа республикаларда оқып жатқан, әскери қызметтегі жастарға сәлем-сауқат жіберуге кедергі болмайды.

Сондай-ақ азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етудің талондық жүйесі енгізіледі.

Президент жан басына шаққанда берілетін өнімдердің өлшемдерін де айтты. Олар басқа республикаларға қарағанда біршама ілгері. Баға мәселесі, ол өскен жағдайда табысы аз адамдар қорғалу қажеттігі сөз болды.

Нұрсұлтан Әбішұлы жаңа Одақтық шарт мәселесіне тоқталды.

"Кейде қызғылықты жағдайға тап болып жүрміз, – деді ол. – Біз экономикалық байланыстарды талқылағанда үстел басында барлық 15 республика түгел отырады. Ал, енді Одақтық шартқа байланысты әңгіме кезінде 15-тің алтауы жоқ болып шығады".

Сондықтан Одақтық шартқа қол қоюға әзір үлкен төрт республика, соның ішінде Қазақстан да шартқа қол қойып, өзгелердің қатарға қосылуы үшін есікті ашық қалдыру жайы қарастырылуда.

Әлбетте, мәселе жаңа одақ, егеменді мемлекеттердің одағы туралы болып отыр. Олар кейбір өкілеттіктерін орталыққа беріп, өздері төлейтін салық арқылы сол орталықтың қызметін қамтамасыз етпек.

73 жыл бойы әр республика белгілі бір нәрсеге мамандандырылып, басқасын өзгелер береді деген принципке бағындырылып келген ғой. Енді аралықты белгілеу тым күрделі болып тұр. "Кімде-кім бұл мәселенің экономикалық мәнін түсінсе, оның қандайлық қымбатқа түсетінін білер еді", – деді Президент.

Президент Байқоңырға сапары жөнінде айта келіп, республикада қорғаныс мақсатындағы 60 кәсіпорынның бар екенін, конверсияға орай облыстық Кеңестер оларды халық мүддесіне бұрғызу қажеттігін атап көрсетті.

* * *

Содан кейін сұрақтарға кезек тиді.

Біріне қысқа да нақты, енді біріне егжей-тегжейлі жауаптар беріліп жатты. Қазақшасына қазақша, орысшасына орысша жауап қайтарып, керек жерінде қазақшасын өзі орысшалап отырды.

Кейбір жауаптар, айталық, Қабанбай батырдың үш жүз жылдығын республика көлемінде атап өту және Целиноград, Гурьев, Петропавл,

Павлодар, Ермак қалаларының атауын өзгерту жөніндегі сұрақтардың жауабы жұрттың бәріне бірдей ұнай да қоймаған болар.

Алайда, Президент бұған дейін де бірнеше мәрте айтқан "Қазақстанда тұратын барлық ұлт пен ұлыстың мүддесін қорғауға республика Конституциясын ұстап тұрып ант бергенмін" деген сөзін еске ала отырып, "Қабанбай батырды республика халқының өзге де өкілдеріне кеңінен танытайық" дегеніне немесе "Жеке өз ойымды айтсам, зорлықпен таңылған Целиноград атауын өзгертіп, бұрынғы Ақмола атауын қалпына келтірген жөн" дегенді орысша айтып, қазақшалап, жергілікті Кеңес орындары шешіп жатса, бізден қарсылық болмайды дегеніне қанағаттанған да жөн болар.

Орал қаласында ата-баба зираты қиратылып, орнына құрылыс жүргізілуіне "Бұл сорақылық. Жергілікті басшылар араласуға тиіс", Алматы облысының Жамбыл ауданындағы "Амангелді" совхозынан майдангер жесірі Омароваға отағасы майданда опат болмай, бейбіт күнде өлгені үшін қамқорлық көрсетілмеуіне "Бұл адамшылыққа жатпайды" деген жауаптар берілді.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Литвадағы оқиғалар мен Парсы шығанағындағы соғысқа байланысты мынадай пікір білдірді:

– Өздерінде тұратын өзге ұлттардың құқына нұқсан келтіру Литва тарапынан Конституцияға жат, бірақ мұндағы оқиғаға әскерилердің араласуын айыптаймыз.

Күшті Ирактың кішкентай Кувейтті жаулап алуын қолдай алмаймыз.

Алайда соғыс, ең алдымен, жай адамдарға ауыртпалық түсіреді. Сондықтан жүріп жатқан соғысты тоқтатып, мәселенің бейбіт шешілуін жақтаймыз.

* * *

Енді бірер сұрақтың жауабын толығырақ келтірейік.

Жеке меншіктеуге байланысты.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев:

– Жеке меншіктеу қалтасы қалың бір адам келіп, кәсіпорындарды сатып ала бастайды деп бәзбіреулердің ойлап жүргеніндей болмайды. Тіпті де олай емес.

Кәсіпорын меншігінің бір бөлігі тегін немесе ССРО Халық депутаттары IV съезінің шешімінде көзделген ретпен тек осы кәсіпорында істеп жүрген адамдарға беріледі. Онда да сөз шеберханалар, кейбір мейманханалар, ұсақ кәсіпорындар туралы болып отыр.

Біздің жағдайда 10-20 пайызды жеке меншіктеу социализмге еш нұқсан келтірмейді.

Жерді жалға беруге болады, ал оны сату біздің заңдарымызда көзделмеген.

Жеке пәтерлерді жеке меншікке сату туралы.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев:

– Министрлер Кабинеті пәтерлерді сонда тұратындарға жеке меншікке сату мәселесін пысықтауда және сатып алуға болатындай баға қою керек.

Біз өз өмірімізде өз еңбегімізбен сол шаршы метрлерді иелену құқына жеттік деп ойлаймын.

Қазір пәтерге ақы төлеу, оны сату тәртібін ойластырудамыз. Әрқилы тәжірибелер бар.

Бірі – төрт адамнан тұратын әулетке 48 шаршы метр беріп, тағы он шаршы метрді олардың өсіп-өнуіне қалдырып, артығы үшін ақша төлесін десек. Немесе 1 тамызға дейін жеңілдікпен сатуды белгілеу керек, әрі қарай нарықтық баға қолданылсын.

Жалпы қазір Қазақстанда жеке үй салуды кеңінен өрістету қажет. Қалада бір үйде екі ұрпақ өкілдері тұрса да, оларға жеке үй салуға рұқсат бермейміз. Бұл дұрыс көзқарас емес.

Қаржысы болса, неге салмасын, қаржысы болмаса, соны жинауға неге құлшынбасын.

Салсын, Қазақстанның кеңдігі мүмкіндік береді бұған.

* * *

Бір жарым сағатқа жуық жүрген хабар көп жайдан хабардар етті.

Сонымен бірге Президенттің журналистерге берген бір тағылымы туралы айта кетейік.

"Кеңес өкіметі", "жергілікті Кеңес" деген тіркестер хабарда үнемі ұшырасып отырды. Президенттің өзі "Кеңеске" көшкенде, біз неге "Советтен" айырылмаймыз?

**НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВТЫҢ
ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
III ПЛЕНУМЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ***

Алматы, 9 ақпан 1991 жыл

Жолдастар!

Бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандырудан асқан маңызды міндет жоқ.

Жағдайға нақты баға бере отырып, еліміздің бірқатар аймақтарында қоғамдық-саяси жағдайдың ушығуынан экономикадағы дағдарысты құбылыстардың күшейе түскенін және осы келеңсіз процестің табиғи салдары ретінде еңбек және өндірістік тәртіптің құлдырағанын атап көрсетуге тура келеді.

Экономикалық өзара байланыстардың бұзылуы, шарттық міндеттемелердің ұдайы орындалмауы республиканың халық шаруашылық кешенін елеулі шығынға ұшыратты.

Өткен жылы бізде ұлттық табыстың, өнеркәсіп өндірісі көлемінің, қоғамдық еңбек өнімділігінің, алынған пайданың көптеген жылдар ішінде тұңғыш рет кемуіне жол берілді.

Күрделі қаржының көлемі, негізгі қорлардың, оның ішінде тұрғын үйлердің, жалпы білім беретін мектептердің, ауруханалардың іске қосылуы қысқарды. 1989 жылғымен салыстырғанда ет пен жұмыртқа аз өндіріліп, мал мен құс кем сатып алынды.

Қабылданып жатқан басқару шешімдерінің жартыкештігі, көрінеу дәйексіздігі де жағдайды ушықтырып отыр. Олар жағдайды жақсартудың орнына, халық шаруашылығындағы үйлесімсіздіктің одан әрі күшеюіне, нарық пен ақша айналысының теңдестірілмеуіне, жаппай жайлаған тапшылыққа апарып соқтыруда.

Мұның бәрін республиканың әрбір облысы, қаласы мен ауданы, әрбір тұрғыны қатты сезініп отыр.

Билік құрылымдары, әсіресе атқарушы өкімет қызметінің деңгейі осы кезге дейін төмен деңгейде қалып отырғаны да адамдардың назарынан тыс қалмайды.

* «Социалистік Қазақстан» газеті, 13 ақпан 1991 жыл.

Республикада да, жалпы елімізде де экономиканың теңдестірілмеуінің ең басты себебін мен нақ соның әлсіреуінен деп білемін.

Жергілікшілдік, жауапсыздық біздің өміріміздің сипатты құбылыстарына айналды.

Бәрі де тек өздеріне өнімді, тауарларды, материалдарды және басқаларды дер кезінде және толық көлемде берілуін ғана талап етеді. Ал олар өз өнімін өндіруге, өз өнімін беруді қатаң орындауға мүлдем қамқорлық жасайтын емес.

Турасын айтсам, бүгінгі таңда шаруашылық кешені аласапыран жағдайға душар болып отырған кезде өзінің қарекетсіздігін ақтау өте оңай.

Өзінің жақсы жұмыс істеуіне бөгет жасап отырған "объективті проблема-лар" дейтіннің толып жатқан дәлелдерін "тоғыту" кез келген басшыға түкке тұрмайды. Проблемалардың, оның үстіне аса өткір проблемалардың бар екеніне дау жоқ.

Бірақ билік берілген басшылардың міндеті осы проблемаларды жеңе білуінде емес пе?

Әйтпесе олардың тіпті қажеті не?

Бұл жөнінде жақсы мақал бар: "Тауығың болса, тамағың да болады!" Бізде проблемалар болмаса, бұл жайында әңгіме де қозғамас едік қой.

Барлық мәселе кейбір адамдардың өз күш-жігерін, өзінің қанағаттанғысыз қызметін ақтайтын себептерді іздестіруінде, ал басқа біреулердің қиындықтарды жою жолдарын тауып, табысқа қол жеткізуінде болып отыр. Жұмыстың осындай нағыз сындарлы стилін ұстайтын адамдар бүгінгі таңда бізге жетіспей жатыр.

Айтпақшы, республика Жоғарғы Советінің кешегі мәжілісінде осы жайында шымбайға бататын әңгіме қозғалды.

Біз жергілікті жерлерде атқарушы өкімет билігін батыл күшейтуіміз, сонымен бірге жергілікті коммунист басшылардың жауапкершілігін де арттыруымыз керек.

Осыған байланысты Жоғарғы Советтің алдағы сессиясының күн тәртібінде жергілікті өзін-өзі басқару туралы мәселе тұр. Егер біз осы салада тиісті тәртіпті жолға қоймасақ, онда өзіміздің азық-түлік рыногымызды да біржолата қожыратамыз, қазақстандықтардың тамақтануын нашарлатамыз.

Оның неге әкеліп соғатынын сіздер жақсы түсінесіздер.

Сондықтан республика Президентінің мемлекеттік тапсырысты әрбір шаруашылыққа жеткізу және азық-түлік беру жоспарын орындамайтындарға қатаң айып санкцияларын қолдану туралы арнаулы қаулысы әзірленді. Бүгінде көкейкесті қажеттілік болып табылатын бұл шараларды партия органдары қолдауға тиіс деп ойлаймын.

Сонымен қатар, бүкіл билікті халық депутаттарының Советтеріне беру процесінің қаншалықты қиыншылықпен өтіп жатқанын көрмеуге болмайды.

Бұл жағдайда барлық деңгейдегі партия комитеттерінің экономиканың көкейкесті проблемаларын шешуден шет қалуға ешқандай да хақысы жоқ.

Орталық Комитеттің, облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының басты назарында:

- халық шаруашылығы салаларының құрылымын жетілдіру;
- шикізаттық бағытты түпкі өнім шығаруға қайта бағдарлау есебінен сенімді экономикалық база жасауға байланысты мәселелер;
- еңбек өнімділігін түбегейлі арттыру мен өнім сапасын жақсарту;
- ғылыми-техникалық прогресті енгізу;
- шарттарды дер кезінде жасасу мен орындау болуға тиіс.

Әлбетте, біз мұны әміршілдік-әкімшілдік жүйеге қайтып оралу немесе партия комитеттерін өкімші-шаруашылық міндеттеріне "тартудың" кері процесінің басталуы деп түсінбеуге тиіспіз.

Әңгіме экономикалық қатынастарды кешенді тұрғыдан жаңартудың және оларды жергілікті нақты жағдайды негізге ала отырып жетілдірудің пәрменді жолдарын іздестіру жайында болып отыр.

Меншіктің сан алуан және тең праволы формаларын қалыптастыру, адамдардың тапқырлығы мен іскерлік белсенділігін дамыту үшін барлық жағдайларды жасап, түпкілікті нәтижелер үшін олардың жауапкершілігі мен материалдық мүдделілігін арттыру қажет.

Әрбір партия комитетінің, барлық коммунистер мен бүкіл активтің партияның экономикалық саясатын нақты жүзеге асырумен тікелей шұғылдануы керек, дағдарыстан шығудың бірден-бір дұрыс жолы – нарық қатынастарына адамдарды өзірлеу мақсатымен кең көлемді түсіндіру жұмысын жүргізуі керек. Мұның өзі СОКП XXVIII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVII съезінің шешімдерінен туындайтын біздің тікелей міндетіміз.

Сол шешімдерде нарық экономикасына көшу жөніндегі басты бағыттың айқын қолдау тапқаны, елімізде және республикада нарыққа көшудің бағдарламасы бекітілгені мәлім. Бұл бағыттағы алғашқы қадамдар қазірдің өзінде жасалды.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі түбегейлі экономикалық реформаға жол ашқан бірқатар аса маңызды заңдар қабылдады. Демек, коммунистердің, барлық еңбекшілердің белсенді қызмет етуі үшін негіз қаланған.

Түпқазық бар, соған сүйене отырып, өнімді жұмыс істеуге, адамның бойында өз тағдыры мен әл-ауқатының қожайыны сезімін тәрбиелеуге, экономикадағы монополизмге және біркелкілікке қарсы белсенді түрде күресуге болады.

Бастапқы жақсы жағдайлар жасалғанына қарамастан, біз бір орында бұрынғысынша неліктен тапжылмай тұрмыз?

Тұрғын үйлерді, ұсақ кәсіпорындарды жеке меншікке беру туралы айтпағанның өзінде, нағыз жалгерлік, кооперативтік, шаруа қозғалысы және басқалары неліктен тежеліп отыр?

Кейбір партия, шаруашылық басшыларын тыңдап көрсен, оларды тіпті "қайта құру бұлбұлдары" деп қаласың, реформаларды сөз жүзінде бәрі де

жақтап, оларға бірде-біреуі қарсы шығып отырған жоқ. Адамдар оларға сеніп жақсы өзгерістер болатынына үміттенеді. Іс жүзінде ешқандай нақты қадамдар жасамастан, сол сенім қашанғы сынала бермек!

Ұлтарақтай жерді, шаштаразды, дүкенді, кәсіпорынды жалға алғысы келген қатардағы еңбеккер толып жатқан бюрократтық сергелдеңнен және кемсітуден неліктен өтуге тиіс?

Егер партия органдары, коммунистер нарықты жақтап отырған болса, олардың нақты қолдауы қане?

Соңғы жылдары бізге көп нәрсені, әсіресе көлеңсіз оқиғалардың алдын алу тұрғысынан көп нәрсені үйретуге тиіс сияқты еді.

Партия нақ айқын шешімдерді қабылдауға байланысты жиі кешөуілдеп, қоғамды демократияландыру процестерінің соңынан еріп отырудың салдарынан адамдардың көз алдында көп нәрседен айырылды. Және біз тағы да артта қалып отырмыз, өз атымызға әділ сын айтылуы үшін тағы да өз қолымызбен негіз әзірлеп, атышулы "партиялық аппараттың" және "партократияның" ту сыртынан тағы бір зіл батпан тас лақтырудан кет әрі емес адамдардың қолына барлық мүмкіндіктерді беріп отырмыз. Дербестік пен іс-қимылдар бостандығын жақтаған облыстардың, қалалар мен аудандардың басшылары бүгінгі таңда нақ соның өзін еңбек коллективтеріне бергісі келмей отыр.

Совхоздар мен колхоздардың басшылары, естеріңізде болар, жоғары тұрған ведомстволардан бостандықты бәрінен де қатты талап еткен еді ғой.

Олардың айтқаны дұрыс болатын, өйткені село объективті түрде, онда қалыптасқан өндірістік қатынастардың сипатына байланысты нарық экономикасына жақсы бейімделген еді. Мұны дүниежүзілік практика да, атап айтқанда, Қытайдың, Вьетнамның мысалдары да көз жеткізе дәлелдеуде.

Бірақ таңғаларлық оғаш жайт мынада болып отыр: төрағалар мен директорлардың қолына еркіндік тізгіні тиген бойда-ақ, олар жалгерлердің, фермерлер мен кооператорлардың жолындағы берік тосқауылға айналды.

Кез келген адамнан сұрап көрсеңіз, мал шаруашылығында, егіншілікте шаруашылықты жүргізудің бұл формаларының тиімділігіне еш күмәнсіз келіседі. Бірақ, былайша айтқанда, өз дегенім болсын дейтіндер енді, міне, осы процестің одан әрі қалыпты дамуына мүмкіндік бермей отыр.

Қазір енді олардың көбі тың жағдайында, оның ұлан-байтақ алқабына байланысты фермерлік жұмыс тәсілінің болашағы жоқ дегенді дәлелдеуде.

Тіпті де олай емес!

Тыңда да 5-8 гектардан егістік жерді жалға ойдағыдай алуға болатынына ондаған мысалдар дәлелдеуде.

Қысқасы, партия және шаруашылық басшылары сөз жүзінде бір нәрсені қорғайтын, ал іс жүзінде мүлде қарама-қарсы нәрсені қорғайтын, экономиканы басқарудың ескі әдістерінен айырылмай отырғанын көрсететін көптен белгілі құбылыстарға қайта-қайта тап болып отырмыз.

Мұндай екіге жарылушылықтан арылатын кез жетті. Және де, ең алдымен, партия ұйымдастырушылары уақыт талабынан қалғысы келмесе, осылай етуге тиіс.

Мені дұрыс түсінулеріңізді өтінемін: біз жұмыс онсыз да жеткілікті дәрежеде тиімді жүргізіліп жатқан, коллективтері көп пайда алып отырған кәсіпорындар мен шаруашылықтарда шаруашылықты жүргізудің жаңа үрдістерін күштеп енгізуді жақтаушылар емеспіз. Бірақ банкротқа алдымен ұшырайтын дотациялы, рентабельділігі төмен шаруашылықтар бізде толып жатыр ғой.

Олар жайында ойлану керек!

Ал бүгінгі таңда нарық жағдайында жападан-жалғыз өз қотырын өзі қаситын еңбеккерлердің болашағына партия қалай қамқорлық жасап отыр?

Міне, жолдастар, әңгіме не жайында болып отыр.

Біз үшін ең бастысы – экономикаға деген атүсті көзқарас емес, адамдардың болашағы.

Кейбір өресіз басшылардың нарыққа қарсы көңіл-күйінің себептері олардың тек қарапайым еңбеккерлердің мүдделерімен ғана тыныстамауында емес, оларға жүргізетін өз билігін кез келген тәсілмен сақтап қалуға тырысып отырғанында екеніне кәміл сенемін. Кейбіреулер "пәлсапалық жасауға", өз айқындамасын қорғау үшін уәждеме келтіруге, біз шынымен-ақ нашар тұрамыз ба, шынымен-ақ қайырымдылықтан қайырымдылық іздей ме екен деуге әлі де тырысуда!

Бұл – адам тұрмысының дәрежесі туралы дәстүрлі, дүниежүзілік өлшем бойынша тым төмен түсініктерге негізделген шірік пайымдаулар.

Біздің идеологиямыз ең ізгілікті және озық идеология, біздің өмір салтымыз ең жақсы салт деп ондаған жылдар бойы адамдардың миына құйып келдік. Және де сонымен бірге еңбекшілердің өздерінің жеке тұрмысын, қазір айтылып жүргеніндей, "қыр астында" орнатылған тұрмыспен салыстыру мүмкіндігіне жол бермедік. Адамдар онда не болып жатқанын білген жоқ және біздің сөзімізге сенді.

Нарық экономикасының нәтижелерін сол жылдарда-ақ өз көзімен көрген болса, олардың не айтатынын елестетіп көріңіздерші!

Жалаң насихаттың бұрынғы әдістері ендігі жерде жарамайтынын олар енді жұқалап болса да біледі.

Сондықтан, егер өз атымызға біржолата кір келтіруді қаламайтын болсақ, мүк басқан оқоптардан батыл түрде шығуымыз керек. Бірақ нарық қатынастарына ескі дәлелдермен шабуылдау үшін емес, қайта, керісінше, оларды қорғау үшін шығаруымыз керек. Совет халқының мүлдем басым көпшілігінің ең көкейкесті ой-мақсаттары мен арман-тілектерін қорғау үшін шығуымыз керек.

Мемлекеттік және шаруашылық органдарында жұмыс істейтін коммунистерден халықтың табысы ең аз топтарын, нарық экономикасы жағдайында оның ауыртпалықтарының қыспағында қалатындарды әлеуметтік жағынан қорғау шараларын барынша тез әзірлеуді талап ету қажет.

Қазақстанның экономикалық тұйықтан өз бетінше шыға алмайтынын айқын түсіну керек. Біз одақтас республикалармен, шетелдік фирмалармен жолға қойып жатқан көлбеу байланыстарды күшейту керек. Бірақ бұл жерде де дәл есеп қажет.

Партия комитеттерінің міндеті – бір сәттік пайда табуды ұнататындарға бекем қарсы тұру, тұрақты және ұзақ мерзімді экономикалық байланыстардың қалыптасуына жәрдемдесу.

Ағымдағы кезең СОКП қатарын ұйымдық-саяси жағынан нығайтуды қажет етеді.

Қазақстан Компартиясы Жарғысының, СОКП-ның бірқатар нормативтік-методикалық құжаттарының бекітілуімен партия ұйымдарында республикадағы істің жайына олардың ықпалын күшейту үшін жақсы жағдайлар жасалған.

Алайда саяси және әлеуметтік тұрақсыздықтың күрделі жағдайында, сарыуайымның, кейбір бұқаралық хабарлама құралдары жомарттық жасап отырған болашақ жөніндегі көңілсіз болжамдардың үнемі үдетілуінің ықпалымен жекелеген коммунистер абыржып және турасын айтайын, сақтықта қорлық жоқ дегендей, партиядан шыққанын, "демократтар" шекпенін кигенін, алайда сонымен бірге іс-қимылдың реакцияшыл формаларын қолданудан тайынбай отырғанын мойындамауға болмайды. Ал шынайы коммунистер саяси бұлталақтың мұндай тактикасын ашық қабылдамайды. Олар өз ар-ожданын аяқасты ету ешқашан және ешкімді жақсылыққа жеткізбегенін айқын түсіне отырып, моральдық және саяси азғындауды ашықтан-ашық айыптауда.

Біз саяси өзін-өзі билеудің бүгінде болып жатқан процестеріне жайбарақат және селқос қарай алмаймыз. Олардың бәрі бірдей дұрыс болып отырған жоқ. Партиясыз, коммунистердің сол процестерге бөлсенді түрде қатысуынсыз Одақтың бүліну қаупінің өлшеусіз арта түсетіні айқын. Бұл жөнінде ешқандай елес пен қарабайырлық болмауға тиіс.

СОКП Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен Пленумының Саяси мәлімдемесінде саяси аренада социалистік таңдауды жақтаушыларды биліктен шеттетуге, болып жатқан өзгерістерге социализмге жат, халыққа жат сипат беруге тырысушы күштер пайда болып, іс-әрекет жасап жатқаны ашық айтылған.

Қазақстан Компартиясы XVII съезде өзінің саяси бағытын белгілеп, ол республика тұрғындарының кең көлемді қолдауын тапты.

Сондықтан бүгін Орталық Комитеттің Пленумы елде шиеленісіп келе жатқан жағдайды ескере отырып, егемендік туралы қабылданған Декларация негізінде Одақты жаңарту идеясына біздің берік адалдығымызды тағы да мәлімдеуге, коммунистерді біздің одақтық мемлекетіміздің ыдырауына жол бермеуге бағытталған батыл іс-қимылдарға шақыруға праволы.

Өздеріңіз білесіздер, СОКП Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен Пленумы өзінің Саяси мәлімдемесінде одақтас республикалардың егемендігін орнықтыру процесін қолдады. Оны біздің

мемлекетімізді шынайы дербес республикалар мен халықтардың одағы етіп өзгертудің шарты деп санайды.

Иә, басқаша бола алмайды да!

Өйткені, партия жалпыодақтық қоғамдық бірлестік болып табылады, ал оның ұйымдары ССРО-ның бүкіл территориясында өмір сүріп отыр. Оның үстіне, олардың бәрі бірыңғай іргелі бағдарламалық және жарғылық принциптер негізінде жұмыс істеуде.

Осынау идеялық қуатты потенциал конституциялық құрылысқа дұшпандықпен қарайтындарға, социалистік таңдау мен ССРО халықтары достығының мүмкіндіктерін жіті бағаламайтындарға қарсы пәрменді түрде пайдаланылуға тиіс.

Біздің Одақтың болашағы туралы референдумға әзірлік кезеңінде коммунистер ССР Одағының болу-болмауы нақ өзінің айқындамасына байланысты екені туралы пікірді республиканың әрбір тұрғынына жеткізу үшін өзіне байланысты нәрсенің бәрін істеуге міндетті. Осы кезеңдегі бүкілпартиялық-саяси жұмыс Қазақстан халқының өз ықтиярын еркін білдірудің қалыптасуына, шын демократизмнің орнығуына және тең праволы егеменді республикалардың жаңарған федерациясы ретіндегі Одақты нығайтуға бағытталуға тиіс. Әрбір коммунистің аса мәртебелі патриоттық борышы осында.

Мен бүгінгі пленумда Қазақстан территориясында өткізілетін референдум туралы арнайы қаулы қабылдаған дұрыс болар еді деп ойлаймын.

Республиканың партия комитеттері "қоршауға алынған қамал" дүрбелеңінен, қоғамда ішкі қожырауды туғызып отырған күштердің қыспағынан туындап отырған белгілі бір абыржу мен қожыраудан тезірек арылуы керек.

Партияны сатып кеткен адамдар бағыттап отырған коммунизмге және партияға қарсы қызметтің күшейтілген тасқыны шын коммунистердің рухын жасыта алмайды. Олар осы шүйлігудің қайнар көздерін де, олардың шын мақсатын да танып-білуді үйренуге тиіс.

Жаңа демократтардың плюрализм ұранымен тек өз бағытын ғана, мәселелерді өздерінің қоюын ғана танытуға деген ұмтылысын бүркемелеп жүргенін түсіну керек.

Ал мұның өзі саясаттағы бұрынғы монополизмге қайтып оралудан, кез келген бөгде пікірді басып-жаныштаудан басқа ештеңе емес. Біз идеялардың өркениетті, демократияланған жарысын, оның үстіне тек сөз жүзінде ғана емес, сонымен бірге нақты іс-қимылдар бағдарламасы деңгейіндегі жарысын жақтаймыз.

Орталық Комитет коммунистердің тікелей міндеті – партияның беделіне қол сұғып отырған, қиындықтарды пайдаланып, саяси бедел жинауға тырысып отырған, партия комитеттері мен ұйымдарының ынтымақты практикалық жұмысын тежеп отырған демагогтар мен мылжындарға дереу және батыл тойтарыс беру деп есептейді. Ал егер коммунистерге партияның

алдында міндет жүктелетін болса, онда олардың өздерінің қоғамдық-саяси қызметін кемсітушіліктен, күйе жағудан, әділетсіз айыптаудан және қуғындаудан партия ұйымдары тарапынан қорғаудан бастап, СОКП мүшелерінің заңды праволары мен мүдделерін заң жүзінде, сот арқылы қорғауға дейін правосы да болуға тиіс.

Шешіліп қойған мәселелер бойынша, шексіз, титықтататын және жеміссіз пікірсайысқа уақытты зая жібермей, коммунистердің толғағы жеткен проблемаларды озық тәртіппен көтеріп, шешу қабілетін қайта түлету керек және әлеуметтік қорғау, азаматтардың праволары мен бостандықтары, шын интернационализмнің, Советтік Қазақстан халықтарының ұлттық өзіндік ерекшеліктерін өзара құрметтеудің жақсы дәстүрлері жолындағы күрестегі басымдықты ешкімге бермеу керек.

Республика Компартиясы өзінің осынау принципті айқындамасымен сөзсіз күшті болып келді және азаматтық татулық пен жалпыұлттық келісімді қамтамасыз етуді алдағы уақытта да өзінің ең бірінші міндеті деп есептеуге міндетті.

Сындарлы тұрғыда іс-қимыл жасап жүрген күштерге сүйене отырып, қоғамдық ұйымдармен және қозғалыстармен ынтымақтастықты кеңейтіп, тереңдету, кәсіподақтармен, комсомолмен, жұмысшылар, әйелдер, ардагерлер қозғалыстарының өкілдерімен қатынасты уақыт рухына сай құру керек. Қазіргі жағдайда парламенттік қызмет, коммунистердің Кеңестердегі және олардың атқарушы органдарындағы жұмысы Компартияның аса маңызды саяси міндеттерінің біріне айналып келеді. Оны саяси күштердің нақты орналасуына орай, қоғамдық мүдделер мен нақты әлеуметтік-экономикалық міндеттердің сан алуандығын ескере отырып қарау керек.

Бүгінде барлық деңгейдегі Кеңестерде депутаттардың көпшілігі – коммунистер. Көптеген Кеңестерде фракциялар, дербес бастауыш партия ұйымдары құрылған. Кеңестер, тұрақты комиссиялар төрағаларының көпшілігі де – СОКП мүшелері.

Олай болса мынадай сұрақ туады: Олардың парламенттік мінберді инициативалы түрде пайдалануына, партияның бағытын бұлжытпай жүргізуіне кім бөгет болып отыр?

Әрине, бізде парламентаризм тәжірибесі әлі де болса жоқ, бірақ партия органдарын ұйымдық-функциялық жағынан қайта құру барысында жұмыстың парламенттік әдістерін тезірек игеру, Кеңестердегі партия қызметінің практикасын қорыту солғұрлым маңызды.

Біздің қызметімізде бастауыш партия ұйымдарының проблемаларын шешу басты орын алуға тиіс. Турасын айтайық, соңғы жылдарда біз сынмен, "өзімізді жегідей жеумен" тым әуестеніп кетіп, партиялық жұмыстың озық тәжірибесі бар екенін, оның күннен-күнге жинақталып жатқанын мүлдем ескермейтін болдық. Коммунистердің экономикалық, әлеуметтік, саяси

мәселелерді шешудегі, коллективтерде тұрақты моральдық-психологиялық ахуал орнатудағы табанды да дәйекті күш-жігерлері әрқашан да өз жемісін беріп, партия беделінің артуына қызмет етіп келеді.

Әлбетте, бастауыш партия ұйымдары өзінің әлеуметтік елеулі істерімен, өмірлік маңызы бар проблемаларды шешу жөніндегі жаңа көзқарастарымен, коллективтегі жағдайға, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді жүзеге асыруға, кадрларды орналастыруға, партиялық жолдастық, қолдау мен өзара көмек рухын қалпына келтіруге саяси әдістермен ықпал ету шеберлігімен өзін неғұрлым нақты көрсетуі тиіс.

Коммунистерді орналастыруда, партияға қабылдау практикасын жетілдіруде оң өзгерістер болғанын дәлелдейтін мысалдар бізде жеткілікті. Ондай мысалдар Гурьев, Жамбыл, Қызылорда, Талдықорған және Шымкент облыстық партия ұйымдарында бар.

Солардың үлгісі бойынша біздің бәріміздің партияға өз мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыруға әзір жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның, халықтың басқа да әлеуметтік категориялары өкілдерінің, қайта құруды белсенді жақтаушылардың қабылдануына қамқорлық жасауымыз керек. Және оны партияға қабылдауға байланысты істің жайы партия ұйымдарының пәрменді жұмысы мен беделінің негізгі белгілерінің бірі болатындай етіп істеу керек.

Қазір партияға қабылдау мәселелерінде, сондай-ақ партиядан шығу мәселелерінде жеке жұмыс формалары мен әдістерін қайта қарауымыз қажет.

Ол қатаң түрде сараланған сипатта болуға, терең ойластырылған және байсалды болуға тиіс. Ол жөнінде жеңіл-желпі көзқарас болмауға тиіс. Біздің ойымызша, коммунистермен алдын-ала әңгімелесу практикасын қалпына келтіру артық болмас еді. Бұл ішкі партиялық тәртіпті нығайтуда баға жетпес көмек көрсетері айқын. СОКП ардагерлері де өздеріне назар аударуды талап етіп отыр. Олардың партия ұйымының өміріндегі рөлі баға жеткісіз.

Ақыр соңында, бастауыш партия ұйымы хатшысының жеке тұлғасы туралы мәселе ішкі партиялық өмір үшін бұрынғысынша көкейкесті және өте елеулі күйінде қалып отыр. Бүгінгі таңда бұл адамдар, партиялық жетекшілер аса қиын жағдайда қалып отыр, көбінесе көбейе түскен проблемалармен жападан-жалғыз қалуда.

СОКП Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының жуырдағы бірлескен Пленумында қабылданған құжаттардың арасында хатшының статусы туралы ереже бар.

Мұндай статус, өздеріңіз білесіздер, Қазақстан Компартиясында қазірдің өзінде бар. Әрине, біздің съезімізден кейін бастауыш партия ұйымдары өзіне деген ықыластың күшейтілгенін сезді. Бірақ бұл аз. Жағдай жігерлі іс-қимылдарды талап етіп отыр. Мұнда көп нәрсе партия комитеттеріне де байланысты.

Сондықтан, осы пленумға қатысушылардың бәрі бастауыш партия ұйымдарында жиі болуы, олардың хатшыларына практикалық көмек көрсетуі қажет. Ішкі партиялық-жұмыстың мазмұнына мұқият талдау жасау, партия жиналыстарында абырой, ар-ождан, борыш, партиялық жолдастық туралы әңгімелесу, коллективтерде бар ізгі дәстүрлерді барынша пайдалану керек.

Сөзімді аяқтай келе, адамдардың бізден белсенді іс-қимылдарды күтіп отырғанын тағы да атап көрсетуді қажет деп есептеймін.

Дағдарыстың барынша тереңдігіне және өткірлігіне, кейде болып жатқан оқиғалардың шиеленісті сипатына қарамастан, еліміздегі жағдай, оның үстіне біздің республикадағы жағдай үмітсіз емес.

Біз партия ұйымдарының жұмылдырушы қуатын қайта түлетуіміз, қазір сөз бен істің арасындағы алшақтыққа, басталған істі нақты аяқтау талап етіліп отырған кезде орта жолда тоқтап қалуға қаншалықты жол беруге болмай-тынын түсінуіміз қажет. Келеңсіз фактілердің төңірегінде шексіз "өкінуден"—оларды батыл жоюға көшетін кез жетті.

Қазіргі жағдайда тек ұйымдасқан және идеялық жағынан топтасып, жаңарған Коммунистік партия демократиялану жолына түсе және өз жұмысында адамға қарай бет бұра отырып, халықтың көз алдында өзінің беделін сақтай алады.

Оның қолында сенім атты қуатты қаруы бар.

Тек оны толық тиімділікпен пайдалана білу керек.

ВЫСТУПЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСКОЙ ССР Н.А. НАЗАРБАЕВА НА III ПЛЕНУМЕ ЦК КОМПАРТИИ КАЗАХСТАНА*

Алма-Ата, 9 февраля 1991 года

Товарищи!

Сегодня нет более важной задачи, чем стабилизация социально-экономической обстановки.

Реально оценивая ситуацию, приходится констатировать, что кризисные явления в экономике усиливаются из-за обострения общественно-политической обстановки в ряде регионов страны и естественного следствия этого негативного процесса падения трудовой и производственной дисциплины.

Нарушение экономических взаимосвязей, хронические срывы договорных обязательств привели народнохозяйственный комплекс республики к серьезным потерям.

В прошлом году у нас впервые за многие годы допущено снижение национального дохода, объема промышленного производства, производительности общественного труда, полученной прибыли.

Сократились объемы капитальных вложений, ввод в действие основных фондов, в том числе жилых домов, общеобразовательных школ, больниц.

Меньше, чем в 1989 году, произведено мяса и яиц, сократились закупки скота и птицы.

Положение усугубляется еще и половинчатостью, явной непоследовательностью принимаемых управленческих решений, которые вместо улучшения ситуации ведут к дальнейшему росту диспропорций в народном хозяйстве, разбалансированности рынка и денежного обращения, всеохватному дефициту.

Все это остро чувствуют каждая область, город и район, каждый житель республики.

Не проходит мимо внимания людей и тот факт, что до сих пор остается низким уровень деятельности властных структур, особенно исполнительной власти. Именно в ее ослаблении я вижу главную причину разбалансированности экономики как в республике, так и в целом – по стране.

* Газета «Казахстанская правда», 13 февраля 1991 года.

Местничество, безответственность стали характерными явлениями нашей жизни. Все только требуют, чтобы им вовремя и в полном объеме поставляли продукты, товары, материалы и т. д., совершенно не заботясь о производстве собственной продукции, о строгом выполнении собственных поставок.

Я скажу прямо: сегодня, когда хозяйственный комплекс находится в хаотическом состоянии, очень легко найти оправдание собственной бездеятельности. Любому руководителю ничего не стоит "выкатить" целый ворох так называемых "объективных проблем", которые, дескать, мешают ему хорошо работать.

Не спору, проблемы есть, причем острейшие.

Но ведь в том и состоит предназначение руководителей, облеченных властью, чтобы уметь их преодолевать.

Иначе зачем они вообще нужны?

Есть на этот счет хорошая пословица: "Была бы курочка, суп сварит и дурочка"!

Не было бы у нас проблем, мы бы и не вели этот разговор.

Весь вопрос в том, что одни люди направляют свои усилия на поиск причин, оправдывающих их неудовлетворительную деятельность, а другие ищут пути устранения трудностей и добиваются успеха. Именно приверженцев второго, по-настоящему конструктивного стиля работы нам сегодня не хватает.

Об этом, кстати, шел нелicenseприятный разговор на очередном заседании Совета Республики.

Нам надо резко усилить исполнительную власть на местах, одновременно повышая и ответственность местных руководителей – коммунистов.

В этой связи на повестке дня предстоящей сессии Верховного Совета стоит вопрос о местном самоуправлении.

Если мы не наведем должный порядок в этой сфере, то окончательно развалим и наш продовольственный рынок, ухудшим питание казахстанцев. Чем это грозит, вы хорошо понимаете.

Поэтому подготовлено специальное Постановление Президента республики о доведении госзаказа до каждого хозяйства и установлении жестких штрафных санкций к тем, кто срывает продовольственные поставки.

Думаю, эти меры, являющиеся сегодня насущной необходимостью, партийные органы должны поддержать.

Кроме того, нельзя не видеть, насколько сложно идет процесс передачи всей полноты власти Советам народных депутатов.

В этой обстановке партийные комитеты всех уровней не имеют ни малейшего права уклоняться от решения насущных проблем экономики.

В центре внимания Центрального Комитета, обкомов, горкомов и райкомов партии, первичных партийных организаций должны находиться вопросы, связанные:

- с созданием надежной экономической базы за счет совершенствования структуры отраслей народного хозяйства;
- переориентации сырьевой направленности на выпуск конечного продукта;
- кардинальное повышение производительности труда и качества продукции;
- внедрение научно-технического прогресса;
- своевременное заключение и выполнение договоров.

Разумеется, мы не должны понимать это как возврат к командно-административной системе или начало обратного процесса "втягивания" партийных комитетов в распорядительно-хозяйственные функции.

Речь идет о поиске эффективных путей комплексного обновления экономических отношений и их совершенствования, исходя из конкретной местной обстановки.

Необходимо создать все условия для формирования многообразных и равноправных форм собственности, развития предприимчивости и деловой активности людей, повышая их ответственность и материальную заинтересованность за конечные результаты.

Каждому партийному комитету, всем коммунистам и активу надо вплотную заняться практической реализацией экономической политики партии, вести широкую разъяснительную работу с целью подготовки людей к рыночным отношениям – единственно верному выходу из кризиса. Это прямая наша обязанность, вытекающая из решений XXVIII съезда КПСС и XVII съезда Компартии Казахстана, в которых, как известно, однозначно высказана поддержка генерального курса на рыночную экономику, утверждена программа перехода к рынку в стране и республике.

Первые шаги в этом направлении уже сделаны. Верховный Совет Казахской ССР принял ряд важнейших законов, открывших путь радикальной экономической реформе.

Следовательно, основа для активной деятельности коммунистов, всех трудящихся заложена. Есть отправная точка, опираясь на которую, можно продуктивно работать, воспитывая в человеке чувство хозяина своей судьбы и благополучия, активно бороться с монополизмом и единообразием в экономике.

Так почему же, несмотря на создание хороших стартовых условий, мы продолжаем топтаться на месте?

Почему тормозится настоящая аренда, кооперативное, крестьянское движение, не говоря уже о приватизации жилья, мелких предприятий и т.д.?

Послушаешь иных партийных, хозяйственных лидеров – ну, просто "соловьи перестройки", все на словах "за", ни один не высказывается против реформ. И люди им верят, надеются на благие перемены.

Так сколько можно испытывать эту веру, не предпринимая на деле никаких конкретных шагов?!

Почему через многочисленные бюрократические мытарства и унижения должен проходить рядовой труженик, пожелавший взять в аренду кусок земли, парикмахерскую, магазин, предприятие?

Где конкретная поддержка партийных органов, коммунистов, если они выступают за рынок?

Кажется, последние годы многому должны были нас научить, особенно в плане опережения негативных событий. Партия многое потеряла в глазах людей именно из-за того, что часто опаздывала с принятием очевидных решений, плелась в хвосте процессов демократизации общества.

И снова мы отстаем, снова собственными руками готовим почву для справедливой критики в свой адрес, даем все козыри в руки тех, кто не прочь бросить еще один увесистый камень в огород пресловутого "партаппарата" и "партократии". Руководители областей, городов и районов, ратовавшие за самостоятельность и свободу действий, сегодня не желают предоставить то же самое трудовым коллективам.

А громче всех, если помните, требовали свободы от вышестоящих ведомств руководители совхозов и колхозов. Они были правы, поскольку село объективно, в силу характера сложившихся там производственных отношений, лучше приспособлено к рыночной экономике. Это убедительно доказывает и мировая практика, в частности, примеры Китая, Вьетнама.

Но удивительная метаморфоза: как только руки у председателей и директоров оказались развязанными, они стали прочным заслоном на пути арендаторов, фермеров и кооператоров. Спроси любого – каждый согласится, что эффективность этих форм хозяйствования в животноводстве, земледелии не вызывает сомнений. Но, как говорится, своя рубашка ближе к телу, вот и не дают нормально развиваться процессу дальше. Многие теперь уже доказывают, что, дескать, в условиях целины, с ее огромными площадями, фермерство бесперспективно.

Да ничего подобного!

Десятки примеров свидетельствуют, что и на целине с успехом можно брать в аренду по 5-8 гектаров пашни.

Словом, мы опять и опять сталкиваемся с давно известным явлением, когда на словах партийные и хозяйственные руководители отстаивают одно, на деле же – совсем противоположное, демонстрируя приверженность старым методам управления экономикой.

Пора кончать с такой раздвоенностью. И, прежде всего – парторгам, если они хотят идти в ногу со временем.

Прошу понять меня правильно: мы не сторонники принудительного внедрения новых методов хозяйствования на тех предприятиях и хозяйствах, где работа идет и без того достаточно эффективно, где коллективы получают высокую прибыль. Но ведь у нас масса дотационных, низкорентабельных хозяйств – верных кандидатов в банкроты. О них-то думать надо!

А как сегодня заботится партия о будущем тружеников, которые в условиях рынка останутся один на один со своими бедами?

Вот ведь, товарищи, о чем идет речь.

Главное для нас – будущее людей, а не механистические подходы к экономике.

Глубоко уверен, что причины антирыночных настроений отдельных недалёковидных руководителей в том, что они живут не интересами простых тружеников, а тем, чтобы любыми способами удержать свою власть над ними. Некоторые еще и пытаются "философствовать", приводить аргументы в защиту своей позиции, дескать, разве плохо мы живем; разве от добра добро ищут!

Это гнилые рассуждения, основанные на традиционных, крайне низких по мировым стандартам представлениях об уровне человеческой жизни.

Мы десятилетиями вдалбливали в головы людей, что наша идеология самая гуманная и передовая, что наш образ жизни самый лучший. И в то же время отказывали трудящимся в возможности сравнить их собственное бытие с тем, которое построено, как принято сейчас говорить, "за бугром".

Люди не знали, что там творится, и верили нам на слово. А представьте себе, что бы они сказали, если бы уже в те годы собственными глазами увидели результаты рыночной экономики! Теперь они это, пусть еще не в полной мере, но знают, так что прежние методы голословной пропаганды уже не пройдут.

Поэтому, если мы не хотим окончательно себя дискредитировать, надо решительно выходить из замшелых окопов. Но не для того, чтобы со старыми аргументами наперевес идти в атаку на рыночные отношения, а, наоборот, в защиту их. В защиту самых насущных устремлений и чаяний абсолютного большинства советского народа.

Необходимо потребовать от коммунистов, работающих в государственных и хозяйственных органах, быстрее разработки мер социальной защиты наименее обеспеченных слоев населения, всех тех, кто в условиях рыночной экономики окажется под жестким прессингом объективных рыночных обстоятельств.

Надо твердо себе уяснить, что Казахстан самостоятельно не выберется из экономического тупика.

Предстоит усиливать те горизонтальные связи, которые мы налаживаем с союзными республиками, с инофирмами. Но и здесь нужен точный расчет.

Задача партийных комитетов состоит в том, чтобы твердо противостоять любителям сиюминутной выгоды, содействовать выработке устойчивых и долговременных экономических связей.

Текущий момент требует организационно-политического укрепления рядов КПСС.

С утверждением Устава Компартии Казахстана, ряда нормативно-методических документов КПСС в партийных организациях созданы хорошие условия для усиления их влияния на положение дел в республике.

Однако нельзя не признать, что в сложных условиях политической и социальной нестабильности, под воздействием постоянного нагнетания пессимизма, мрачных прогнозов на будущее, на которые не скупятся некоторые средства массовой информации, отдельные коммунисты, растерялись и тихо, прямо скажем, на всякий случай, вышли из партии; стали рядиться в "демократические" одежды, не брезгуя, однако, при этом реакционными формами действий.

Подлинные же коммунисты однозначно не приемлют подобную тактику политического лавирования. Они открыто осуждают моральное и политическое ренегатство, отчетливо понимая, что сделки с собственной совестью никогда и никого до хорошего не доводили.

Мы не можем спокойно и отстраненно взирать на идущие сегодня процессы политического самоопределения. Далеко не все из них несут в себе здоровое начало. И очевидно, что без партии, без активного участия коммунистов в этих процессах опасность разрушения Союза неизмеримо возрастает. Никаких иллюзий и упрощений на этот счет быть не может.

В политическом заявлении объединенного Пленума Центрального Комитета и Центральной контрольной комиссии КПСС сказано прямо, что на политической арене выявились и действуют силы, стремящиеся устранить от власти сторонников социалистического выбора, придать идущим преобразованиям антисоциалистический, антинародный характер.

Компартия Казахстана на XVII съезде определила свой политический курс, получивший широкую поддержку жителей республики.

И сегодня Пленум ЦК с учетом обостряющейся ситуации в стране вправе вновь заявить о нашей твердой приверженности идее обновления Союза на основе принятых деклараций о суверенитете, призвать коммунистов к решительным действиям, направленным на предотвращение развала нашего союзного государства.

Как вы знаете, в своем политическом заявлении объединенный Пленум ЦК и ЦК КПСС поддержал процесс утверждения суверенитета союзных республик, видит в нем условие для преобразования нашего государства в союз подлинно самостоятельных республик и народов. Да иначе и не может быть, поскольку партия является общесоюзным общественным объединением, а ее организации существуют на всей территории СССР.

Более того, все они действуют на базе единых основополагающих программных и уставных принципов.

Этот могучий идейный потенциал должен быть эффективно использован против тех, кто враждебно относится к конституционному строю, недооценивает возможности социалистического выбора и дружбы народов СССР.

В период подготовки к референдуму о будущем нашего Союза коммунисты просто обязаны сделать все от них зависящее, чтобы донести до каждого жителя республики мысль о том, что именно от его позиции зависит — быть или не быть Союзу ССР.

Вся партийно-политическая работа в этот период должна быть направлена на формирование свободного волеизъявления народов Казахстана, на утверждение подлинного демократизма и укрепление Союза как обновленной федерации равноправных суверенных республик. В этом заключается высочайший патриотический долг каждого коммуниста.

Я думаю, было бы правильным на сегодняшнем пленуме принять специальное постановление о референдуме, проводимом на территории Казахстана.

Партийным комитетам республики надо быстрее преодолевать синдром "осажденной крепости", определенную растерянность и деморализацию под натиском сил, вносящих внутренний разлад в общество. Раздуваемый поток антикоммунизма и антипартийной деятельности, нередко направляемый людьми, предавшими партию, не может сломить дух истинных коммунистов.

Они должны научиться распознавать как истоки этих нападков, так и истинные их цели. Надо понять, что новые демократы под лозунгами плюрализма скрывают стремление к тому, чтобы признавалась лишь их линия, только их постановка вопроса. А это не что иное, как возврат к бывшему монополизму в политике, подавление любого инакомыслия.

Мы за цивилизованное, демократическое соревнование идей, причем не только на словах, но и на уровне конкретных программ действий.

ЦК считает, что прямая обязанность коммунистов — давать немедленный и решительный отпор демагогам и болтунам, посягающим на авторитет партии, стремящимся нажать политический капитал на трудностях, парализующих дружную практическую работу партийных комитетов и организаций. А если у коммунистов есть перед партией обязанности, то они должны обладать и правом на защиту со стороны партийных организаций своей общественно-политической деятельностью от дискриминации, шельмования, несправедливых обвинений и преследований вплоть до юридической, судебной защиты законных прав и интересов членов КПСС.

Не теряя времени на бесконечные, изнурительные и непродуктивные дискуссии по уже решенным вопросам, надо возрождать способность коммунистов поднимать и решать назревшие проблемы в опережающем режиме и никому не уступать приоритет в борьбе за социальную защиту,

права и свободы граждан, лучшие традиции подлинного интернационализма, взаимного уважения национальной самобытности народов Советского Казахстана.

Компартия республики неизменно была сильна этой своей принципиальной позицией и впредь обязана считать своей наипервейшей задачей обеспечение гражданского мира и общенационального согласия.

Опираясь на действующие в конструктивном плане силы, нужно развивать и углублять сотрудничество с общественными организациями и движениями, в духе времени строить отношения с профсоюзами, комсомолом, представителями рабочего, женского, ветеранского движений.

В нынешних условиях одной из важнейших политических функций Компартии становится парламентская деятельность, работа коммунистов в Советах и их исполнительных органах. Ее следует рассматривать в контексте реальной расстановки политических сил, с учетом многообразия общественных интересов и конкретных социально-экономических задач.

Сегодня в Советах всех уровней большинство депутатов – коммунисты.

Во многих Советах созданы фракции, самостоятельные первичные партийные организации. Большинство председателей Советов, постоянных комиссий тоже являются членами КПСС.

Встает вопрос – что и кто им мешает инициативно использовать парламентскую трибуну, неукоснительно проводить линию партии?

Конечно, у нас еще нет опыта парламентаризма, но тем важнее в ходе организационно-функциональной перестройки партийных органов быстрее осваивать парламентские методы работы, обобщать практику деятельности партии в Советах.

Центральное место в нашей деятельности должно занять решение проблем первичных партийных организаций. Прямо скажем, в последние годы мы слишком увлеклись критикой, "самоедством" и совсем не замечаем, что есть передовой опыт партийной работы, который с каждым днем накапливается. Ведь настойчивые и последовательные усилия коммунистов в решении экономических, социальных, политических вопросов, создании в коллективах устойчивого морально-психологического климата всегда приносят свои плоды, служат повышению авторитета партии.

Разумеется, первичные парторганизации должны еще более конкретно заявить о себе социально значимыми делами, новыми подходами к разрешению жизненно важных проблем, умением политическими методами повлиять на обстановку в коллективе, на реализацию социально-экономических вопросов, расстановку кадров, возрождением духа партийного товарищества, поддержки и взаимопомощи.

У нас имеется достаточно примеров, свидетельствующих, что в расстановке коммунистов, совершенствовании практики приема в партию

наметились позитивные сдвиги. Они есть в Гурьевской, Джамбулской, Кызыл-Ординской, Талды-Курганской и Чимкентской областных партийных организациях.

По их примеру нам всем следует проявить заботу о привлечении в партию рабочих, крестьян, интеллигенции, представителей других социальных категорий населения, активных сторонников перестройки, готовых подчинить свои личные интересы общественным. И сделать это так, чтобы положение дел с приемом в партию стало одним из основных признаков эффективной работы и авторитета партийных организаций.

Сейчас необходимо пересмотреть формы и методы индивидуальной работы как в вопросах приема в партию, так и выбытия из ее рядов. Она должна носить строго дифференцированный характер, быть глубоко продуманной и серьезной. К ней не должно быть упрощенческого подхода.

На наш взгляд, не мешало бы возродить практику предварительных собеседований. Это окажет неоценимую помощь в укреплении внутривнутрипартийной дисциплины.

Требуют к себе внимания и ветераны КПСС. Их роль в жизни парторганизации трудно переоценить.

Наконец, остается по-прежнему актуальным и очень значимым для внутривнутрипартийной жизни вопрос о личности секретаря первичной партийной организации. Сегодня эти люди, партийные вожаки находятся в сложнейших условиях, нередко остаются один на один с нарастающими проблемами.

Среди документов, принятых на недавнем пленуме ЦК Компартии Казахстана и ЦК КПСС, положение о статусе секретаря. Такой статус, как вы знаете, Компартия Казахстана уже имеет. Конечно, после нашего съезда первичные парторганизации почувствовали повышение к себе внимания. Но этого мало.

Обстановка требует энергичных действий. Многое здесь зависит и от партийных комитетов. Поэтому необходимо, чтобы все участники настоящего пленума чаще бывали в первичных партийных организациях, оказывали практическую помощь их секретарям. Предстоит тщательно проанализировать содержание внутривнутрипартийной работы, поговорить на партсобраниях о чести, совести, долге, партийном товариществе, максимально использовать добрые традиции, имеющиеся в коллективах.

Заканчивая выступление, считаю необходимым еще раз подчеркнуть, что люди ждут от нас активных действий.

При всей глубине и остроте кризиса, порой драматичности происходящих событий, положение дел в стране, тем более в нашей республике, небезнадежно.

Нам необходимо возродить мобилизирующую мощь партийных организаций, понять, насколько недопустимы сейчас разрывы между словом и

делом, остановка на полпути, когда требуется практическое завершение начатого.

Пора переходить от бесконечных "оканий" вокруг безрадостных фактов – к решительному их устранению.

В сегодняшней ситуации только организационно и идейно сплоченная обновленная коммунистическая партия, демократизируясь, сама повернутая в своей работе к человеку, в состоянии сохранить свой авторитет в глазах народа.

Она располагает таким мощным оружием, как убеждение.

Надо использовать его с полной эффективностью.

**НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВТЫҢ
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ СЕССИЯСЫНДА
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ***

Алматы, 11 ақпан 1991 жыл

Депутат жолдастар!

Бүгінгі сөйленетін сөзге күні бұрын әзірлене отырып, мен оны республиканың нарық экономикасына көшуге байланысты экономикалық сипаттағы проблемаларына арнау керек екенін ескердім.

Алайда саяси оқиғалардың өрбуі өзінің түзетулерін енгізіп, назарды басқа, қазір өмірлік зор маңызы бар неғұрлым көкейкесті мәселеге шоғырландыруға мәжбүр етті.

Әңгіме елдің тағдыры, біздің одақтық мемлекетіміздің болашағы туралы болып отыр, ол совет адамдарының көпшілігінің өткір алаңдаушылық сезімін туғызуда.

Бояуды қалыңдатпай-ақ, қиын жағдайдың қалыптасқанын айтпақпын.

Біз соңғы шекте тұрмыз, оның ар жағында ССР Одағының толық күйреуі мүмкін.

Осынау жарға жығар шекке жеткізген себептерге егжей-тегжейлі талдау жасамай-ақ қояйын, оларды сіздер жақсы білесіздер.

Шектен тыс экономикалық құлдырау, тұтыну рыногындағы, қаржы және ақша айналысы саласындағы дағдарысты құбылыстар елді дүрліктірген саяси және ұлтаралық жанжалдарға, қылмыстың жүгенсіз кетуіне байланысты ушыға түсті. Мұндай жағдайда, жай-күйді тұрақтандыру үшін, келеңсіз құбылыстардың үсті-үстіне түйдектелуін тежеу үшін төтенше шаралар қажет болып отырған кезде, орталық басқарушы органдар жол беруге болмайтын сылбырлық көрсетуде, инициативаны уыстан шығаруда, біздің Одағымыздың онсыз да шайқатылған іргетасының астына өресіз күштердің барған сайын жаңа "қопарғыштар" қоюына мүмкіндік беруде.

Негізгі проблеманың – жаңа Одақтық шартқа қол қоюдың тым баяу шешілуі ерекше алаңдатушылық туғызып отыр.

Мұның өзі жай ғана акт емес, қайта біздің бүкіл болашақ өміріміздің негізгі іргетасын, егер қаласаңыздар – қайта құрудың табысты болуын немесе жеңіліске ұшырауын айқындайтын құжат екенін түсіндірудің қажеті жоқ.

* «Социалистік Қазақстан» газеті, 12 ақпан 1991 жыл.

Сондықтан шартқа жеткізетін жолдағы әрбір кешеуілдеген күн совет халықтарының ұлтаралық достығының баяндылығын ауыр сынақтан өткізіп қана қоймай, сонымен бірге республикалар арасындағы сындарлы диалог жүргізу мүмкіндігінің өзіне де күдік туғызады. Өйткені, мәселе біздің бір-бірімізге сенуден қалуымызға, көршілердің мүдделерін елемей, тек өз пайдамызды күйттей бастауымызға дейін асқынды.

Мұның өзі республикааралық шаруашылық байланыстардың апатты дәрежеде күйреуінің, шарттық тәртіптің күрт нашарлауының мысалдарынан айқын көрініп отыр. Егер бұдан былай да осылай жүре беретін болса, біздің өзара алакөздігіміз үшін себептер тек қана көбейе түспек. Тек саясат пен экономиканы үстірт түсінетіндер ғана мұның ақыры немен тынатынын түсінбеуі мүмкін.

Одақтың күйреуі республикалардың шаруашылық потенциалының қожырауына апарып соқтырады, бізді экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуда көптеген жылдарға кейін серпіп тастайды, шетелдік әріптестердің бізге деген сеніміне, дүниежүзілік қоғамдастық елдерімен байқалып отырған ынтымақтастыққа біржолата селкеу түсіреді. Және де, таяудағы болашақта біздің адамдарымыздың лайықты өркениетті, дәулетті өмірі үшін жағдай жасалады деген үміт-сенімді мүлдем үзеді.

Қазір әрбір күн, әрбір сағат қымбат.

Еліміздің бірлігін сақтап, қорғаудың уыстан шығып бара жатқан мүмкіндігінен айырылуға болмайды. Біздің балаларымыз мұны кешірмейді.

Орталық ұсынып отырған референдум – қалай дегенмен, Одақтық шартқа жеткізетін орағытпа жол екеніне сенемін. Барлық республикалардың бәрі бірдей Одаққа деген өзінің көзқарасын белгілеп, өзі үшін қолайлы айқындама таңдайтынын күтіп отыруға болмайды.

Өз таңдауын қазірдің өзінде жасап, жаңарған одақтық мемлекет идеясын ашық қолдап отырғандармен дереу келіссөз жүргізу керек. Бұл жөнінде бізбен Белоруссия, Россия, Украина, Орта Азия республикаларының бәрі келісіп отыр.

Басқаша айтқанда, еліміздің өнеркәсіп потенциалының 90 пайыздан астамы болып табылатын федерация субъектілері Одақтық шартқа қол қоюға әзір.

Бұл аз ба екен?!

Сайып келгенде, Одаққа кірер есік келешекте бізге қосылғысы келгендер үшін ешқашан да жабық болмайды.

Тағы да атап көрсетемін: бүгінде уақыт факторы маңызды.

Жаңарған Одақты қалыптастыру процесін жеделдету үшін бізді батыл шаралар қолдануға мәжбүр етіп отырған басқа еш нәрсе де емес, нақ соның өзі. Бұл қадам М.С. Горбачевтің де, ССРО Жоғарғы Съезінің де, орталық үкіметтің де тарапынан түсіністік табады деп шын жүректен үміттенемін.

Бірлікті сақтауға төл мүдделі егеменді республикалар өз мүдделерін қорғау үшін өздеріне байланысты нәрсенің бәрін істеуге хақылы. Сондықтан мұның өзін ешбір жағдайда да қазіргі бар мемлекеттік билікті елемей немесе өзінің "қосарланған орталығын" құру әрекеті деп бағалауға болмайды.

Керісінше, біз "зандар соғысын" біржолата және мәңгілік тыйғымыз, ақыр соңында тыныш саяси жағдайда ауыр экономикалық және әлеуметтік проблемаларды шешу ісімен шұғылдану үшін федерация субъектілері мен орталық өкімет билігі арасында толық келісімге қол жеткізгіміз келеді.

Осыған байланысты сіздердің қарауыңызға Қазақ ССР Жоғарғы Советінің барлық басқа республикалардың Жоғарғы Советтеріне арналған Үндеуінің текстін ұсынамын.

Ел үшін қазіргі бетбұрысты, шын мәніндегі ауыр кезеңде бұл құжат Совет халқының шын ықыласты мақұлдауына ие болып, маңызды топтастырушы роль атқарады, республикамыздың парламентін құрметке бөлейді деп ойлаймын. Ол қазақстандықтардың басым көпшілігінің ең көкейкесті тілегі мен көңіл-күйіне сай келеді.

Сонымен қатар, Үндеудің текстінен көрініп отырғандай, онда Қазақстан Белоруссиямен, Россиямен және Украинамен бірге орталықты орағыта отырып, жікшілдік келіссөз жүргізіп жатыр-мыс деген тәрізді елімізде және шетелдерде таралып кеткен қауесеттерге нақты да айқын жауап қайтарылған.

Барынша ашық айтайын: мен де, басқа республикалардың басшылары да ешқандай жасырын іс-әрекеттер жасаған жоқпыз және жасамақ емеспіз де.

Одақтық шартқа қарай баяу ілгерілеуімізге мазасызданған және алаңдаған сезімімізді біз ССРО Президентіне ашық айттық.

Сонымен қатар қандай да болсын мемлекетаралық келісімдердің және оның үстіне біздің еліміз болашағының мәселесіне қатысты келісімдердің тек республикалық парламенттердің мақұлдауымен ғана талқылана алатынын ерекше атап көрсеткім келеді.

ССР Одағындағы республикалардың Жоғарғы Советтеріне Үндеу, егер ол сіздердің тарапыңыздан мақұлдау табатын болса, жаңарған одақтық мемлекетті қалыптастыру процесін жеделдетуге көмектеседі деп үміттенемін.

Сіздердің қолдауыңызға сүйене отырып, мен, республика Президенті ретінде, елде қалыптасқан жағдайға біз берген бағаға қосылатын республикалардың басшыларымен сындарлы диалог ұйымдастыру жөнінде нақты қадамдар жасайтын боламын.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСКОЙ ССР Н.А. НАЗАРБАЕВА
НА СЕССИИ ВЕРХОВНОГО СОВЕТА КАЗАХСКОЙ ССР***

Алма-Ата, 11 февраля 1991 года

Товарищи депутаты!

Готовясь заранее к сегодняшнему выступлению, я имел в виду посвятить его проблемам экономического характера, связанным с переходом республики к рыночной экономике.

Однако развитие политических событий внесло свои коррективы, заставило сосредоточить внимание на другом, более актуальном вопросе, имеющем сейчас жизненно важное значение.

Речь идет о судьбе страны, о будущем нашего союзного государства, которые вызывают острое чувство тревоги у большинства советских людей.

Не сгущая красок, скажу, что ситуация сложилась критическая.

Мы находимся у последней черты, за которой может последовать полный развал Союза ССР.

Не стану подробно анализировать причины, приведшие к этому тяжелому финалу, они хорошо вам известны.

Абсолютный экономический спад, кризисные явления на потребительском рынке, в сфере финансов и денежного обращения усугубляются захлестнувшими страну политическими и межнациональными конфликтами, разгулом преступности.

В этих условиях, когда требуются экстраординарные меры для стабилизации положения, для того, чтобы затормозить стремительный вал негативных явлений, центральные руководящие органы проявляют недопустимую медлительность, утрачивают инициативу, позволяя деструктивным силам подкладывать все новые и новые "мины" под и без того уже расшатанный фундамент нашего Союза.

Особую озабоченность вызывает крайне медленное решение основной проблемы — подписания нового Союзного договора.

Нет нужды объяснять, что это не просто формальный акт, а документ, определяющий краеугольные основы всей нашей будущей жизни, если хотите —

* Газета "Казахстанская правда", 12 февраля 1991 года.

успех или поражение перестройки. И каждый день промедления на пути к договору не только подвергает тяжелым испытаниям прочность межнациональной дружбы советских народов, но и ставит под сомнение саму возможность конструктивного диалога между республиками.

Ведь дело доходит до того, что мы перестаем доверять друг другу, начинаем искать лишь собственную выгоду, игнорируя интересы соседей.

Это отчетливо видно на примерах катастрофического разрушения межреспубликанских хозяйственных связей, резкого ухудшения договорной дисциплины. Если так пойдет дальше, причин для взаимных распрей у нас только прибавится.

Лишь дилетанты в политике и экономике могут не понимать, чем все это обернется.

Крах Союза неизбежно повлечет за собой разрушение хозяйственного потенциала республик, отбросит нас на многие годы назад в экономическом, социальном и культурном развитии, окончательно подорвет доверие к нам зарубежных партнеров, наметившееся сотрудничество со странами мирового сообщества. И уж совершенно похоронит надежды на создание в обозримом будущем условий для достойной, цивилизованной, обеспеченной жизни наших людей.

Ныне дорог каждый день, каждый час.

Нельзя терять ускользающую возможность спасти и сохранить единство страны. Наши дети этого не простят.

Уверен, что референдум, предлагаемый центром, – это все же окольный путь к Союзному договору.

Нельзя ждать, пока все без исключения республики определят свое отношение к Союзу, выберут приемлемую для себя позицию.

Надо безотлагательно садиться за стол переговоров с теми, кто уже сделал выбор и недвусмысленно поддерживает идею обновленного союзного государства. В этом с нами согласны Белоруссия, Россия, Украина, все среднеазиатские республики.

Иными словами, подписать Союзный договор готовы субъекты федерации, представляющие свыше девяноста процентов промышленного потенциала страны.

Разве этого мало?!

В конце концов, двери в Союз никогда не будут закрыты для тех, кто захочет к нам присоединиться в будущем.

Подчеркиваю еще раз: сегодня важен фактор времени. Именно он и ничто другое заставляет нас принять решительные меры к ускорению процесса формирования обновленного Союза.

Искренне надеюсь на понимание этого шага и со стороны М.С. Горбачева, и Верховного Совета СССР, и центрального правительства.

Суверенные республики, кровно заинтересованные в сохранении единства, вправе сделать все от них зависящее ради защиты своих общих интересов. И это ни в коем случае нельзя расценивать как игнорирование существующей государственной власти или попытку создать свой "параллельный центр".

Наоборот, мы хотим раз и навсегда положить конец "войне законов", добиться полного согласия между субъектами федерации и центральной властью, чтобы в спокойной политической обстановке заняться, наконец, решением трудных экономических и социальных проблем.

В этой связи предлагаю на ваше рассмотрение текст обращения Верховного Совета Казахской ССР к Верховным Советам всех других республик.

На мой взгляд, в нынешний переломный, поистине критический для страны период, этот документ получит искреннее одобрение советского народа, сыграет важную консолидирующую роль, сделает честь парламенту нашей республики.

Он отвечает самым насущным желаниям и настроениям большинства казахстанцев. К тому же, как видно из текста обращения, в нем дается четкий и недвусмысленный ответ на распространяющиеся в стране и за рубежом домыслы относительно того, что, дескать, Казахстан совместно с Белоруссией, Россией и Украиной якобы готовит сепаратные переговоры в обход центра.

Скажу с полной откровенностью: никаких закулисных действий ни я, ни лидеры других республик не предпринимали и не собираются предпринимать.

Свою тревогу и озабоченность медленным движением к Союзному договору мы открыто высказали Президенту СССР.

Кроме того, хочу особо подчеркнуть: любые межгосударственные соглашения, а тем более касающиеся вопроса будущего нашей страны, могут обсуждаться только с одобрения республиканских парламентов.

Надеюсь, обращение к Верховным Советам республик Союза ССР, если оно получит ваше одобрение, поможет ускорению процесса формирования обновленного союзного государства.

Опираясь на вашу поддержку, я – как Президент республики, предприму конкретные шаги к организации конструктивного диалога с руководителями республик, разделяющими нашу оценку сложившейся в стране ситуации.

**ҚАЗАҚ ССР ПРЕЗИДЕНТІ,
ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
БІРІНШІ ХАТШЫСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ
БҮКІЛ ЕЛІМІЗДІҢ ТЕЛЕКӨРЕРМЕНДЕРІНІҢ СҰРАҚТАРЫНА
БЕРГЕН ЖАУАБЫ***

Алматы, 2 наурыз 1991 жыл

**ҚАЗІР ЖҰРТТЫҢ БӘРІН ОДАҚҚА АРҚАНДАП
СҮЙРЕУДІҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ**

Наурыздың 2-сінде Орталық телевизияның "Саяси сұхбат" айдарымен берілетін "Кімді кім деп білеміз?" атты хабарына Қазақ ССР Президенті, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев қатысып, бүкіл еліміздің телекөрермендерінің сұрақтарына жауап берді.

Бір жарым сағатқа созылған тікелей эфир хабарында кеңес адамдары өздерін толғанып, алаңдатып жүрген мәселелеріне Қазақстан Президентінің қалай қарайтынын, қай тұрғыда түсініп, қандай баға беретінін өз аузынан естіді.

Орталық телевизияның саяси шолушысы Игорь Фесуненко жүргізген осы хабардағы негізгі ойларды "Социалистік Қазақстан" оқырмандарының назарына ұсынуды жөн көрдік.

* * *

Хабар барысында алдын ала Алматыда түсірілген үш сюжет көрсетілді.

Соның алғашқысы "Қазақстан – құдайдың рақымы тиген жер" деп басталып, шамамен 5 Францияға, 9 Италияға, сәл ғана кем 100 Бельгияға тең ұлан-байтақ территорияның тауы мен даласынан бастап космодромына дейінгі бар байлығы санамаланып шықты да, хабар кейіпкерінің таңдану себебі түсіндірілді: "Нақ осында экономика мен әлеуметтік саясат саласындағы өзгерістердің батыл жобаларын жүзеге асыру жолдарының белгіленіп жатуы республикаға, оның Президенті, 51 жастағы қазақ Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа ықылас аудартып отыр".

* "Социалистік Қазақстан" газеті, 5 наурыз 1991 жыл.

Игорь Фесуненко: "Қазақтар дегеніміз кімдер? Олар өзбектерден, түркімендерден, орыстардан несімен өзгеше? Қазақтарға қандай қасиеттер тән?" деген тосын сұрағына Президенттің жауабы да, ол туралы алматылық-тардың пікірі де Нұрсұлтан Әбішұлының өз халқына деген, халқының оған деген айрықша бір сүйіспеншілігін танытқандай.

Бәлкім, басқаша ойлайтын бөз-біреулер бар да шығар, бірақ жалпақ жұртымыздың дені президенттікке тек қана оны лайықты санайтыны ауылдан келген – бірі ауылдық Кеңестің төрағасы, бірі бригадир – екі ағайынның өздерін Президент орнына қоя алмай, қиналғанынан да көрініп тұрды.

Елімізде қалыптасып отырған қазіргідей қиын саяси-экономикалық ахуал жағдайында үлкен республика Президенті арқалайтын жауапкершілік жүгі қандай?

Жиналыстардың төрінде отырып, сөз сөйлеу немесе мәртебелі меймандарды қарсы алып, келісім-шарттарға қол қою ғана ма?

Бұл ретте тележурналистің Президент үлесіне тиетін жауапкершілікті мұхиттардағы мұзтау арқылы түсіндіргені орынды шығар. Біз оның тек су бетіндегі бөлігін көреміз, ал енді сондай тоғыз бөлігі су астында болатынын білеміз бе?

"Әрине, шағымданғым келмейді, бірақ оңай емес", – деген Президент күрсінісін түсіну де керек болар. Оның да өзіміз сияқты адам екенін, бір әулеттің отағасы, үш баланың әкесі, үш немересі бар ата екенін де ескерген жөн-ау.

Осынау хабар қазақстандықтардың өз Президенті жөніндегі ойларын еліміз адамдарының игі тілектері мен нақты пікірлері, өткір тұжырымдары мен сан алуан көзқарастары арқылы кеңейте, молықтыра түскені сөзсіз.

Олардың бәрін И. Фесуненконың: "Еліміз дағдарыста тұрған осынау қиын кезде адамдардың өзіңіз секілді үлкен басшы, саяси қайраткерге мұндай ыстық ықылас білдіруі – бұл шынында да сирек құбылыс" деген сөзімен шектеп, Нұрсұлтан Әбішұлының қадау-қадау мәселелер туралы айтқан пікірлерімен таныстырайық.

РЕФЕРЕНДУМ ТУРАЛЫ

Сұрақтар:

– Сіз республика заңдарының Одақ заңдарынан жоғары тұруын ақылға сыйымсыздық деп санамайсыз ба? (Г.И. Дмитриев, Москва)

– Еліміз социологтарының ассоциациясы одақтық референдум дұрыс тұжырымдалмаған деп санайды.

Онда бір сұраққа бірнеше мәселе біріктірілген. Сондықтан оған бір ыңғайда жауап беруге болмайды. Сіз не дейсіз?

– Қазақстан парламенті одақтың референдумының сұрағын өз бетінше сепараттықпен өзгертті. Осы дұрыс па? *(Никифоров, Алматы)*

Қазақ ССР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев:

– Республика халқы Одақты сақтау жағында болғандықтан, Халық депутаттарының IV съезіне дейін республика жұрты, соның ішінде мен де, мұндай референдум өткізудің қажеттігі жоқ деп санадық.

Республиканың егемендігі туралы қабылданған Декларацияда да Қазақстан және оның көп ұлтты халқы еліміздің бірлігін сақтауы, Одақты жақтайтыны нақты тұжырымдалған.

Одақтық референдум сұрағының тым ауқымды тұжырымдалғаны жөніндегі социолог пікірімен келісемін.

Референдум одақтық болғанымен, IV съездің шешіміне сәйкес ол республикалар бойынша өткізіледі. Сондықтан да оны талқылау кезінде Қазақстан халық депутаттарының ұсынысына орай біз сұрақты былай деп өзгерттік: "Сіз ССР Одағын тең праволы егеменді мемлекеттердің Одағы ретінде сақтау қажет деп санайсыз ба?".

Бұл Қазақ ССР-інің мемлекеттік егемендік туралы Декларациясындағы тұжырымға да, одақтық референдумда берілетін сұраққа да толық сай келеді.

Референдум өткізуге біз қарсы болдық. Мен қазір де оны түрлі проблемалар, мәселелер туындап, көзқарасты айқындау қажет болып отырған республикаларда өткізу керек еді деп санаймын. Бірақ, москвалық жолдас айтқандай, "заңдар шайқасын" ашып жатпас үшін, мен принципінде ондайға қарсымын.

Біз 17 наурызда референдум өткіземіз.

Республикалық және одақтық заңның қайсысы үстем болуы керек дейтін мәселеге байланысты.

Егеменді мемлекеттер Одағы деген атаудың идеясы Михаил Сергеевич Горбачевтен шыққан. Ол республикалардың егемендік туралы Декларацияларында көрініс тапты.

Демек, Одақты, орталықты республикалардың өздері құрып, орталыққа беретін және одақтас республикалардың өздерінде қалатын өкілеттіктерді айқындайды. Осыған орай біз өз республикамызда мәселені былайша қоямыз: орталыққа берілген өкілеттіктер шеңберінде одақтық заңдар үстем болсын.

Ал шарт бойынша одақтас республикаларда қалдырылған өкілеттіктер шеңберінде республикалық заңдар үстем болуы керек.

Одақтық шартта мұның не екені, заңдар қалай қабылданатыны айтылып, айқындама нақтылануы тиіс.

ОДАҚТЫҚ ШАРТ ЖӨНІНДЕ

Қазақ ССР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев:

– Одақтық шарттың жобасы бойынша келіссөз үстеліне тоғыз республиканың отырғаны белгілі.

Осы бүгін біздің республика делегациясының басшысы маған талас-тартыстардан, пікірлерді салыстырудан, сын-ескертпелерден кейін тоғыз республика өкілінің жобаға қол қойғанын айтты.

Мұндай қуанышты хабарды телекөрермендерге де жеткізу керек. Өлі де талас мәселелер, кейбір нұсқалар бар. Оларды жетілдіріп, нақтылау керек.

Республикалардың, халықтар мен мемлекеттердің арасындағы достық қатынас қандай негізгі факторларға сүйенеді?

Олар қашанда үшеу болып келген:

- біріншіден, сыртқы қауіп біріктіреді,
- екіншіден, бұл – ортақ идеология,
- үшіншіден, өзара тиімді экономика.

Жалпы алғанда осылай.

Қазір кез келген кеңес адамы бізге төніп тұрған қатерді көріп отырған жоқ. Өлбетте, ауқымды перспективада (теориялық тұрғыда) ондай қатер сақталады және біз бұл жөнінде тұрақты есте ұстауға тиіспіз.

Өзіміз негіз еткен біртұтас идеологияға келсек, турасын айтқанда, бүгінгі таңда идеологияда ондай бірлік жоқ. Қоғамымыз дамуының қазіргі кезеңіндегі коммунистік идеология да бой көрсетіп отыр дей алмаймын.

Сондықтан да жинақтаудың бұл принципі де артқы қатарға ығыстырылды дейік.

Сонда не қалады?

Сонда баршаға қатысты экономика қалады.

Демек экономикадан бастау керек.

Ал ашығын айтсақ, біз Одаққа қалай келмекпіз?

Одақтық шартқа қол қоюға келіскен екенбіз, өкілеттіктерді, меншіктерді айқындайық, содан соң одақтық басшылықты құруға кірісейік, яғни Одақ республикалар айқындайтын қызметке қарай құрылуға тиіс еді. Өкінішке орай, бүгінгі таңда басқаша жүріп жатыр.

Үкімет туралы заңды талқылау басталды. Мен өзге республикалардың да пікірін білемін. Ресей, Украина, Белоруссия, Қазақстан, Өзбекстан үкімет туралы заңды Федерация кеңесінде талқылап, белгілі бір пікір білдірілгеннен кейін Жоғарғы Кеңесте талқылау қажет деген болатын.

Мәселенің басқаша болуы мені таңдандырады. Қарап көріңіз, бұл заңның бірінші пунктінде ССРО үкіметінің кез келген шешімі, нұсқауы бүкіл территорияда барлық лауазымды адамдар үшін міндетті деп жазылған.

Президент бүкіл территорияда барлық лауазымды адамдар үшін міндетті болды. Халық депутаттарының съезі де, Жоғарғы Кеңес те солай болады.

Сонда бұл не өзі?

Мықты атқару өкіметі болғанын жақтаймын. Онсыз біздің экономикада тәртіп орнату қиынға соғады. Бірақ осылай ету керек пе еді?

Егер біз Одақ туралы, егемендік мемлекеттердің Одағы туралы айтқымыз келсе, бұл мәселелерді бірге шешу керек еді ғой.

Біз Қазақстанда Одақты жақтаймыз, бірақ еліміздегі барлық халықтардың мүддесін көздейтін, ал халықтар республикаларда тұрғандықтан барлық республикалардың мүддесін көздейтін Одақты жақтаймыз.

Мен өз айқындамама қаламын: қазір жұрттың бәрін Одаққа арқандап сүйреудің қажеті жоқ.

БАЛТЫҚ БОЙЫ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНЫҢ ОДАҚТАН ШЫҒУ ТІЛЕГІ ХАҚЫНДА

Қазақ ССР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев:

– Мен бұл республикалар халықтарының ерік білдіруіне, жоғары өкімет органдарының шешімдеріне құрметпен қарау қажет деп санаймын.

Оның үстіне ниет білдірген-білдірмегеніне қарамастан, Одаққа күштеп тартудың қажеті жоқ.

Қазір бұл тұрғыда өз бағыттарын анықтаған тоғыз республика Одақтық шартқа қол қоюы керек. Олар орталыққа байланысты өз айқындамасын, оның қызметін нақтылап құрса, сонда мемлекет болады. Кеңес халқының басым көпшілігі осыны күтуде.

Айта кетейін, мұны кіммен іскерлік байланыс орнатуды білмей отырған батыс бизнесмендері де күтуде.

Мемлекетіміз болсын, орталығымыз болсын, республикалар мен Одақтың өкілеттіктері болсын, Шартқа қол қойған республикалардың экономикалық кеңістігі болады деп есептеймін.

Ал өзге республикалар үшін біз есікті ашық қалдырамыз. Байқап көрсін. Ол республикалардың халықтары ненің не екенін тез-ақ түсінеді деп ойлаймын.

Өйткені мұндай дағдарыстан республикалардың жалғыз-жарымдап шығуы мүмкін емес. Тек қана бірлесіп шыға алады.

Содан кейін, Ұлы елдің ұланымыз дегенді біз бойымызға ана сүтімен сіңірдік. Көмшіліктер де, бұра тартулар мен өкініштер де болды, мұның бәрі түсінікті.

Осы проблемаларды шешу үшін де қайта құруды жүргізіп келеміз.

Ұлы Отанға қатыстылық біздің дүниетанымымызға айналды.

Кеңес адамынан оның бұл қатыстылық сезімін алып қоюға болмайды деп санаймын.

Сондықтан да бастаулардың бастауы – Одақтық шарт.

БІР ДЕПУТАТТЫҢ ПІКІРІНЕ ОРАЙ

Сұрақ:

– Орталық үкімет қандай болуы керек деген мәселеде ССРО халық депутаты Алкснис құтқару комитеті дегенді құруды ұсынып, оны басқаруға байланысты былай дейді: "Онда ешқандай Президент болмайды. Елді, құрамында мейлі Собчак, Назарбаев, басқа кімді қалайсыздар – солар болатын комитет басқаруға тиіс".

Сіз бұған не дейсіз?

Қазақ ССР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев:

– Депутат Алксниспен жеке таныстығымыз болмаса да, оны Жоғарғы Кеңес бойынша білемін. Ол мені әр тұрғыдан үнемі еске алып қояды. Оның пікіріне деген ойым мынадай.

Әр республика мен мемлекеттің конституциялық негіздегі заңды үкіметі тұрған жағдайда құтқару комитеті дегенді принципінде ойға сыйымсыздық деп санаймын. Егер оны орталықтың қандай да бір құрылымдары ұйымдастырса, бұл сорақылық.

Мен Литвада құрылған сондай комитеттің жағдайына қызықпаймын.

Алкснистің ұсынысы да, сайып келгенде заңды мемлекеттік билікке, біздің мемлекетіміздің конституциялық негізде сайланған басшысына шабуылдың сәл өзгерген түрі болғандықтан, мен үзілді-кесілді қарсымын. Және ондай комитетке менің қатысуым жөнінде ешқандай сөз болуы мүмкін емес.

Б.Н. ЕЛЬЦИННІҢ МӘЛІМДЕМЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Сұрақтар:

– Ельциннің мәлімдемесін Сіздің айыптағаныңыз таңдандырады. (*Власов, Красноярск*).

– Ельциннің 19 ақпандағы телевизия арқылы Президенттің отставкаға кетуі жөніндегі мәлімдемесі бес республиканың басшылығымен келісілген деп түсінуге бола ма? (*Г. И. Белокур, Ленинград*).

– Б.Н. Ельциннің Президент отставкаға кетуі керек дейтін мәлімдемесін Сіз қолдайсыз ба? (*Б. М. Лукьянов, Москва*).

– Сіз бен Ельциннің арасында не болды? (*М. П. Каймашников, Минск*).

Қазақ ССР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев:

– Бұл мәселе жөнінде мен бұған дейін де Орталық телевизияға өз пікірімді айтқанмын. Айқындамамыз нақты білдіргім келеді.

Ресей, Қазақстан, Украина және Белоруссия Одақтық шартты жеделдету жөнінде мәселе көтерді.

Бұл республикалардың арасында өзара экономикалық келісім бар, оларды республикалардың Жоғарғы Кеңестері бекіткен. Біз қазір сол келісімдердің негізінде іс-қимыл жасап, тұрып келеміз.

Ал біздің кездесулеріміз туралы айтар болсақ, ол еліміз мүддесі тұрғысынан, ең ізгі мақсатты көздеді.

Ірі республикалар, олардың халықтары Одақтың негізін қалау жөніндегі ізгі жауапкершілікті неге мойындарына ала алмасын. Біз Борис Николаевич Ельцинмен бірге Михаил Сергеевич Горбачевке келіп, шартқа қол қойғысы келетін осы республикалар тобын бастауды ұсындық.

Бұл ақиқат. Біздің барлық кездесуіміз осы мәселе төңірегінде болды. Бұл республикалардың Жоғарғы Кеңестері қабылдаған егемендік туралы Декларацияны қорғау мәселесі сөз болғанда бізге бірлесіп шайқасуға тура келеді.

Мұны жасырмаймыз да: орталық ведомстволардың өктемдігіне қарсы – иә, бірлесіп қарсы тұрамыз. Өткенге, әкімшіл-әміршіл жүйенің көріністеріне оралуға қарсы – иә, бірлесіп қарсы тұрамыз.

Бірақ, біз ең ізгі мақсатты көздейміз.

Біз бастаған келіссөздер өзгелерге де ықпал етіп, ондай республикалар саны 9-ға жетті. Бұл дегеніңіз Одақтық мемлекеттің өзегі ғой.

Ал, орталықтағылар біздің пікірімізбен мүлде санасқысы келмейтін саясат ұстана бастағанда біз, мәселен, Минскіде кездеспек болдық. Өз саясатымызды белгілеп, Одақтық шарт жөніндегі айқындамамыз мынадай, Одақ үкіметі мынандай болса деген пікірімізді айтпақ болдық.

16 ақпанда бес республика: Ресей, Украина, Белоруссия, Өзбекстан, Қазақстан басшылары кездестік.

Бұл күні Федерация Кеңесінің мәжілісі болды, онда екі мәселе қойылды: біріншісі, баға белгілеу туралы, оны келісе отырып жүргізу қажет дегенге уағдаластық, екінші мәселе – Министрлер Кабинеті туралы заңды талқыламадық. Өйткені ешкім бұған дайын болмай шықты.

Жоғарыда мен айтқан пункт бізді ыңғайсыз күйге түсірді. Оны жан-жақты қарастыру қажет еді.

Біз содан кейін мына мәселелерге байланысты кездеспек болдық:

- біріншіден, бес республика өзара қол қойған экономикалық келісім қалай орындалып жатқанын қарау қажет болды. Оны жанды ету үшін Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитет төрағаларынан үйлестіру комитетін құруға келістік.

- екінші мәселе – Министрлер Кабинеті туралы заң бойынша пікір алмастық. Бұл жөнінде баспасөзде ақпарат беруге келістік, ол солай болды да. Басқа ешқандай мәселе талқыланған жоқ.

Әлбетте, біз әрқайсымыз – бөріміздің атымыздан сөйлейтін жағдайда сөздеріміз, пікірлеріміз келісілуі керек еді.

Борис Николаевич Ельциннің мәлімдемесі туралы.

Мен оны екі бөлімге бөліп қарастырамын.

Жаңа Министрлер Кабинетінің, ескісінің де басшылығының іс-әрекетіне қанағаттанбаушылық, оны сынау, елдегі жағдай, экономиканы тұрақтандыру, тәртіп пен реттілік жөнінде айтылатын бірінші бөліммен, сын бөлімімен толық келісемін.

Б.Н. Ельциннің Ресей парламенті қабылдаған республика егемендігін қорғап, оны нақты мазмұнмен толықтыру үшін қолдан келгенін істеп отырғанымен келісемін. Біз мұнда біргеміз, ашығын айтқым келеді, республикалар егемендігі, оған нақты мазмұн беру жөнінен біз алдағы кезде де бірге боламыз.

Ал мәлімдеменің Президенттің отставкаға кету жөніндегі соңғы бөлігі маған мүлде түсініксіз.

Сын сындарлы болуы керек. ССРО халық депутаттарының IV съезінде сөйлеген сөзімде мен Президенттің атына да, үкіметтің атына да, бұдан да қатты сын айтқанмын. Ал қазір біз дағдарысқа килігіп, алдымызда инфляция, аса ауыр кезең тұрғанда мемлекеттің конституциялық негізде сайланған басшысын конституциялық емес жолмен ауыстырып, басшылықты қандай да бір органдарға беру дұрыс бола ма?

Мен бұдан ешқандай сындарлылық көре алмадым. Бұл да депутат Алкснис ұсынған нұсқа сияқты болып шығады.

Ел экономикасы құлдырай берсе, Жоғарғы Кеңес 16-17 қазанда Президенттің алдына қойғандай мәселе қайталануы мүмкін.

Когда же мы приступаем к конкретным делам, обращаемся к конкретному вопросу, нам нужны люди, которые живут и работают в условиях рынка и которые сталкивались с тем, к чему мы подступаемся.

Конечно, я не веду речь о том, что нужно стопроцентно переносить то, что у них – к нам, потому что существуют психологические барьеры, традиции, в общем, наша жизнь, которой мы жили семьдесят три года.

Американские, японские специалисты в качестве экспертов и советников приступили к работе в Высшем экономическом совете при Президенте Казахской ССР. Среди них наш ученый-экономист Григорий Явлинский, которого я очень ценю. Он присутствует здесь, в зале, но открыто говорю: я ценю его за глубокие знания в отечественной и западной экономике, за его прогрессивность, энергию и переполненность идеями.

Последнее качество очень необходимо любому ученому.

Григорий Явлинский разработал проект (думаю, что первый в Советском Союзе) Закона о приватизации для Российской Федерации.

На основе этого проекта мы, учитывая условия Казахстана, разработали свой проект по приватизации. Проект опубликован в апреле этого года.

Думаю, что в июне Верховный Совет республики этот закон примет.

Что же касается иностранных специалистов, то они, естественно, не знали наших условий. Я предоставил им возможность изучить нашу республику. Они поехали по областям, поговорили с рабочими на предприятиях, с инженерами, с нашим народом, присмотрелись к психологии казахстанцев, нашли понимание.

Теперь они предлагают нам свои пути и методы для того, чтобы как можно безболезненно, с пониманием народом всем наших шагов, провести приватизацию.

Тут психологическая сторона, пожалуй, может стать главной проблемой. Многие ведь понимают приватизацию так: предприятия будут проданы, а рабочие, служащие станут "наймитами".

Чтобы этого не произошло, каждый шаг в приватизации должен объясняться народу.

И потом очень важно, чтобы в этом преобразовании принимало участие как можно большее число людей, чтобы большинство из них стало акционерами. Иностранные советники помогают мне преодолеть эти барьеры.

Вопросы:

- Что для Вас самое трудное сегодня в диалоге с Горбачевым? Понимает ли Вас народ Казахстана?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

- Трудные диалоги у меня с Горбачевым бывали.

Если вы помните мое выступление на IV-ом Съезде народных депутатов СССР – моя критика руководства страны и Президента была воспринята не очень одобрительно. В связи с этим у меня постоянно возникали сложности.

И я хочу об этом еще раз сказать. Сложности в стратегическом плане.

Поддерживая усилия Михаила Сергеевича Горбачева, я все же не могу поддержать медлительность с проведением реформ, с предоставлением

суверенитета союзным республикам, самостоятельности трудовым предприятиям, их коллективам. Народ ждать устал.

Вообще весь мир ждет и никак не поймет, куда мы идем, когда же мы начнем конкретно что-то делать.

Я пытаюсь не в порядке ссоры, а конструктивно влиять на Президента страны с тем, чтобы он делал решительные шаги. Например, в вопросах межнациональных отношений.

Кровопролитие, которое происходит в том или ином районе страны, ни в одном нормальном, уважающем себя государстве, тем более считающемся мощной державой, не допускается. А у нас допускается. Притом, что на этот счет есть Конституция, соответствующие законы.

Сотни людей гибнут...

Сотни тысяч в беженцах ходят. ...

В мирное время!

Вот в этих вопросах у меня с Президентом Горбачевым бывают трудные диалоги.

В целом же я его понимаю и конструктивно с ним сотрудничаю.

Понимает ли меня народ?

Это надо спросить у казахстанцев...

Я считаю, что взаимоотношения у меня с различными политическими течениями и группами, с многонациональным казахстанским народом нормальные. Взаимопонимание есть.

Вопрос:

– Готова ли республика пойти на приватизацию по западному образцу?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Опрос показал, что 80% населения Казахстана приветствует переход на рыночную экономику.

Что касается приватизации по рецептам Запада, то я их не знаю.

Думаю, что мы это сделаем по нашим собственным рецептам, опираясь, конечно же, на опыт западных стран, которые в рынке живут сотни лет.

Идеи Григория Явлинского мне все известны. Мы говорим о них, у нас общая точка зрения на экономику.

Какой будет приватизация?

Надо просто приступить к ней, начать ею заниматься. И жизнь покажет, какие темпы будут, какие результаты.

Вопрос:

– Расскажите об обществе "Қазақ тілі".

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Это общество "Казахский язык", созданное в республике.

Принятие государственного статуса казахского языка в условиях многонациональной республики стало необходимым по причине его утраты коренным народом республики.

Казахский язык превратился в бытовой, стал на грань исчезновения.

Деятельность общества "Қазақ тілі" направлена на сохранение и развитие национального языка. И я полностью поддерживаю его деятельность.

Общество работает во всех областях республики и пользуется поддержкой органов власти.

Вопросы:

– Как Вы считаете, много или мало книжных издательств в Казахстане? Издавали ли Вы книги до этого?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Вопрос риторический. Мне кажется, достаточно.

Потребность населения обеспечивают.

Может быть, нам нужно заниматься качеством издаваемой продукции, оборудованием.

Сегодня, как вы знаете, имеется проблема с бумагой.

Что касается издания моих книг, то в 1985 году у меня вышла книга "Стальной профиль Казахстана".

Это книга о периоде моей двенадцатилетней работы на Казахстанской Магнитке. Туда я приехал восемнадцатилетним юношей, по комсомольской путевке. Начиная с колышка, а уходил с комбината, когда там работали сорок тысяч человек.

Вопрос:

– Не можете ли Вы вернуться к событиям 1986 года в Казахстане?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Откройте мою книгу, и вы найдете об этом довольно подробный рассказ.

Вопросы:

– Нурсултан Абишевич! Любая книга – итог определенного периода жизни человека.

Чем стала для Вас Ваша книга "Без правых и левых"?

Какую черту она подвела в Вашей жизни?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Никакую черту я не собираюсь подводить.

Мне, как вам известно, через месяц-полтора будет пятьдесят один год. По своему состоянию я считаю, что мне нужно трудиться и трудиться.

Надо оправдывать доверие, которое мне оказывает многонациональный народ нашей республики.

А книга – это и мое доброе отношение к просьбе издательства "Молодая гвардия".

Вопросы:

– Есть ли, на Ваш взгляд, какая-то система в заседаниях Совета федерации?

Была ли необходимость подписывать соглашение "девять плюс один"?

Не лучше ли было решить это на Совете федерации?

Участвуете ли Вы на заседаниях Политбюро ЦК КПСС?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Для периода жизни, в котором мы сейчас оказались, думается, Совет федерации – самая удобная форма управления государством.

Когда идет "война законов", неподчинение исполнительных органов власти сверху вниз, Совет федерации вырабатывает совместную линию.

Те же вопросы ценообразования, Союзного договора... Они обсуждаются на Совете.

Что касается "девять плюс один", то с этой идеей я уже один выступаю. Говорю об этом и самым высшим руководителям, и лидерам республик.

Подписание Союзного договора мы непростительно затянули, а ведь это главное – в сохранении единого государства.

Отсюда и интеграция нашей экономики, и уважение к нам в мире.

В феврале на заседании Совета федерации все пришли вроде бы к согласию насчет Союзного договора. Теперь надо собраться и решить этот вопрос.

Все республики стоят на букве договоренности, достигнутой на Совете.

В заседаниях Политбюро ЦК КПСС я, естественно, участвую.

Вопрос:

– Что бы Вы пожелали будущему Президенту России?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Я уже сказал: Россия имеет стержневое значение в нашем государстве. Имею в виду не только экономический потенциал, но организационное строение, нашу психологию.

Уважение к русскому народу у казахов всегда было очень высоким.

Поэтому от позиции России, от положения в самой России зависит очень многое.

Я желал бы Президенту России (кто будет избран) приложить все усилия для сохранения нашей державы.

Вопрос:

– Есть ли у республики претензии к космодрому, расположенному на ее территории?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Тут какое-то смещение понятий.

Мы ставили вопрос в таком плане по Семипалатинскому ядерному полигону. В течение сорока двух лет рвутся ядерные заряды на священной земле казахского народа.

Мы понимаем, что это нужно для обороны страны. И свой долг мы выполнили. Больше взрывов не должно быть.

Мы ставим вопрос о компенсации за те страдания, которые перенес казахский народ за годы испытаний.

А насчет космоса...

Сегодня космос, космическая техника – единственная наша прерогатива, с которой мы идем впереди других стран.

Мир к нашей технике и программе проявляет интерес.

Я за то, чтобы не свертывать программу освоения космоса и развития космической техники.

Мы вошли в тесный контакт с министерствами и ведомствами, работающими на космос:

- по взаимодействию в научно-техническом плане,
- по конверсии некоторых отраслей, работающих на космос,
- по открытию научно-исследовательского космического института в Алма-Ате.

То есть все эти решения – с пользой для нашей науки.

Вопрос:

– Ваше отношение к проекту Григория Явлинского?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– О развитии идеи, заложенной в проекте Явлинского, идет разговор с лидерами государства других республик.

Это основа, с которой мы должны выйти на интеграцию.

Позицию Явлинского разделяю. Считаю, что это, может быть, один из последних шансов, который должен быть учтен руководством страны.

Вопросы:

– Национальный вопрос в Казахстане стоит не так остро, как в других регионах страны.

Как удалось этого добиться?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Мне много раз приходилось отвечать на этот вопрос.

Казахстан уникален в смысле многонациональности.

Спокойно у нас не потому, что коренное население оказалось в меньшинстве. Процессы, происходящие в других регионах, происходили и у нас в 1987-1988 годы.

С чего началась конфронтация в республиках?

С принятия законов о государственном языке. Парламент Казахстана это учел, принимая перестроечные законы.

В Законе "О государственном языке" вы не найдете ни одного слова, которое бы ущемило честь, достоинство, права какой-либо другой национальности.

И это не только в законе, но и в действиях руководства республики.

Люди это видят.

Я считаю, что это – основа консолидации нашего многонационального народа.

Здесь присутствуют американские журналисты, они не дадут соврать, что в США проживает около 350 национальностей и – никаких межнациональных проблем.

Как же мы докатились до этого?

Вопрос:

– Нурсултан Абишевич!

Не входит ли в Ваши планы возможность руководства государством на посту Президента страны?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– У нас есть Президент. Как я знаю, последнее время он настроен весьма радикально, меняет свои позиции. Наша задача – поддержать в этом плане усилия Горбачева.

Руководство государством на посту президента страны в мои планы не входит.

Мне оказано достаточное доверие населения Казахстана.

И моя первая, главная задача – сделать все зависящее от меня, чтобы оправдать это доверие.

Думаю, находясь на своем посту, я смогу влиять на дела страны в целом.

Вопрос:

– Кого бы Вы хотели видеть на посту Президента РСФСР?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Всех претендентов на пост Президента РСФСР я знаю, уважаю.

Было бы некорректно вмешиваться в их выборные дела.

Всем им я желаю успеха!

Кого бы ни избрали, будем работать нормально.

Вопрос:

– Как Вы думаете, что мы получим в результате распада Союза: пять Эстоний или пятнадцать Грузий?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Вспомните двадцать четвертый год, когда Союз начинался с четырех республик...

Двери должны быть открыты для всех.

Но для республик, подписавших договор, сложится особое экономическое пространство наибольшего благоприятствования.

Республики, не вошедшие в Союз, будут поставлены в определенные экономические условия.

Какие? Это мы решим.

Вопрос:

– Как Вы прогнозируете развитие событий в стране в ближайшее время?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Меня беспокоит покачивание нашего общества то вправо, то влево. Особенно вправо. То есть к тому состоянию, в каком мы совсем недавно пребывали.

Это невозможно.

Этого не будет.

Сейчас нам особенно необходимы терпение и консолидация.

От правой и левой стороны мы должны взять самое ценное и двигаться вперед.

Вопрос:

– У Вас есть в соответствии с Вашим политическим идеалом четкое представление: куда двигаться?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Есть. Но как двигаться, какие силы будут противодействовать этому – вопрос практики.

К сожалению, в последнее время мы никуда не движемся.

Нашу экономику держат идеологические путы.

Мы только говорим, что уходим от железобетонности, от всяких "измов", а на практике другое.

Вопрос:

– Вам поступили предложения о переиздании Вашей книги?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– В Казахстане она будет издана на казахском языке.

Других предложений нет. Книга только вышла.

Вопрос:

– Вы довольны результатами сегодняшней пресс-конференции?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Да. Я почувствовал благожелательность к себе. И всем за это благодарен.

Вопрос:

– Какой эффект Вы ожидаете от книги?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Я об этом не задумывался.

Книга – это мое понимание прошлого, настоящего и будущего.

Хочу одного – чтобы она вела людей к единству!

**ПРИВЕТСТВИЕ
ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСКОЙ ССР Н.А. НАЗАРБАЕВА
УЧАСТНИКАМ МЕЖДУНАРОДНОЙ ЭКСПЕДИЦИИ ЮНЕСКО
"ВЕЛИКИЙ ШЕЛКОВЫЙ ПУТЬ"***

Алма-Ата

Президент Казахской ССР Н. Назарбаев:

— Сердечно приветствую на казахской земле участников международной экспедиции, проводимой в рамках программы ЮНЕСКО "Великий шелковый путь".

В свое время на этом древнем торговом пути мирно соседствовали и сотрудничали народы разных стран, взаимно обогащаясь культуры восточной и западной цивилизаций.

Ныне, проходя дорогами наших предков, изучая историю контактов на Шелковом пути, мы должны не только обогатить себя знаниями о прошлом, но и найти ответы на животрепещущие вопросы сегодняшнего дня, взглянуть на сложные проблемы современности с позиций взаимопонимания и дружбы, вступить в мировые культурные контакты на правах полномочных владельцев богатейшего историко-культурного наследия.

Убежден, что реализация программы ЮНЕСКО будет способствовать этим благородным целям, станет надежным средством сближения народов, даст новый импульс развитию экономических, научных и культурных связей между нашими странами.

Желаю участникам международной экспедиции успеха в научных поисках, плодотворных дискуссий, направленных на утверждение гуманистических идеалов.

Пусть на маршрутах Великого шелкового пути продолжается диалог народов и культур!

* Газета «Казахстанская правда», 29 мая 1991 года.

**ҚАЗАҚ ССР ПРЕЗИДЕНТІ,
ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
БІРІНШІ ХАТШЫСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ
М.С. ГОРБАЧЕВТИҢ ҚАТЫСУЫМЕН ӨТКЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
АКТИВТИҢ ЖИНАЛЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ***

Алматы, 30 мамыр 1991 жыл

**Құрметті Михаил Сергеевич!
Жолдастар!**

ССРО Президенті мен оның зайыбына біздің республикамызға сапармен келгені үшін шын жүректен алғыс айтсам, осы залда қатысып отырғандардың, сондай-ақ көп ұлтты Қазақстанның барлық халықтарының ортақ пікірін білдірермін деп ойлаймын.

Шұғыл мемлекеттік істер Сіздің, Михаил Сергеевич, қазақстандықтардың өмірімен, қам-қарекеттерімен және проблемаларымен неғұрлым толығырақ та тереңірек танысуыңызға мүмкіндік бермегеніне біз қатты өкінеміз.

Алайда, Сіз осы қысқа уақыттың өзінде-ақ біздің адамдарымыздың дәстүрлі меймандостығы мен шын ықыластылығын сезіндіңіз деп үміттенемін. Олар қазіргі бетбұрысты, қарама-қайшы уақыттың көптеген қиыншылықтары мен ауыртпалықтарына қарамастан, қайта құруға шын ниетімен сенеді, қоғамымызды түбегейлі жаңартудың Сіз жүргізіп жатқан саяси бағытын қолдайды.

Қазақ халқының өз тарихы, ұлттық дәуірлеуі, мемлекеттік егемендігі, ана тілін аман сақтап қалу туралы, қазақтарды құрып кету немесе толық ассимиляциялану шегіне қойған көптеген қырсықтар туралы тек 1985 жылғы сәуірде басталған қайта құру процестерінің арқасында ғана бар даусымен айта алғанын біз түсінеміз.

Өткеннің қайғылы қателерін түзей отырып, көп ұлтты Қазақстанның біз барлық дерлік азаматтарының праволары мен бостандықтары туралы олардың ұлтына, тіліне, дініне, партиялар мен қоғамдық қозғалыстарға қатыстылығына қарамастан, бірдей дәрежеде қамқорлық жасап келеміз.

Мұндай саясат қазақстандықтарға түсінікті. Олар оған сенеді, және бүгінде жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық реформалар сайып келгенде өз жемісін беріп, еліміздің барлық халықтарымен бірге өздері мен өз балалары үшін адамға лайық өмір орнатуына мүмкіндік туғызады деп үміттенеді.

* «Социалистік Қазақстан» газеті, 1 маусым 1991 жыл.

Бұл сенім елеулі әлеуметтік және экономикалық қиыншылықтарға қарсы тұруға, республикада тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты сақтауға көмектесіп отыр.

Социологиялық пікір анықтаудың деректері бойынша, республика халқының басым көпшілігі – 85 процентке жуығы – қазірдің өзінде жасалған нақты қадамдарды, сондай-ақ Қазақстан басшылығының нарыққа көшу, дүниежүзілік экономикаға кіру жөніндегі жалпы бағытын қолдап отыр. Ол бағытты әзірлеуге еліміздің белгілі экономистері, шет елдердің көрнекті ғалымдары қатыстырылды.

Саяси тұрақтылықты сақтай отырып, біз бұрынғы экономикалық құрылымдарды, оның үстіне – бұрынғы экономикалық және саяси ойлау жүйесін сақтап қалуға тіпті де ұмтылып отырған жоқпыз.

Егер республикада болып жатқан экономикалық өзгерістер процестеріне мұқият зер салатын болсақ, серпінді қақтығыстардан және шұғыл дамудан толып жатқан күрделі де қарама-қайшы құбылыстарды байқауға болады. Біз ескі схемалардың, басқару құрылымдарының, өзара байланыстардың ыдырап жатқанын көреміз.

Мұның өзі өтпелі кезеңнің сөзсіз және біршама шетін объективті сәті. Бұл кейбіреулердің бойында – республикада ғана емес, сондай-ақ елімізде де – аласапыран сезімін, ал оның ізінше ескі тәртіптерге қайта оралу ниетін туғызады.

Бұған орай не айтуға болады?

"Жоспарлы экономика" дейтінді аңсап, көз жасын көлдетіп жүргендер ол жоспардың іс жүзінде қандай болғанын еске түсіріп көрсін!

Олар қағаз жүзінде ғана болды. Ал іс жүзінде – жаппай алу, теңдестіру деген атымен жоқ, алуан түрлі түзетулерден, қайталама есептерден және орасан зор, күйзелтерлік шығындардан аяқ алып жүргісіз алдамшы нәрселер болатын.

Ескіге қайта оралу жоқ қой деп ойлаймын.

Мұны республиканың экономикалық, әлеуметтік және саяси өмірі жаңа формасының елеулі өсуі, мен тіпті айтар едім, қызу шымырлана түсуі қуаттайды. Жауыннан кейінгі саңырауқұлақтардай акционерлік қоғамдар мен коммерциялық фирмалар, товар және қор биржалары, бірлескен банктер мен кәсіпорындар пайда болуда. Әрине, "шіріген жұмыртқалар да" жоқ емес, бірақ соған қарамастан, басым көпшілігінде әсіресе, аграрлық секторда жаңа құрылымдар ескілерінен сан есе тиімді екендігін практика көрсетіп отыр.

Жаңалық әлеуметтік, саяси салаға да белсенді енуде.

Халықтың әртүрлі топтары мен жіктерінің мүдделерін білдіретін қоғамдық қозғалыстар, ұлттық мәдени орталықтар, діни ұйымдар, экологиялық қоғамдар, шығармашылық одақтар пайда болып, жұмыс істеуде.

Рас, бұл жерде де іркілістер бар.

Бірақ біз: пайда болып және нығайып келе жатқан полицентризм, өмірдің сан алуан қырлары, жанасу, мен айтар едім – әртүрлі ұлт адамдары мүдделе-

рінің, көзқарастарының, сенімдерінің, экономикалық ынта-ықыластарының бірін-бірі толықтыруы бөріне және барлығына партиялық-мемлекеттік монополия жүргізуден гөрі қоғамды жүз есе күштірек орнықтырады деген объективті тұжырымнан бас тарта алмаймыз.

Біз Қазақстанда жаңаның жасампаз толысуы, жаңа экономикалық және қоғамдық құрылымдардың өздігінен құрылуының сан қырлы және көп күрделі процесі жүріп жатыр деп айта аламыз.

Сондықтан республикалық мемлекеттік басқару органдарының міндеті – өзінің қызметінде осының барлығын неғұрлым жете ескеру.

Әрине, жаңа ғана етек жайып келе жатқан құрылымның праволық іргетасы қаланса қуанышты, мысалы, республикада шетел инвестициясы мен капиталын қатыстыру және қорғау, еркін экономикалық аймақтар туралы, көптеген басқа заң актілері осының негізі.

Ал таяуда біздің басты нарықтық құжатымыз – мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы заң қаралмақ. Оны орындауға біз бірден кірісуге дайындалып жатырмыз.

Алайда, оңтайлы өзгерістердің жолында көптеген бөгеттер бар.

Еліміздегі жағдай күрделі бола бастаған сайын, ол да республикада көбейе түсуде. Бұл түсінікті де: Қазақстан ерекше кеңістікте өмір сүріп, дамып отырған жоқ, ал экономикалық және әлеуметтік кінәраттар шекараны білмейді.

Біз қазір экономикадағы тоталитаризм мен әкімшілдіктің "жемісін" айқын көріп отырмыз.

Орталық жергілікті жерлердегі көнгіш "көсемдердің" көмегімен республиканы еліміздің шикізат шылауына табан аудартпай айналдырып отырған өндірістің салаларын ғана күшті дамытып келді.

Қалпына келтірілмейтін табиғат ресурстарын парықсыз әрі арзанға тонап келді.

Ал бізге: көмір қазындар, кен шығарындар, металл балқытындар, ал қалғанына қам жемендер, қазақстандықтарға қажеттің барлығын басқа жерден жеткізіп береміз деді.

Мен мұндай саясатпен ілесіп жататын экологиялық апаттар туралы айтып отырған жоқпын. Аралдың тақсіреті, Семей полигоны ауданындағы табиғатқа жасалған ядролық зорлық біздің ата-бабаларымыздың жеріне деген тағылық қатынастың түгесілмейтін үлгілерінің ең көрнектілері ғана.

Міне, енді, бұрынғы экономикалық байланыстар үзілісімен, жеткізілімдер бұзылысымен-ақ, Қазақстан мен барлық Орта Азия республикалары кедей жамағайын кейпінде қалып отыр. Халық тұтынатын товарлардан бастап, технологиялық жабдықтар мен бюджет қаржысына дейін – осының бәрін бізге енді жалынып сұрауға тура келіп отыр.

Егер біз де өз тұтынушыларымызды – ал бұл азды-кемді Совет Одағының барлық аймағын – бізден шикізат жеткізілімін сұрауға мәжбүр ете бастасақ не болмақ?

Онда елімізді толық күйреу күтіп тұр.

Бұған жол бермеу үшін, біздің экономикамызды топтастыруға қабілетті шаралар керек. Бетімен кетуге және шалқақтауға бұдан әрі шыдаудың ешқандай реті жоқ.

Қазақстан өткен бесжылдықтың міндеттемелерін табысты орындап шықты. Бірақ 1990 жылдың ортасынан бастап республикада қоғамдық өндірістің өсу қарқыны құлдырай бастады. Бұл тенденция оның алдындағы жылмен салыстырғандағы абсолютті төмендеуіне ұласты.

Сірә, біз дағдарыстың экстремальды нүктесінен әлі өтпеген болармыз, ал оның көлемі туралы біз тек қана жобалай аламыз. Өкінішке қарай, ол экономиканың барлық өрісі мен саласында ұзаққа созылған сипат алды.

Осының барлығы әлеуметтік-саяси жағдайға өте теріс әсер етіп, халықтың, әсіресе өмірлік деңгейі күрт төмендеген металлургиялық, шахтерлердің дәлелді наразылығын тудырып отыр.

Қарағанды шахтерлері парасаттылық пен ұстамдылық көрсетті, өздерінің проблемаларының шешілетініне сеніп, ереуілден бас тартты. Бірақ ССРО және республика үкіметтері уәделерін орындауы керек. Және ең бастысы, сайып келгенде, шахтерлер коллективтеріне өндірілген өнімге иелік етуіне шынайы дербестік беру керек.

Біз өндірілген өнімнің бір бөлігін республика кәсіпорындарының қарамағына беру туралы, оның кәсіпорындарға экспорттық жеткізілімдерге лицензия беруге деген правосы туралы мәселені бірнеше дүркін қойдық.

Алайда ол осы уақытқа дейін шешімін таппай отыр.

Базалық салалардағы ауыр жағдай кәсіпорындар арасындағы шаруашылық байланыстардың үзілуінен, кооперациялық жеткізілімдердің іркілісінен, шикізаттың жоқтығынан, негізгі қорлардың белсенді бөлігінің күшті тозуынан, еңбек тәртібінің нашарлауынан туған. Мысалы, Ақтөбе хром қосындылары заводының кальцийленген сода жеткізіліміндегі олқылық еліміздегі тапшы өнімді шығаруды төмендетуге әкеліп соқты.

"Казстройполимер" бірлестігі жұмысының толығымен берекесі кетті, ал оның қуаты тек Қазақстанның ғана емес, сондай-ақ бүкіл Орта Азияның қажетін қамтамасыз ете алар еді.

Алайда импорт бойынша шикізаттың кем жеткізілімінің салдарынан бірлестік 1,6 миллион шаршы метр линолеум берген жоқ. Осы себептен, сондай-ақ Россиядан ағаштың кем жеткізілімінен мыңдаған қоныстанушылар іс жүзінде дайын тұрған үйлерге кіре алмай отыр.

Сізге, Михаил Сергеевич, Шымкенттің бірқатар кәсіпорындарының басшылары мәлімдегеніндей, ызылған жіптің жоқтығынан "Чимкентшина"

өндірістік бірлестігі шарттық міндеттемелерді тек 79 процентке орындап отырғандығын жеткізгім келеді. "Карбид", "Фосфор", "Химпром" сияқты ірі өндірістік бірлестіктер тоқтап қалды немесе толығымен тоқтау шегіне жетті.

Бұларға Россия Федерациясының заводтары кокс жеткізілімін орындамай отыр.

Сондай-ақ шикізаттың кем жеткізілімінен халыққа товар шығаратын кәсіпорындар да ауыр жағдайда қалды.

Біз аграрлық секторда күшті қиыншылықтарға тап болдық.

Байқап қарасақ, биылғы ауылшаруашылық жылы күрделі болғалы отыр. Көктем ылғалсыз болды, жемшөптің қажетті көлемін жинай алмайтындай қауіп бар. Мамырдағы үсік қант қызылшасы мен көкөніс бақша дақылдарының төрттен бір бөлігін жойып, баулар және жүзімдіктер зиян шекті.

Күрделі құрылыстағы жағдай алаңдатып отыр. Құрылыс көлемі азайып, тұрғын үй және әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық объектілер салу қарқыны төмендеп кетті, өндірістік қуаттарды енгізу толығымен дерлік тоқтады.

Тұрғын үйлер, мысалы, 4 айдың ішінде өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда біршама аз тапсырылды.

Басты себебі құрылыс-монтаж жұмыстары бағдарламасының материалдық ресурстармен теңдестірілмеуінде, оларды жүзеге асырудағы ұдайы олқылықтарда, сондай-ақ технологиялық жабдықтардың біршама кем жеткізілімінде болып отыр. Жеткізілім берушілер тапшы материалдар үшін автомашина, азық-түлік және тағы басқаларын талап етеді. Қазір бірде-бір күрделі объектіні толық жабдықтау мүмкін емес.

Әрине, біз қолды қусырып қарап отырған жоқпыз. Проблемалардың біршама бөлігін республикааралық байланыстарды пайдалана отырып, өнім және басқаларын айырбастау негізінде, басқаша айтқанда "жаңа" жолдармен шешудеміз.

Негізінде, бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша, тұрғын үй салудың кем дегенде 50 процентін жүзеге асыра аламыз деген сенімдеміз.

Басқа объектілер бойынша да, әсіресе, товар шығару, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу және сақтау қуаттары бойынша да белгілі бір айқындық бар.

Инвестициялық саясатты өзгерту туралы айта отырып, Қазақстанға тән проблема, минералдық шикізатты шығару проблемасына тоқталғым келеді.

Бұл салалардың көлемді қорды қажет ететін өндірістері зор әрі күрделі тау-кен жұмыстарын талап етіп отыр. Қажетті қаражаттың жоқтығынан олар жүргізіліп жатқан жоқ немесе шағын көлемде жүргізілуде. Ал ол таяудағы болашақтың өзінде-ақ өнім шығарудың төмендеу қаупін тудырып отыр, олай болса бүкіл еліміздің экономикасына да теріс әсер етпек.

Базалық салалардағы дағдарыстан шығу, ал бұл экономиканың негізгі қой, едәуір көп күш жұмсауды және белгілі бір уақытты қажет етеді.

Жекелеген республикалардың тайталасты қаржы саясаты мен баға белгілеу реформасы бізді қаржы жөніндегі қиыншылықтың шегіне жеткізуде.

Экономикалық келісімге сәйкес республика 1991 жылы одақтық бюджеттен 6 миллиард сом мөлшерінде субвенция және бөлшек сауда бағасының қымбаттауына байланысты бірыңғай одақтық-республикалық әлеуметтік қолдау қорынан халыққа өтем төлеу үшін 2,8 миллиард сом алуға тиіс екені мәлім. Алайда дотациялардың осы жалпы сомасынан қазіргі кезге дейін бірде-бір сом алынған жоқ.

Бізге жыл басында несие тәртібімен берілген 815 миллион сом көрінеу жеткіліксіз. Оның үстіне оны қайтару керек. Өнеркәсіп өнімінің көтерме сауда бағасының және ауыл шаруашылығы өнімінің сатып алу бағасының тең емес қымбаттауына байланысты өтелмейтін шығын 8,4 миллиард сом болып отыр.

Сонымен бірге бөлшек сауда бағасының қымбаттауына байланысты шығынды өтеу үшін ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне тағы да қосымша 2 миллиард сом қажет болып отыр. Осының нәтижесінде республика бюджетінің тапшылығы 14,4 миллиард сомға жетті, бұл орайда шығынының 47 проценті өз табысымен өтелмейді.

Бұл жағдайдан шығатын екі жол бар.

Тұтынушыларға еліміздің ішінде шикізат берудің тұрақтылығын сақтау үшін біз не есептік көлемде субвенция алуымыз керек, не саудаға еркін немесе халықаралық баға бойынша көшуіміз керек.

Екінші нұсқа бойынша біз республиканың товарлар, материалдар және жабдық жөніндегі қажеттерін импорт есебінен қанағаттандыра аламыз.

Мұны да шешу керек.

Біз қаржы ресурстарын іздестіру жөніндегі барлық шараларды қолданып жатырмыз. Қаржының түсуі кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдасы, бағалы қағаздарды сату, халықтың жинақ банкідегі салым ақшасының артуы және басқалар есебінен көбейді. Бірақ әлеуметтік және өндірістік бағдарламаларды қаржыландыру үшін бұл жеткіліксіз.

Қазақстанда ССРО Министрлер Кабинеті мен егеменді республикалар үкіметтерінің нарыққа көшу жағдайында еліміздің экономикасын дағдарыстан шығару жөніндегі бірлескен іс-қимылдар бағдарламасын ескере отырып, тиісті республикалық бағдарлама, сондай-ақ мемлекет иелігінен алу және меншікті жекешелендіру бағдарламасы әзірленді. Олар республика Жоғарғы Советінің сессиясына енгізіледі.

Біздің негізгі міндеттеріміздің бірі – халықты азық-түлікпен жабдықтаудың нашарлауына жол бермеу ғана емес, сонымен бірге тұтыну рыногындағы жағдайды дәйектілікпен жақсарту. Бұл үшін кез келген мүмкіндік пайдаланылып келеді. Мысалы, барлық азаматтардың түгел бақша алуына рұқсат етілді. Осы мақсат үшін қазірдің өзінде 65 мың гектар жер бөлінді.

Сонымен бірге біз мемлекеттік тапсырысты, негізгі азық-түлік дақылдарының талаптарын бұрынғы көлемде сақтай отырып, әдеттен тыс шараларға да бардық.

Сонымен қатар ауыл еңбеккерлерінің майлы және жармалық дақылдарды өндіру көлемін ұлғайтуға мүдделілігі арттырылды.

Республиканың негізгі астықты өңірі – тың еңбеккерлерінің көңіл-күйі Сізге, Михаил Сергеевич, белгілі.

Сіз Көкшетау облысында болып, күдік келтірушілердің болжамдарына қарамастан, Қазақстанның қазірдің өзінде дәнді дақылдар егісін аяқтап қалғанына көз жеткіздіңіз.

Селода меншік пен шаруашылықты жүргізудің алуан түрлі формаларын дамытып, нығайту жөнінде қыруар іс тындырылуда. Жалгерлік бағыттағы коллективтерде қазір 1 миллионнан астам адам еңбек етеді. Аграрлық-өнеркәсіптік кешен жүйесінде 2 мыңға жуық кооператив, 640-тан астам шаруалар қожалығы және 46 акционерлік қоғам жұмыс істеуде.

Ал мұның өзі бір сән қуалау емес.

Біз мынаны есептеп шығардық: жеке сектордың қарамағындағы жер көлемінің 1 проценті ғана бізге өндірілетін ауылшаруашылық өнімінің 30 процентіне жуығын береді екен және мұның үстіне бұл өнімнің өзіндік құны совхоздағылардан 2-3 есе төмен.

Бірақ та республиканың ауыл шаруашылығына пәрменді көмек керек-ақ, әсіресе материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөнінен көмек көрсету аса қажет.

Болашақтағы егінді жинау бізді қазірдің өзінде алаңдатып отыр.

Қазақстан – еліміз валютаға сатып алынып жүрген азық-түлік астығын басқа республикаларға шығаратын және беретін жалғыз республика. Оны сомға сата отырып, біз өзімізден астық алатын республикалар мен облыстар тракторларды, комбайндарды, автомобильдерді, қосалқы бөлшектерді жүз процент беруді қамтамасыз етеді деп үміт артуға хақылымыз.

Тракторлар мен көп жүк көтеретін автомобильдер үшін аккумуляторларды, пестицидтерді, азот тыңайтқыштарын беру мәселелерін дереу шешу керек.

Жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етуде айқындық жоқ. Оған арналып қор бөлінген емес.

Сонымен бірге картоп пен көкөністі, жеміс пен жүзімді сақтап, ұқсататын жабдықты, технологияларды шет елден сатып алу мәселелерін шешу керек.

Біз мал шаруашылығын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлуді өтінеміз.

Жаппай тапшылық жағдайы шаруашылықтардың басшыларын ысырапшыл бартерлік мәміле жасауға мәжбүр етуде. Соның салдарынан республиканың ет ресурстары талан-таражға түсіп, одақтық қорға ет, сүт өнімін беру күрт қысқаруда.

Біз қалай дегенде де өткен жылғы егін жинау науқанынан қорытынды жасауға тиіспіз.

Ауыл еңбеккерін оның проблемаларымен және қиындықтарымен бетпе-бет жападан жалғыз қалдыруға болмайды. Бұл проблемаларды шешуді одан әрі кешеуілдету ысырапқа апарып соқтырады, сөйтіп азық-түлікпен жабдық-таудың орнына еліміз аштық шегіне қойылары сөзсіз.

Ақыр соңында, тәртіпті жолға қою және ауылшаруашылық өнімінің және селоға берілген техникалық жабдық пен механизмдердің баламалы бағасына қол жеткізуі керек.

Селоны тонауды тоқтататын кез келді.

Бұл жөнінде бірнеше мысал.

Ленинград трактор зауыты "К-701" тракторының 35 мың сом деп тіркелген көтерме сауда бағасының орнына шарттық баға – 48,4 мың сом деп белгіледі. Астық жинайтын бір "Дон-1200" комбайнын 38 мың сом бағамен сатып алу үшін 100 тоннадан астам астық немесе 60 тонна сүт не 9 тонна ет сату керек. Село тұрғындарының бұған шамасы келе ме? Тіпті өткен жылғы рекордты егін түсімі жағдайының өзінде республиканың көптеген шаруашылықтары өз еңбектеріне есептелген жалақыны төлей алмай отыр.

Жалпы алғанда өндіріс құрал-жабдығы мен қызметтердің жаңа сатып алу бағасында көзделмеген қымбаттау 11 жарым миллиард сомға жуық болып отыр!

Сондықтан біз аграрлық-өнеркәсіптік кешенге берілетін өндіріс құрал-жабдығының және оған көрсетілген өндірістік қызметтердің тіркелген көтерме сауда бағасы мен тарифтерін белгілеуді табанды түрде талап етеміз.

Өйтпесе біздің одақтық қорға берілетін ет пен астық бағасын арттыруымызға тура келеді.

"Халық шаруашылығы базалық салаларының тұрақты жұмысын қамтама-сыз ету жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Президент Жарлығын республика-да қанағаттанғандықпен қабылдады.

Ол қазірдің өзінде нақты іске асырылуда.

Халық депутаттары жергілікті Советтерінің, олардың атқарушы орган-дарының базалық сала кәсіпорындарының үздіксіз де сенімді жұмыс істеуі үшін жауапкершілігі де арта түсуде.

Сонымен бірге біз одақ пен республика арасындағы меншіктің бөлінуін жеделдету, маңдайшасындағы жазу өзгертілгенімен, ескі әдістермен іс-қимыл жасап отырған салалық одақтық басқару органдарының оны мемлекет иелігінен өздеріне алуын тоқтату қажет деп есептеймін.

Халық депутаттары, облыстық Советтері мұндай тонауға жол бермеуге тиіс.

Базалық салалар объектілерінің Қазақ ССР юрисдикциясына көшірілуі кезінде біз барынша сарабалдық көрсететінімізге және өндірістің үйлестірілуі мен басқарылуын сақтау тұрғысынан абай болатынымызға сендіргім келеді.

Ең маңызды мәселе – шамадан тыс қожыраған қаржыны тұрақтандыру.

Біз орталықтан халық шаруашылығының қаржы жағдайының қалыпқа келтірілуін, бюджет тапшылығының жойылуын, ақша массасы мен эмиссияға бақылау орнатылуын қамтамасыз ететін пәрменді де ойластырылған шараларды күтеміз.

Бюджеттердің қаржы тепе-теңдігінің проблемасын шешпейінше нарық қатынастары жағына қарай басты қадам жасау – меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруге кірісу мүмкін емес.

Бұған батыл да табанды түрде бару, бір орында айналшықтамау керек екеніне біз кәміл сенеміз.

Экономикалық дамудың стратегиясы мен тактикасындағы ірі олқылықтар мен қателіктердің себебі қайта құрудың маңызды шешімдерінің үнемі кешігіп қабылдануында екені, меніңше, қазір жұрттың бәріне айқын.

Мұның өзі орталықтың, сондай-ақ республикалардың, жергілікті өкімет органдарының ортақ тақсыреті мен қырсығы. Іс жүзінде біз экономиканы басқарудың тиімділігі төмен, өзіне түпкілікті дақ түсірген әкімшіл-әміршіл жүйесіне жан бітіруге үнемі әрекет жасап келдік. Ендеше түңілушіліктің ащы дәмін алдағы уақытта татпау үшін таптаурын соқпаққа қайтадан түспейік.

Елімізде ұлтаралық қатынастардың барған сайын шиеленісуін біз басталған игі өзгерістерге төніп отырған басқа бір нақты қауіп деп білеміз.

Республикада осы келеңсіз тенденциялардың алдын алуға, оларға қарсы әрекет жасауға қаншалықты уақыт, күш-жігер мен қайрат-қуат жұмсалып отырғанын қазақстандықтар біледі. Бірқатар аймақтарда аса шетін шиеленісті сақтау әлдебіреулерге өте тиімді, әлдебіреулер осы процестерді саналы түрде немесе, жұмсартып айтқанда, алысты болжай алмайтындығына байланысты қоздырып отыр деген сенім қалыптасуда.

Фактілерді көптеп келтіруге болады – Закавказьедегі азамат соғысынан бастап, Россияның кейбір облыстарындағы шовинистік және тіпті монархистік көңіл-күйлердің күшейтілуіне дейін.

Михаил Сергеевич, айтыңызшы, Сіздің орынбасарыңыз, ел вице-президенті Янаевтың казактар өкілдерін қабылдауын қалай бағалауға болады?

Әңгіме не жайында болғаны бізге беймәлім, бірақ оның өзі Орал облысында жікшілдік қозғалыстардың жаңа толқыны үшін себеп болды.

Ал оған жауап ретінде жергілікті халықтың тиісті қимылы өршіді.

Халықтарды осылайша қақтығыстыру кімге тиімді екенін мен білмеймін, бірақ көпұлтты Қазақстанға, сондай-ақ бүкіл елімізге оның өзі зиян келтіретініне сенемін.

Казактардың жекелеген бөлімдерінің құрылуы туралы әңгімелердің де бізді алаңдататынын жасырмаймын.

Олар кімнен қорғанбақшы?

Бәлкім, бұрынғы патшалық империяның аз ұлттарының есіне қарусыз көшпенділерді отарлау кезеңін салғысы келетін болар?

Сол кезеңдегі алдауды, кемсітуді және қаталдықты халық осы уақытқа дейін ұмытқан жоқ. Жалпы алғанда кейбіреулердің нақты уақыт пен кеңістік туралы ұғымы өзгерген-ау деген әсер қалыптасып отыр.

Мені дұрыс түсінсе екен деймін.

Біз барлық халықтардың теңдігін, лайықсыз ұмыт қалдырылған ізгі дәстүрлердің, әдет-ғұрыптар мен мәдени қазыналардың қалпына келтірілуін, республикадағы барлық халықтар тілдерінің дамытылуын жақтаймыз.

Біз еңбек сүйгіш казактардың ұрпақтары да қазақ жерінде өзін туған үйіндегідей сезінуін жақтаймыз.

Ал проблемаларды туғызып отырған тіпті де олар емес, қайта тар өрісті жеке мүдделері мен шамшылдығын қанағаттандыру үшін адамдар арасында іріткі салуды аса қажет етіп отырғандар.

Егер бізге өзіміздің бейбіт өміріміз, балаларымыз бен немерелеріміздің болашағы қымбат болса, осындай отпен ойнауды тоқтатуды ұсынамын.

Шыдамдылық пен жүйкені әлсін-әлсін сынаудың керегі жоқ.

Тұрлауы жоқ өткен кезді аңсап жүрген авантюристерді ашықтан-ашық ескертемін және сақтандырамын: республикааралық шарттарда және мемлекеттік егемендік туралы декларацияларда қол сұғылмайды деп танылған республикалар арасындағы шекаралардың өзгертілуіне ешқашанда жол бермейміз.

Оның үстіне Қазақстан территориясында казактардың патша режиміне қызмет етуінің жылдығын мерекелеудің қандайына болсын, казак бөлімдерінің құрылуына жол бермейміз.

Республика Жоғарғы Советінің мені қолдайтынына сенемін.

Ұлыдержавалық шовинизм өркендерін шет елдердегі "әулиелердің" инабатсыз кеңестерін шаттана қабылдап отырған кейбір интеллигенция өкілдері де әлпештеуде. Мысалы, өз Отанын көркейту жөніндегі қамқорлық басқа халықтардың қам-қаракеті мен проблемаларын көлегейлеп отырса, осы сөздің толық және мәртебелі мағынасында алғанда өзін интеллигент деп қалай санауға болады!

Ал елімізде кеңінен таратылған даңғаза трактаттың авторы белорустар мен украиндар орыс екенін ұмытты-мыс; қазақтардың жерлері олардың жерлері емес сияқты, деп жар сала жариялаудан қымсынған жоқ қой...

Бірақ өмірді сталиндік лагерьлердің тікенек сым темірінің ар жағынан ғана көрген адам Қазақстанның өмірі мен шынайы тарихы жайында не білуші еді, тәйірі?

Ең жаман сезімдерді қоздыру, бір халықты екіншісіне айдап салу – кем дегенде азғындық, ал осының бәрі түптеп келгенде, біздің біртұтас мемлекетіміздің негізін әлсіретеді.

Михаил Сергеевич, қазақстандықтардың жаңарған Одаққа адал екеніне Сіз көз жеткіздіңіз.

Олар осы мақсатқа бағытталған қандай да болсын қадамды құптайды.

Орталық пен республикалар айқындамаларының жақындасуы байқалған кезде, "9+1" келісіміне қол қойылған кезде келісімнің нәзік өркені жанында "окоптан шыққандардың" гранаталары бірінен соң бірі жарыла бастады. Егер олар өздерінің окоптық дертінен осындай әдіспен сауыққысы келіп отырса, онда мен білмеймін...

Алайда шындықтың аты шындық: бірбеткей, желіккен коммунистер – СОКП-ның қатардағы мүшелері емес, қайта басым көпшілігі аппаратшылар – "Әміршіл социализмге кері қайтайық!" деген ұран тастап, ашықтан-ашық шабуылға шықты.

Екінші жағынан, осы келісімге Россия Жоғарғы Советі басшысының қатысуы демократтарға ұнамады. Бұл жерде ССРО Жоғарғы Советі де ел Президенті мен тоғыз республика басшыларының өз рұқсатынсыз кездескеніне... наразылық білдірді.

Бір-біріне жұлдызы қарсы саяси күштердің осындай "бірауыздылығы" ойлануға мәжбүр етеді.

Бүгінгі басты мәселе – жаңа Одақ.

Сондықтан халық оны жақтайтындардың да, қулық жасап отырғандардың фамилияларын да жеке-жеке білуге хақылы.

Сіз, Михаил Сергеевич, Орталық Комитеттің соңғы Пленумында СОКП-да байқалған жікке жол бермеу үшін мүмкін болған нәрсенің бәрін істегенімізді және оған формальды түрде қол жеткізгенімізді кімнен де болсын жақсы білесіз.

Ал шын мәнінде ше?

Қазір, ел тағдыры қартаға қойылған кезде, партия әлі де болса маңызды қоғамдық күш күйінде қалып отырған кезде біздер, реформалық процестерді кәміл жақтаушылар, біздің партиялық бірлігіміздің елесін сақтағанымыз жөн бе?

Сол елес үшін бізбен бірге партия қатарында бола отырып, қайта құру процестеріне қарсы шығып отырғандардың саяси бағыты үшін жауапкершілікті өзімізге ала аламыз ба?

Ала алмаймыз деп ойлаймын.

Қалыптасқан жағдайда қандай да болсын ішкі партиялық істер бүкіл халықтың түбегейлі мүдделеріне қатысты. Сол мүдделерді лайықты түрде қорғай алуымыз үшін бізді өктемшілдіктің батпағына қасарыса тартқылап отырған "партиялас жолдастарымыздан" іргені аулақ салуымыз қажет.

Коммунист ретінде мен бостандықтың, демократияның, адамдардың теңдігі мен туысқандығының ұлы социалистік идеясынан, "Әркімге – еңбегіне қарай, әркімнен – қабілетіне қарай" деген принциптен бас тартпаймын.

Біздің республикалық партия ұйымының жүздеген мың мүшелері де осыны мәлімдей алады және мәлімдеп отыр.

Осы мәртебелі, ізгілікті идея ешқашан өшпейді. Ол халықтың бақыты үшін күрескендердің жаңа ұрпақтарын өзіне тартатын болады.

Алайда біз "таза" социализмді қызғыштай жақтаушы кейбіреулердің халық өмірін жақсартуды тіпті де ойламайтынын бүгінде көріп отырмыз.

Идеологиялық догмалармен қаруланған олар жеке билігі үшін, өз артықшылықтарын сақтау үшін күресуде.

Осыған байланысты қазір елдегі жағдайды саяси күштердің бірінің ғана дара басшылығын орнату арқылы тұрақтандыру мүмкін емес екенін айтқым келеді.

Өйткені олардың бірде-біреуі дағдарыстан шығу үшін жауапкершілікті әзірше түгелдей өзіне ала алмайды. Билікті, оның үстіне армия мен право қорғау органдарын пайдалана отырып, басып алудың қандай да болсын әрекеттері зорлық-зомбылықтың жаңадан өршітілуіне түрткі болып, жағдайды тұрақтандыруға тіптен де себептеспейді. Керісінше, бұл жағдайда бізді бұқаралық толқулардың қанат жаюы, халық тарапынан саяси күрестің әсіре формалары, саяси пікір алуандығы практикасының толық доғарылуы күтіп тұратын болады.

Ал мұның өзі, сайып келгенде, мемлекетті басқарудың қазіргі кезде қолданылып отырған жүйесінің жойылуын, кең ауқымды жазалау шараларының басталуын, дүниежүзілік қоғамдастық санасындағы еліміздің оң бейнесінің түпкілікті өзгеруін білдіретін болады.

Мемлекет басшысы ретінде, Сіз, Михаил Сергеевич, мұны көрмеуіңіз мүмкін емес.

Бүгін таңда, меніңше, түпкілікті таңдау жасайтын мезгіл жеткен сияқты.

Қай жаққа қарай жүру керек екенін Сіз айқындап алдыңыз: Президент ретінде ССРО Халық депутаттарының съезінде және СОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы ретінде партияның XXVIII съезінде – өзгерістер жолымен ілгері басу керек, ал экономикада нарыққа қарай ілгерілеу керек, дедіңіз.

Енді, тегінде, екінші қадамды жасау – осы ілгерілеуге бөгет болатын нәрседен ендігі жерде іргені ажырату керек.

Біз ымыраға келу жағындамыз. Алайда, адамдардың арасында белгілі бір ортақ мақсат болып, тек оларға қол жеткізудегі тактикада айырмашылық кездескенде ғана мәмілеге келу мүмкін. Оң қапталдан бізді артқа "жарқын тоталитарлық еткенге" шақырып отырғандармен, әсіре сол қанаттан қайдағы бір жалған елесті "мамыражай болашақ" үшін саяси террорға шақырып отырғандармен ымыраласу туралы қандай әңгіме болуы мүмкін!

Мысалы, Таулы Карабахтағы армян-әзірбайжан жанжалының отына май құйып отырғандармен қандай да болсын келісімге қол жеткізіледі деп шынымен-ақ үміттенуге бола ма?

Олар мәселені нағыз азамат соғысына дейін ушықтырып отыр ғой.

Батыл іс-қимылдар жасайтын мезгіл жетті.

Барлық нәрселерде – нарыққа көшуде де, қантөгісті жанжалдардың жолын кесуде де, басқа да көптеген істерде де батыл іс-қимылдар жасайтын кез келді.

Оның бер жағында ымыраға қол жеткізуде де батылдық керек.

Мұнда жақсы өнегелер қазірдің өзінде бар. Мен сәуірдің 23-інде қол жеткізілген "9+1" келісімін, сондай-ақ Одақтық шарттың жобасы жөніндегі әзірлік комитеті мүшелерінің жуырдағы кездесуін айтып отырмын.

Мұны саяси қоғамдық келісімнің – қазіргі қиын жағдайда еліміз үшін бірден-бір дұрыс өркениетті де парасатты жолдың бастауы деп есептеуіміз керек.

Осыған байланысты біз осы саясатқа өзінің адалдығын көрсетіп отырған қазіргі саяси күштердің кез келгенін қолдайтынымызды атап көрсеткім келеді.

Алайда қабылданған шешімдердің мәнге ие болуы және практикада жүзеге асырылуы үшін келіссөз процесін ұйымдастырудағы инициатива өкіметтің ресми құрылымдарының, тікелей Сіздің, Михаил Сергеевич, қолыңызда міндетті түрде болуға тиіс деп есептейміз!

Қазақстан еліміздің басшыларына топтастырушылық бағыттағы инициативаларын дамытуда барынша көмектесуге әзір.

Сонымен бірге бізді кейбір одақтық құрылымдардың, атап айтқанда, ССРО Жоғарғы Советінің жекелеген депутаттарының болашақ Одақтық шартты қалыптастыру процесіне араласуы, оның субъектілеріне өз еркін таңу жөніндегі жосықсыз талап-тілегі қатты алаңдатады.

Бұл мәселедегі біздің айқындамамыз бір мәнді: басқа республикалар сияқты Қазақстан біреудің ақыл айтуына, сондай-ақ өз іс-қимылдарын мақұлдауына немесе мақұлдамауына ділгер емес. Одақтық шарттың мәні мен мазмұнын түзетуге, осы тұрғыда республикалардың және олардың парламенттерінің еркіне күш көрсетуге тырысқан кез келген әрекеттер мүлдем орынсыз. Олар тек соншалықты қиындықпен қол жеткізілген келісімді біржолата бүлдіруі ғана мүмкін.

Басқа да біріктіру сәтін пайдалану өте маңызды болып көрінеді.

Бұл елімізді ауыр дағдарыстан шығаруға қарай жасалған тағы бір қадамға айналуы мүмкін.

Мен дүниежүзілік экономикаға ұйымдасқан түрде қайтып оралу идеясын айтып отырмын.

Сіздің, Михаил Сергеевич, тапсыруыңыз бойынша оны әзірлеумен қазір Г. Явлинский, Е. Примаков айналысуда. Оның "500 күн" бағдарламасының кебін кимеуін шын жүректен тілер едік.

Әрине, оған да балама табуға болады. Айталық, біздің "тарихи талдау" және "бірегей" даму шеңберінде халықаралық экономикалық ынтымақтастық

жөнінде қандай да болсын негізгі бағыттарды қабылдауға болады. Бірақ қателіктерді қайталауға, объективті экономикалық заңдарға, тіпті ақыл-парасатқа апатты идеологиялық күштеуді қолдануды одан әрі жалғастыруға біздің хақымыз жоқ деп ойлаймын.

Ақыр соңында, біз дүние жүзінің ажырағысыз бөлігі екенімізді, сондықтан бірігу болмай қоймайтынын түсінуге тиіспіз.

Ал, осы жолмен неғұрлым ертерек жүретін болсақ, соғұрлым біз шығынға аз ұшыраймыз.

Бұған қоса айтайын.

Біздің еліміз бен дүниежүзілік қоғамдастықтың бірлескен мақсатты іс-қимылы бізге дағдарыстан шығуға; қомақты техникалық және қаржы көмегін алуға, жалпыадамзаттық игіліктерді ұстанатын шын мәніндегі демократиялық мемлекет құруға көмектесіп қана қоймай, сондай-ақ бүкіл адамзаттың – көптеген болашақ ұрпағы үшін шын мәніндегі экономикалық және саяси қауіпсіздікті қамтамасыз етуге де көмектесе алар еді.

Сондықтан біз өз еліміздің дүниежүзілік экономикалық қоғамдастыққа мүше болу идеясын құптаймыз және Совет Одағының батыс елдерімен келіссөзге баратын нақты ұсыныстарды талдап жасауға өз үлесімізді қосуға әзірміз.

Құрметті Михаил Сергеевич!

Қазақстандықтар халықтың өмірін жақсартуға бағытталған батыл және нақты іс-әрекеттерді қолдайды. Өйткені қайта құруға сенеді.

1985 жылдың сәуірінен бері республикада көптеген өзгерістер болды.

Өрине, ауыр күндер де кездесті. Бірақ та жаңарудың жемісті нәтижесі біздің көз алдымызда.

Ең алдымен, бұл нақты қоғамдағы келісімдер, экономикада нақты және айқын бағдарлар таңдау, ақыр соңында, осындай буырқанған жылдарда көне қазақ жерінің тірегі – оның ежелгі дәстүрін сақтау. Отбасында үлкенді сыйлау, кішіпейілділік пен қонақжайлылық, көмекке мұқтаждардың барлығына риясыз қол ұшын беру біздің халқымыз үшін қасиетті болып қалып отыр.

Қазақстан жаңарған федерацияны жақтайды. Оның қалай аталатынын бірлесіп шешу керек.

Бірақ бір нәрсе айқын: бұл ортақ экономикалық кеңістігі бар егеменді ұлттық мемлекеттердің одағы болуы тиіс.

Шекараны ашып, таможняны алып тастап, бірыңғай ақша бірлігін енгізе отырып, өз мүшелері арасында кооперация деңгейін көтере түсу ниетімен Европа қоғамдастығы, міне, осыған ұмтылып отырған жоқ па!

Егер де олай болса өз елімізде барлығын тиісті орнына қоюға шындығында бірегей мүмкіндік болып отырғанда, біз өзіміздің ұлттық шаңырақтарымызға бөлініп алып, халықтар арасына қолдан жасалған бөгет қоймақпыз ба?

Ал, мұның өзі парасатқа қайшы келер еді.

Тек қоғамдық келісім саясатына бірлесіп қолдау көрсету, нарық қатынастарына, өмірдің барлық саласын одан әрі демократияландыруға дейін ортақ бағыт пен дүниежүзілік қоғамдастыққа ортақ интеграциялану ғана біздің барлық күрделі проблемаларымызды шешуге нақты мүмкіндік бере алады.

Көпшіліктің мұндай таңдауды жақтайтынына мен сенімдімін.

Ал біз бұл бағытта шындап қадам жасаған кезде, біздің серіктестеріміздің едәуір көбейе түсетіні сөзсіз.

ВЫСТУПЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСКОЙ ССР Н.А. НАЗАРБАЕВА НА СОБРАНИИ РЕСПУБЛИКАНСКОГО АКТИВА*

Алма-Ата, 30 мая 1991 года

Мы твердо стоим на позиции сохранения нашей страны на федеративной основе. Это будет Союз советских суверенных государств.

Таким образом, центр, наконец, признал суверенность республик.

* Газета «Казахстанская правда», 20 июня 1991 года.

Я всегда считал и продолжаю считать, что как бы ни развивались события в республиках, какую бы игру ни вели политики, у советского народа невозможно отнять принадлежность к великой стране. Кстати, во всем мире соглашение "9 + 1" оценено очень высоко. Все восприняли его как начало консолидации в Советском Союзе.

Нынешние подходы к подписанию договора отвечают интересам Казахстана, его жителей, как, впрочем, и всех советских людей.

Республики не могут разбежаться по разным углам и делать вид, будто нашу экономику, духовную жизнь ничего не связывает. Мало того, расчленив страну, обладающую огромным числом ядерных боеголовок, атомными электростанциями, – значит программировать непредсказуемую ситуацию для всего мира. Это понимают на Западе и Востоке все, кроме отдельных наших недальновидных политиков.

На какой стадии находится подписание Союзного договора сегодня?

После встречи десяти состоялось несколько заседаний Совета Федерации, на которых мы практически по всем статьям согласовали документ. Его уже можно отдавать на обсуждение Верховных Советов республик.

После того, как парламенты наделят полномочиями руководителей делегаций и предоставят им право подписать договор, дело подойдет к концу.

Однако нельзя сказать, что в этой работе нет спорных моментов.

Главный из них – разделение полномочий в вопросах собственности.

Мы исходим из того, что народное хозяйство, богатства недр, наши внешнеэкономические наработки, все, что расположено на территории республики, является ее достоянием.

Центр пытается всячески перефразировать это положение, назвать собственность неким народным достоянием. Но ведь такой подход позволял ведомствам на протяжении многих лет быть безраздельными хозяевами в республиках.

Предлагают также оставить совместные полномочия на собственность. Но это тоже было. И союзно-республиканские министерства действовали, однако подчинение осуществлялось через центр. К тому же нельзя не учитывать, что совместные полномочия потребуют рождения множества инструкций. А дело опять будет тормозиться.

Как видите, речь идет о власти. И так просто ведомства ее отдавать не хотят.

Возникают проблемы и относительно государственного обустройства.

Мы считаем, что законодательный орган страны должен состоять из Совета Республики и Совета Союза.

В первой палате должны быть представлены в равном количестве депутаты от всех союзных республик, предположим, по 50 от каждой. Они должны быть делегированы парламентами республик и нести ответственность за проведение соответствующей линии.

Вторая палата будет избираться, как и сейчас – по окружному принципу. Вот здесь и разгорелся спор.

Как известно, многие автономные образования СССР объявили себя суверенными республиками. Соответственно они требуют равного представительства в Верховном Совете. Таким образом, получится, что Россия будет иметь огромное преимущество в депутатском корпусе.

Бывшие автономные республики желали бы также подписать договор на правах субъектов федерации. Но российское руководство правильно считает, что это приведет к развалу России.

Мы хотим, чтобы Россия сохранилась в целостности.

Это отвечает интересам всех народов.

Кроме того, нельзя допустить, чтобы союзные республики были ущемлены в правах.

Словом, и тут пора приходить к общему знаменателю.

Согласование всех вопросов надо завершить в июне и приступить к подписанию договора.

О ПУТЯХ ВЫХОДА ИЗ КРИЗИСА

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев:

– В Союз силой мы никого не тянем. Но скажу откровенно: если в какой-либо республике строят иллюзии по поводу выхода из кризиса в одиночку, то тем самым обманывают народ.

Только единое экономическое пространство и восстановление экономических связей способны вывести нас из тупика. Ведь в стране нарастает спад производства. Простаивают предприятия, простаивают люди.

Разве можно на это смотреть равнодушно?

В связи с этим у меня есть предложение: собраться руководителям всех бывших союзных республик (местом встречи может стать и Алма-Ата), отбросить все идеологические споры о том, хорош или плох социалистический выбор, нужен ли нам Союз, и решить две острейшие проблемы.

Первое – остановить братоубийственную гражданскую войну, которая повсюду полыхает в Закавказье.

Второе – выработать пути выхода из экономического кризиса.

Надо же, наконец, договориться, как мы переживем осень, как будем зимовать?

Это не праздные вопросы.

Ведь только от забастовок страна недополучила 20 миллионов тонн угля. Это ударит по людям, по всему народному хозяйству.

Можем ли мы спокойно смотреть в будущее?

Надо отбросить все амбиции, забыть о вражде.

Надо сесть за один стол и обсудить эти жизненные вопросы.

Это будет реальным шагом на пути выхода из кризиса.

Есть и другие пути.

Совместно с правительствами республик Кабинет Министров СССР разработал антикризисную программу.

Этот документ вселяет надежды, поскольку учитывает интересы республик. Усилия в предложенной программе сосредоточены на нескольких направлениях – восстановлении хозяйственных связей, преодолении продовольственного кризиса, оздоровлении финансов, расширении внешнеполитических связей.

И, конечно же, предусмотрен целый комплекс мер по социальной защите населения.

Мы этот документ подписали, хотя Россия и Украина воздержались. Тут спор идет вокруг федерального налога.

Убежден, что если мы хотим построить сильное государство, а не какую-то аморфную систему, то должны поддержать идею такого налога.

Думаю, что здравый смысл восторжествует, и мы, наконец, договоримся со всеми республиками.

О ВХОЖДЕНИИ В РЫНОК

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев:

– Этот вопрос того же ряда.

Преобразование собственности, демонополизация экономики – меры, которые должны помочь нам преодолеть спад производства.

Сейчас активно работает Верховный Совет республики, в повестке дня сессии – основополагающие законы рыночной экономики. Вообще сессия подготовлена была очень хорошо, комитеты плодотворно взаимодействуют с правительственными и административными органами.

Разумеется, самый главный закон – о разгосударствлении и приватизации собственности. Над ним мы работали особенно тщательно. Другого пути у нас сейчас нет, хотя вокруг приватизации ходит много разговоров. Нас пугают капитализмом. Мол, мафия будет обогащаться, а мы беднеть...

Давайте отбросим эти страхи.

Ведь человек должен стать хозяином своей судьбы. Сам и только сам обязан нести ответственность за будущее своих детей, семьи.

Этого ему позволит добиться только свобода.

Главный принцип, на который мы будем опираться, проводя приватизацию и разгосударствление собственности, – социальная справедливость.

Многонациональный трудолюбивый народ Казахстана заслужил, чтобы ему была безвозмездно передана часть созданного им национального богатства.

Дело в том, что на протяжении многих и многих лет наше родное государство недоплачивало рабочему человеку немалую долю заработанных им средств. Если в высокоразвитых странах на оплату идет до 60% созданного национального продукта, то у нас – не более 30-33%.

Чего же тут пугать людей капитализмом?

Безвозмездно передавая часть собственности людям, мы создаем им равные стартовые возможности для участия в приватизации. "Шоковой" терапии при этом не возникнет. Процесс приватизации будет разбит на этапы. Начнем с жилья, с мелких предприятий, торговых точек, сферы обслуживания. Затем перейдем к средним предприятиям. Когда узнаем собственника в лицо, начнем создавать акционерные общества на крупных предприятиях. Земля будет передаваться в аренду с правом наследования.

Чтобы закрыть тему так называемой "капитализации", сообщу, что казахстанцы имеют не более 8 миллиардов рублей, которые они смогут пустить на приватизацию. Стоимость же основных фондов в республике, исключая стоимость земли, – 170 миллиардов рублей.

А простому человеку, квалифицированному рабочему, специалисту сельского хозяйства, человеку творческому, талантливому бояться рынка не надо.

Разумеется, есть слои населения, заботу о которых возьмет на себя государство – это инвалиды, дети, многодетные семьи.

Что касается здравоохранения, народного образования, культуры, то основные фонды этой сферы приватизации не подлежат.

Разумеется, здесь можно создавать параллельные, конкурирующие структуры. Рынок вообще будет действовать только при условии конкуренции.

На днях образован Комитет по поддержке предпринимательства и антимонопольной деятельности.

Мы должны также создать независимую республиканскую налоговую инспекцию, которая будет жестко контролировать доходы, не допускать сверхприбылей, создавать условия для развития предпринимательства. Чем больше у нас будет прибыльных предприятий, тем больше средств поступит в республиканскую казну.

Это и поможет реализации республиканских социальных программ.

Многое будет значить активизация внешнеэкономической деятельности. Создание свободных экономических зон, размещение иностранного капитала – все это поможет оживить хозяйство республики.

О СЕМИПАЛАТИНСКОМ ПОЛИГОНЕ

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев:

– Никто без ведома республики не вправе решать вопрос о проведении испытаний на полигоне.

На этот счет принято Постановление Верховного Совета Казахской ССР.

И об этом четко и недвусмысленно было сказано во время пребывания в Казахстане Президента СССР.

Полигон будет перепрофилирован в сугубо научный центр.

Что касается двух взрывов, которые, как говорят военные, надо произвести, чтобы завершить программу исследований, то о них можно будет вести речь, если сам народ, общественные движения, Верховный Совет убедятся в необходимости этого шага.

О ПЕРЕХОДЕ СОЮЗНЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ ПОД ЮРИСДИКЦИЮ РЕСПУБЛИКИ

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев:

– Украина уже такой шаг сделала. Мы также не будем медлить, ибо, создавая сейчас так называемые акционерные общества, центральные ведомства растаскивают национальное достояние всего нашего народа и республики.

Однако надо учесть, что мы не хотим диктат центра сменить диктатом республики. От этого же ничего не изменится.

Мы хотим придать предприятиям вневедомственный статус, сделать их свободными.

О ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ЦЕЛОСТНОСТИ РЕСПУБЛИКИ

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев:

– На собрании республиканского актива с участием Президента СССР была высказана наша позиция относительно амбициозных требований некоторых лидеров казачества о перекройке границ республики.

Никогда, ни при каких условиях, мы не согласимся с такими нелепыми суждениями.

Территория Казахстана неделима.

У нас в стране, кстати, действует Закон об уголовной ответственности за разжигание межнациональной розни и призывы к разделу границ. И пусть тут поймут меня правильно.

Если казачество хочет возродить свои традиции, обычаи, культуру, то никаких возражений быть не может.

Мы последовательно отстаиваем и соблюдаем интересы и права людей всех национальностей, проживающих в республике. Но создавать воинские формирования или праздновать 400-летие служения казачества царю – это уже слишком.

Неужели непонятно, что это вызовет негативную ответную реакцию населения?

Да и кому это нужно?

Я хорошо знаю простое трудовое казачество. Эти люди далеки от таких экстремистских требований.

Тут хотят нажить капитал некоторые наши сограждане, ударившиеся в политику.

Поэтому я обращаюсь к потомкам казаков: сохраняйте спокойствие!

Нам всем надо укреплять обстановку стабильности в республике, дорожить национальным и гражданским согласием.

О РЕАЛИЗАЦИИ ОТДЕЛЬНЫХ УКАЗОВ ПРЕЗИДЕНТА

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев:

– Многих интересует реализация Указов о выделении земель под огороды, дачи, индивидуальное жилищное строительство.

В целом, эти Указы работают.

По состоянию на 5 июня текущего года выделено под индивидуальное жилищное строительство свыше 38 тысяч участков (обеспечено 33% желающих), под огороды – 890 тысяч (93%), под дачи – 176 тысяч (почти 45%).

И по выдаче ссуд все вопросы сейчас сняты.

Другое дело, что в столичной, к примеру, области земельные вопросы решать труднее, чем на целине.

А вообще, самообеспечением продовольственными продуктами всем надо в этом году активно заняться. Понимаю, что это не самый лучший подход к решению продовольственной проблемы, но такова реальность нашей жизни.

Что касается Указа о предоставлении воинам-интернационалистам жилья, так здесь надо наладить жесткий контроль со стороны местных Советов.

О ГОСУДАРСТВЕННОМ ЯЗЫКЕ

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев:

– Мы ввели государственность казахского языка не для того, чтобы возвысить его над другими, а ради его будущего, ради сохранения.

В последнее время в Казахстане открыто свыше 700 детских садов, 230 школ с казахским языком обучения.

Это хорошее начало, хотя работы предстоит немало.

О ТОВАРАХ ПЕРВОЙ НЕОБХОДИМОСТИ

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев:

– В каждом городе надо открыть два-три магазина, в которых бы по талонам продавали товары первой необходимости для малообеспеченных слоев населения – пенсионеров, инвалидов, многодетных матерей.

* * *

В заключение Н.А. Назарбаев сообщил о положении в сельском хозяйстве, о тех трудностях, с которыми столкнулись земледельцы; о необходимости оказать помощь селу в уборке урожая, заготовке кормов.

Кроме того, отметил Президент, уже сегодня надо вести подготовку к работе в зимних условиях.

Главное же сейчас – это стабилизировать экономику и в нормальном ритме переходить на рыночные отношения.

**ҚАЗАҚ ССР ПРЕЗИДЕНТІ, ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ БІРІНШІ ХАТШЫСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ШАХТЕРЛЕРМЕН
КЕЗДЕСУІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ***

Қарағанды, 14 маусым 1991 жыл

М. Владимиров

Бұдан бұрын хабарланғанындай, Қазақ ССР Президенті, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қарағанды облысында болды.

Маусымның 14-інде оның жұмыс күні Т. Күзембаев атындағы шахтаға түсуден басталды.

Жердің төрт жүз метрлік қыртысы астында лаваға дейін төрт жарым шақырым жол жатыр. Ол қаншама күш-жігерді қажет етеді, ал содан соң тағы ең басты істі тындырып, көмір өндіру керек. Шахтердің жұмыс орнында болмай, оның өзін, оның талаптарын түсіну қиын.

...Шахтаның акті залы. Мұнда әңгіме өтті. Н.Ә. Назарбаев Қарағандыға сол үшін келген еді. Дәлірек айтқанда, бұл әңгіме емес, Президенттің шахтерлер алдындағы есебі.

Осы жуырдағы оқиғаларды еске түсірелік.

Наурызда, елімізде шахтерлер ереуілдерінің ең бір қызған шағында, Қарағанды да толқыған-ды. Жергілікті көмір өндірушілер Кузбастың, Донбастың, Воркутаның ереуілшілерімен ынтымақтасуға ұйғарды.

Қарағанды шахталары жұмысын тоқтата бастады.

Сол кезде осында республика Президенті шұғыл түрде ұшып келген болатын. Ол кеншілермен ұзақ та қиын әңгіме өткізді, бірақ келісімге қалай дегенмен, қол жеткізудің сәті түсті.

Саяси талаптар күн тәртібінен алынды. Шынында да, мысалы, мемлекеттің жоғары лауазымды адамдарын ауыстыру мәселесі, әрине, Қарағандыда шешілмейді. Ал енді екі жақ экономикалық талаптарды он алты тармаққа топтастырды.

Президент оларды қарағандылықтар шегіне жеткен шаралардан – ереуілден бас тартатын болса, үш ай ішінде орындауға уәде берді.

Міне, осы он алты тармақ бойынша қазір Н.Ә. Назарбаев есеп беріп тұр.

* «Егеменді Қазақстан» газеті, 18 маусым 1991 жыл.

* * *

Талап:

– "Қарағандауголь" бірлестігіне жалпы валюталық түсімнен меншікті валюталық қорға жарна төлеу ставкасын қырық процентке дейін көбейту.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев:

– "Қарағандауголь" бірлестігінің кәсіпорындарына бұл ставканы алпыс процентке дейін көтеруге рұқсат етілді. Валюталық түсімнің отыз проценті республикаға, ал он проценті жергілікті Кеңестерге аударылады. (Сауал тіпті "асыра орындалды").

Талап:

– Шахталардың еңбек коллективтерін бірлестіктің жұмыс нәтижелеріне қарамастан, кокстенген көмірді жоспардан тыс өндіргені үшін қосымша ынталандыру.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев:

– Мәселе оң шешілді...

* * *

Қысқаша айтқанда, орталықтың заң шығарушылық құзырлығына қатысты екі тармақтан басқа талаптардың барлық тармақтары орындалды.

Президент сонымен бірге таяудағы уақытта Қазақстанда орналасқан одақтық бағыныстағы кәсіпорындардың бәрі республиканың юрисдикциясына көшетінін айтты. Бірақ "орталық" өктемдік "жергілікті" өктемдікпен алмастырылмайды.

Бұл қадамның идеясы: кәсіпорын бүкіл дүниежүзілік кеңістікте азат, ол ешкімге бағынбауға тиіс. Тек республикаға салық төлеуге ғана міндетті, ал мұнда шахта неғұрлым байыған сайын – ол республикаға соғұрлым көбірек салық аударады, соңғысы да соғұрлым байи түседі деген принцип жұмыс істейді.

Шахтерлерді азық-түлікпен жабдықтауды жақсарту жөніндегі талаптарына келетін болсақ, онда облысқа ет, қант жеткізілімі көбейтілді.

Бірақ, міне, мынадай алаңдаушылық туғызатын сәт бар: нақ осы кезде Қарағандының өзі ет пен сүт өндіруді төмендетті, оның үстіне бұл тенденция сақталып отыр. Қоғамдық мал басының өнімділігі мен саны құлдырауда.

Осындай сипаттағы тағы бір факті мынадай: облыста қазір тек қырық қана фермерлік отбасы бар. Салыстыру үшін айта кетелік, Шығыс Қазақстан облысында фермерлік отбасы үш жүзге жуық.

Қарағандының ауылшаруашылық басшыларын шаруалар еңбегінің жаңа формаларының жақтаушылары деп атау қиын. Ол былай тұрсын, өмірге еніп

келе жатқан фермерлікке белсенді қарсылық көрсетудің көптеген мысалдары бар.

Шахтерлердің алдында есеп бергеннен кейін Қазақ ССР Президенті Қарағандыдағы кен-шахта жабдығы және үй тоңазытқыштары заводтарында, Б. Айділдиннің шаруа қожалығында болды. Бақыт өзі шыққан "Победа" совхозының оның қаржы жөніндегі кепілі болып отырғаны да ғанибет. Берілген кредит пен несиені фермер өндірілген өніммен: сүтпен, етпен, бұзаулармен өтейді.

Маусымның 15-і күні таңертеңнен бастап Қарағанды мемлекеттік ауылшаруашылық тәжірибе станциясын аралады. Оны алғашқы тыңгер А.Ф.Христенко басқарады.

Сонан соң Президент өзінің еңбек өмірбаяны басталған сүйікті кәсіпорнына – Қарағанды металлургия комбинатына келді. Ол қаңылтыр цехындағы өрттен кейінгі қалпына келтіру жұмыстарының барысын, өндірісті дамытуға, отпен жұмыс істейтін кәсіп қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуына байланысты проблемаларды сұрап білді.

Бірнеше сағат өткеннен кейін Қарағанды металлургия комбинатының акті залында маңызды оқиға болды.

"Төртеудің шартына" қол қойылды.

Құжат ресми түрде былай деп аталады: Қазақ ССР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың, ССРО көмір өнеркәсібі министрі М. И. Щадовтың, ССРО металлургия министрі О.Н. Сосковецтің, ССРО радиоөнеркәсібі министрі В.И. Шимконың кездесуі туралы мазмұндама.

Шын мәнінде көп үміт күттіретін құжат!

Орталық пен республикалардың байланыстары күйреп, олардың егесі күшейе түскен кезде, бақсақ, одақтық министрлермен де ортақ тіл табысуға болады екен. Одақтық кәсіпорындар жұмыс істейтін республиканың игілігі үшін де, бүкіл еліміздің игілігі үшін де күш-жігерді біріктіретін ортақ мүдделер мен міндеттерді анықтауға болады екен.

Маусымның 16-сы күнін Н.Ә. Назарбаев Екібастұзда өткізді. Мұнда ол "Восточный" және "Богатырь" көмір разрезінде болды, кеншілердің алдында сөз сөйледі.

ВО БЛАГО РЕСПУБЛИКИ И СТРАНЫ*

Караганда, 14 июня 1991 года

М. Владимиров

...Актный зал шахты.

Здесь состоялся разговор, ради которого и приехал Президент Казахстана Н.А. Назарбаев в Караганду. Точнее – не разговор, а отчет Президента перед шахтерами.

Вспомним не столь давние события.

В марте начали останавливаться карагандинские шахты. И тогда горняки выдвинули свои требования. Экономические требования обе стороны сгруппировали в шестнадцать пунктов.

Президент дал слово выполнить их за три месяца при условии, что карагандинцы воздержатся от крайней меры – забастовки.

Вот по этим шестнадцати пунктам и отчитывался сейчас Нурсултан Абишевич Назарбаев.

* * *

Требование:

– Предоставить право объединению "Карагандауголь" увеличить до 40% ставку отчислений от общей валютной выручки в собственный валютный фонд.

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Предприятиям объединения "Карагандауголь" разрешено поднять до 60%.

30% валютной выручки отчислять республике, а 10% – местным Советам. (Запрос даже перевыполнен).

* Газета «Казахстанская правда», 18 июня 1991 года.

Требование:

– Дополнительно стимулировать трудовые коллективы шахт за сверхплановую добычу коксующегося угля независимо от результатов работы объединения.

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Вопрос решен положительно...

* * *

Короче говоря, все пункты требований, за исключением двух, относящихся к законодательной компетенции центра – выполнены.

В ближайшее время все предприятия союзного подчинения, находящиеся в Казахстане, перейдут под юрисдикцию республик. Но "центральный" диктат не сменится "местным".

Идея этого шага: предприятие свободно во всем мировом пространстве, оно не должно никому подчиняться, лишь обязано платить налоги республике, где функционирует. Чем богаче та же шахта – тем больше она отчисляет республике, тем богаче становится и последняя.

Что же касается требований по улучшению снабжения продовольствием, то в область были увеличены поставки мяса, сахара.

Но вот какой тревожный момент: в это же самое время сама Караганда снизила производство мяса и молока. Причем эта тенденция сохраняется – падает продуктивность, численность общественного поголовья. И еще один факт того же порядка: в области сейчас насчитывается лишь 40 фермерских семей. Для сравнения – В Восточно-Казахстанской области их почти 300.

Трудно назвать карагандинских сельскохозяйственных руководителей поборниками новых форм крестьянского труда. Более того, есть немало примеров активного сопротивления зарождающемуся фермерству.

После отчета перед шахтерами Президент Казахской ССР посетил карагандинские заводы горношахтного оборудования и домашних холодильников, крестьянские хозяйства.

**ИНТЕРВЬЮ
ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСКОЙ ССР Н.А. НАЗАРБАЕВА
КОРРЕСПОНДЕНТУ "КАЗАХСТАНСКОЙ ПРАВДЫ"***

Караганда, 15 июня 1991 года

Я БЛАГОДАРЕН КАРАГАНДИНСКИМ ШАХТЕРАМ...

В. Могильницкий

Вопрос:

– Нурсултан Абишевич!

Программа Вашей трехдневной поездки очень обширна. Что самое главное в ней?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Самое главное – выполнение требований шахтеров.

Я обещал встретиться с ними в начале июля. Выдалась возможность сделать это пораньше...

Я благодарен карагандинским шахтерам за правильное восприятие моего обращения к ним. И они сами наверняка поняли, что поступили верно.

Наш бассейн – единственный пока в стране, имеющий на своем счету сверхплановый уголь. И уже заключены контракты на продажу 500 тысяч тонн его за рубеж. Есть решение о том, чтобы 60% вырученной валюты остались шахтерам, непосредственным производителям.

Конечно, пустить всю ее на товары и продукты было бы не по-хозяйски. Хотя в связи с создавшимся положением в снабжении продуктами и товарами народного потребления это и приходится делать. Но важно, чтобы на оставшуюся часть валюты приобрести современное технологическое оборудование для предприятий перерабатывающей и других отраслей.

Посудите сами: такое предприятие, как Абайская швейная фабрика, вполне способна одеть все население области, если ей помочь валютой на покупку нового импортного оборудования, технологических линий, обновления производства.

* Газета «Казахстанская правда», 18 июня 1991 года.

Всю республику может снабжать дефицитными изделиями строящаяся в Темиртау чулочно-носочная фабрика. Но ее в области превратили в долгострой...

Почему бы шахтерам не помочь этим предприятиям выйти из тупика?
От этого только выиграет наше общее дело.

Вопрос:

– Как Вы относитесь к идее создания свободной экономической зоны в Карагандинской области?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Отношусь положительно.

Только не надо думать, что с созданием этой зоны сразу наступит рай.
Нет.

Ее создание – средство к улучшению жизни трудящихся, а не цель.

Объединение "Карагандауголь" может многое сделать для того, чтобы свободная экономическая зона функционировала нормально...

Вопрос:

– Что хотели бы Вы пожелать читателям нашей газеты?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Что можно пожелать людям в наше трудное время?

Конечно, счастья и только счастья – это самый большой дефицит сегодня.

ҚАЗАҚ ССР ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ-АМЕРИКАН МӘДЕНИ ПРАКТИКУМЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ҚҰТТЫҚТАУЫ*

Алматы, 21 маусым 1991 жыл

Қазақ ССР Президенті Н.Ә. Назарбаев:

– Қазақстан мен Америка Құрама Штаттарының өзара қатынастарының әзірше қысқа тарихындағы осынау алғашқы ауқымды да көп салалы шара – қазақ-американ мәдени практикумына қатысушыларды шын жүректен құттықтаймын.

Қазіргі кездесу жаңа достардың жақын танысуы ретінде ойластырылған.

Бұл үшін бүгінде Совет Одағындағы орасан зор өзгерістердің, біздің республикада саясат пен экономикада, ғылым мен мәдениетте көрсетіп отырған бүкпесіздіктің арқасында жақсы мүмкіндіктер жасалған.

Практикумды ұйымдастырушыларға – Қазақ ССР-інің мәдени, әлеуметтік және ғылыми-техникалық дамуының республикалық қоры мен АҚШ-тың Орталық Азиялық қорына шын жүректен ризалық білдіремін. Осы қоғамдық ұйымдардың өздері арасында өзара тиімді байланыстар орнатып қана қоймай, сонымен қатар ынтымақтастықты әлеуметтік маңызы бар істер мен бастамалар арнасына бұра білгені де өте маңызды деп санаймын.

Практикум күндері шын мәніндегі жарқын, мазмұны жағынан гуманистік акцияларға толы болмақ.

Іскер топтар өкілдерінің диалогтары, Семей және Қызылорда облыстарының денсаулық сақтау мекемелеріне медиктер мен экологтардың көмегі, жер сілкінісінен зардап шеккен Зайсанда мектеп салуға педагогтар мен құрылысшылардың қатысуы, филологтардың, музыканттардың, артистердің, студенттердің, діни қайраткерлердің кездесулері мен сөйлейтін сөздері – осының бәрі қазақ-американ ынтымақтастығы ғимаратының сенімді іргетасына айналады, деп сенемін. Және, әлбетте, халықтарымыздың сенімін тереңдету, бай мәдениеттерін, тарихын, дәстүрлерін, тілдерін жақынырақ білу үшін отбасы арасындағы байланыстардың орасан зор маңызы болмақ.

* «Егеменді Қазақстан» газеті, 22 маусым 1991 жыл.

Қазақстандықтардың сан жүздеген отбасылары жаңа достарды өз ошағының басында қабылдауға шын ниетімен әзір екенін білемін.

Американдық меймандарымыз өздеріне бұрын белгісіз болып келген Қазақстанды перспективалы, жаңаруға ұмтылған егеменді республика ретінде қанағат сезімімен танып-біледі деп үміттенемін.

Ал біз болсақ, сіздерге достық қолын соза отырып, өзімізді тәжірибемен және біліммен байытамыз, сенімді серіктер мен әріптестерге ие боламыз.

Баршаңыздың бірлесе жемісті жұмыс істеулеріңізге, толық келісім мен өзара түсіністікке жетулеріңізге тілектестік білдіремін.

Сіздердің күш-жігерлеріңізбен Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасында достықтың берік көпірі орнайтын болсын!

**ПРИВЕТСТВИЕ
ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСКОЙ ССР Н.А. НАЗАРБАЕВА
УЧАСТНИКАМ КАЗАХСКО-АМЕРИКАНСКОГО
КУЛЬТУРНОГО ПРАКТИКУМА***

Алма-Ата, 21 июня 1991 года

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Сердечно приветствую участников казахско-американского культурного практикума – этого первого масштабного и многопланового мероприятия в короткой еще истории взаимоотношений Казахстана и США.

Нынешняя встреча задумана как близкое знакомство новых друзей.

Для этого сегодня созданы хорошие возможности благодаря огромным переменам в Советском Союзе, той открытости, которую проявляет в политике и экономике, в науке и культуре наша республика.

Выражаю искреннюю благодарность организаторам практикума – Республиканскому фонду культурного, социального и научно-технического развития Казахской ССР и Центрально-Азиатскому фонду США.

Мне представляется очень важным, что эти общественные организации сумели не только установить между собой взаимовыгодные связи, но и направить сотрудничество в русло социально значимых дел и начинаний.

Дни практикума будут насыщены по-настоящему яркими, гуманистическими по содержанию акциями.

Убежден, что диалоги представителей деловых кругов, помощь медиков и экологов учреждениям здравоохранения Семипалатинской и Кызыл-Ординской областей, участие педагогов и строителей в сооружении школы в пострадавшем от землетрясения Зайсане, встречи и выступления филологов, музыкантов, артистов, студентов, религиозных деятелей – все это станет надежным фундаментом здания казахско-американского сотрудничества. И, конечно же, огромное значение для углубления доверия, приобщения к богатству культур, истории, традиций, языков наших народов будут иметь межсемейные контакты.

Знаю, что сотни и сотни семей казахстанцев от всей души готовы принять у себя новых друзей.

* Газета «Казахстанская правда», 22 июня 1991 года.

Надеюсь, что наши американские гости с удовлетворением откроют неведомый им прежде Казахстан как перспективную, устремленную к обновлению суверенную республику.

Мы же, протягивая вам руку дружбы, обогатим себя опытом и знаниями, обретем надежных партнеров и коллег.

Желаю всем вам плодотворной совместной работы, полного согласия и взаимопонимания.

Пусть между Казахстаном и США вашими усилиями будет воздвигнут прочный мост дружбы!

**ҚАЗАҚ ССР ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ
РЕСПУБЛИКА ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІНІҢ СЕССИЯСЫНДА
ЖАСАҒАН БАЯНДАМАСЫ***

Алматы, 27 маусым 1991 жыл

Құрметті жолдастар!

Жоғарғы Кеңестің осы сессиясының айқын көрінген сындарлы сипатта өтіп жатқанын қанағатпен атап көрсеткім келеді.

Республиканың экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірінің салаларын қамтитын заңдар пакеті қабылданды.

Мемлекеттік құрылыс проблемаларының кең көлемді шеңбері бойынша жемісті пікір алысылды.

Мен нарықтық бағытты, басқа да маңызды бастамаларды батыл қолдағаны үшін депутаттарға рахмет айтамын.

Түбірлі экономикалық және саяси мәселелерді талқылауда парламент прогресшіл көзқарасты паш етті. Депутаттар біздің тарихымызда тұңғыш рет заңдардың шынайы жасампаздары болды, бүгінгі таңда аса қиын проблемаларды шешуде соншалықты қажет өзара түсіністік пен келісушілікке қол жеткізе білді деп батыл айтуға болады.

Бұл, сөз жоқ, парламентте де, жалпы қоғамда да топтастырушы негіздерді нығайтуға, республиканың болашағы үшін жоғары жауапкершілік ахуалын жасауға септігін тигізеді.

Қазақстанда өзінің мәні жағынан жаңа саяси өкімет институттарының жұмыс істей бастағанына небәрі бір жыл ғана өтті. Алайда осынау біршама қысқа кезеңде де республикада байсалды талдау жасап, барынша мұқият назар аударатын көптеген сапа тұрғысындағы өзгерістер болды.

Сондықтан осы сөзімді мен республика Президенті ретінде Қазақ ССР Конституциясының 114-статьясына сәйкес депутаттарға Қазақ ССР-інің ішкі және сыртқы саясатының неғұрлым маңызды мәселелері туралы хабарлау мақсатымен Жоғарғы Кеңестің алдында жасауға міндетті жыл сайынғы баяндама деп есептеулеріңізді өтінемін.

Өткен кезеңде қабылдаған толып жатқан өкімдер мен жарлықтарды санап шығуға тоқталып жатпаймын, олар сіздерге мәлім. Ең негізгісінен бастайын.

* «Егеменді Қазақстан» газеті, 29 маусым 1991 жыл.

Бізде Жоғарғы Кеңес демократиялық жолмен сайланды, Қазақ ССР Президентінің қызметі тағайындалды, Министрлер Кабинеті құрылды.

Бүгін таңда біз өмірдің өзі талап еткен бұл өзгерістер өзінің жемістерін беріп жатқанын көріп отырмыз.

Республиканың экономикалық және саяси беделі ұдайы арта түсуде.

Үкіметтің функцияларын сапа тұрғысынан өзгертудің оң процесі басталды.

Республиканың халық шаруашылығын басқарудың барлық деңгейінде түгелдей түбегейлі өзгерістер болып жатыр.

Соның нәтижесінде тіпті еліміз душар болған ауыр экономикалық және саяси жағдайға да Қазақстан қалай дегенмен төтеп берді. Өзінің тұрақтылығын сақтады.

Рас, бұл бізге оңайға түскен жоқ.

Егер бүкпесіз айтатын болсақ, бүкіл өткен жыл республиканың егемендігін орнықтыру жолындағы өміршілдік-әкімшілдік жүйенің әлі де сақталып отырған құрылымдарына қарсы күрес белгісімен өтті. Сонымен бірге біз еліміздің әлеуметтік-экономикалық өмірінде де, қоғамдық-саяси өмірінде де мүлде болжап білуге болмайтын, стихиялық даму процестерінің ұдайы қыспағында болдық.

Бірақ, саясатшылардың жанжалдарына, орталық тарапынан жасалып жатқан экономикада бір жақтан екінші жаққа ауытқуға, реформаларды жүргізудегі дәйексіздікке қарамастан, республика әрқашанда принципті айқындама ұстауға тырысып келді.

Егер ішкі саясат туралы айтатын болсақ, біздің алдымызға азаматтық татулық пен ұлттық келісімді сақтау, халық шаруашылығының қалыпты ырғағын қолдау, нарық айқындамаларын праволық жағынан нығайту міндеті қойылды. Мұнда біз белгілі бір оң нәтижелерге қол жеткіздік деп ойлаймын.

Ұ.Қ. Қараманов өзінің сөзінде біздің шаруашылық қызметіміздің қорытындылары туралы, рынокқа қарай жасалған алғашқы қадамдар туралы жеткілікті дәрежеде егжей-тегжейлі айтты. Қайталамас үшін ең басты нәрсені атап көрсетемін.

Республикада қаржы саласында да, өнеркәсіптің, құрылыстың және әсіресе ауыл шаруашылығының көптеген салаларында да бой көрсеткен экономиканың жаңа мемлекеттік емес секторы нақты өмір сүріп, әрекет етуде. Олар – акционерлік қоғамдар, кооперативтер, жалгерлік және коллективтік кәсіпорындар, шаруа қожалықтары, фермерлер, шетелдік әріптестермен бірлескен кәсіпорындар, әртүрлі ассоциациялар мен бірлестіктер. Олар нарық қатынастарына кәсіптік және психологиялық жағынан өзір жүздеген мың адамдардың еңбек және интеллектілік күш-жігерін қазіргі кезде өздеріне шоғырландыруда. Оған мемлекет пен шаруашылық басқару құрылымының едәуір өзгергенін қосу керек.

Қиындықпен болса да біз рынокқа жетер жолдағы көптеген әкімшілік кедергілерді жоя алдық, еңбекшілердің іскерлік инициативасына кеңістікті қамтамасыз ете алдық.

Одақтық деңгейде республика Одақтың сақталуын, жаңарған негіздегі федерацияны құруды ұдайы жақтап келеді.

Қазір, Одақтық шартқа қол қою ақиқат шындыққа айналып отырған кезде, еліміздің үкіметі ақыр соңында республикалармен бірлескен іс-қимылдардың бағдарламасын әзірлеген кезде, біз оң өзгерістер көп ретте Қазақ ССР-інің бекем бағытының нәтижесі, республика парламенті мен үкіметі тындырған ұлан-ғайыр топтастырушы жұмыстың қорытындысы болып табылады деп айтуға хақылымыз.

Көлбеу бағыттағы байланыстарды тереңдетіп, дамытуға қыруар күш-жігер жұмсалды.

Біздің Орта Азия республикаларымен, Россиямен, Украинамен, Белоруссиямен шарттар жасасқанымыз мәлім. Бұл шарттар өзара міндеттемелерді орындауға, аймақтық проблемаларды шешудегі дербестігімізді орнықтыруға игі ықпалын тигізді. Ал шарттарды іске асыру механизмі әлі де едәуір жетілдіруді қажет ететіні де даусыз.

Біздің борышымыз – еліміздің барлық республикаларымен дәстүрлі достық қатынастарды сақтау. Бірақ турасын айтуға тиіспін, біздің ең жақын көршілерімізбен бізді ортақ тарихи тағдырлары біріктіретін Орта Азия халықтарымен бірлікті нығайтуға біз барынша ерекше назар аударамыз.

Республикааралық ынтымақтастыққа деген жаңа көзқараста терең саяси мәні бар деп білемін. "9+1" келісіміне қол қою, Одақтық шартты әзірлеу жұмысын жеделдету көп ретте республикалар арасындағы байланыстарды нығайтудың, олардың өзара іс-қимылдардың нәтижесінде болғанына көміл сенемін.

Сонымен бірге, жаңа Одаққа кіруге әзір емес республикалар халықтарының ерік-тілегін құрметтей отырып, біз соған қарамастан оларды экономикаға, нарыққа көшуге байланысты проблемаларды бірлесіп шешуге шақырамыз. Бұл проблемаларды жеке-дара жүріп шешуге шамамыз жетпейді.

Қазақстан халықаралық аренада да өзін белсенді түрде көрсетті, мұнда біздің қызметіміз, ең алдымен, сыртқы экономикалық байланыстарды жақсартуға бағытталды.

Бүгінгі таңда республиканың 876 кәсіпорны мен ұйымы сыртқы экономикалық байланыстарға қатысуда.

Бізде 35 бірлескен кәсіпорын тіркелді.

16 сыртқы экономикалық ассоциация жұмыс істеуде.

Бірлескен халықаралық коммерциялық "Альбарака-Қазақстан банк" ашылды.

Республикада әртүрлі шетелдік фирмалардың өкілдіктері тіркелді. Олар шетелдік және республикалық ұйымдардың арасындағы іскерлік белсенділіктің артуына оң ықпалын тигізуде.

Мысалы, шетелдік әріптестердің қатысуымен ғылымды көп қажет ететін өнімнің бірнеше түрін өндіру, былғары-мех және ауылшаруашылық шикізатының басқа да түрлерін ұқсату, құрылыс материалдары мен санитарлық-фаянс бұйымдарын шығару ұйымдастырылды, экологиялық апат аймақтарына азық-түлік өнімдері, балалар тамағы және дәрі-дәрмектік препараттар жеткізілуде.

Өнеркәсіп өндірісі, маркетинг және туризм салаларында Кореяның, Ұлыбританияның, Францияның, Италияның, Испанияның және басқа елдердің фирмаларымен ынтымақтастықтың кең көлемде перспективалары көзделіп отыр.

Азия-Тынық мұхит аймағының елдерімен байланыстарды нығайтуға үміт артып отырмыз. Біз, сөз жоқ, Азия континентінде орналасқандықтан да мүдделіміз және Шығыспен бізді ғасырлар тереңіне тамыр тартқан тарихи және мәдени дәстүрлер байланыстырып отыр.

"Дружба-Алашанькоу" учаскесінде темір жол магистралының пайдалануға берілуі "Жібек жолын" қайтадан қалпына келтірудегі нақты қадам болды. Жуырда Орта Азия республикаларының үкіметтері мен Иран үкіметі арасында осы магистральды Анкараға дейін ұзарту туралы келіссөз жүргізілді.

Таяудағы уақыттарға белгіленген менің Қытай мен Түркияға ресми сапарым Қазақстанның шығыс аймақ елдерімен ынтымақтастығының одан әрі дамытылуына жәрдемдеседі деп үміттенемін.

Сыртқы экономикалық байланыстарды мемлекеттік праволық тұрғыдан қамтамасыз ету, Жоғарғы Кеңестің "Қазақ ССР-інің мемлекеттік егемендігі туралы" декларацияны, "Қазақ ССР-інің сыртқы экономикалық қызметінің негізгі принциптері туралы", "Шетелдік инвестициялар туралы", "Еркін экономикалық аймақтар туралы" заңдарды қабылдауы өте маңызды рөл атқарды.

Министрлер Кабинеті әзірлеген тұжырымдама және сыртқы экономикалық қызметті дамытудың тиісті бағдарламасының, республикалық валюта комитеті құрылуының маңызы зор болды.

Алайда біздің табыстарымыз, егер бұрынғысынша орталықтың қарамағында болып отырған квоталау мен лицензиялау мәселелерінің шешімін өз қолымызға ала алған болсақ, едәуір сүбелірек болуы мүмкін екенін атап өтпей тұра алмаймын.

Республика басшылығы табиғи ресурстарға толық бақылау жасалуына табанды түрде күш салмақ. Қазақстан халқына тиесілі төл меншігімізді сұрап

жалбарынғымыз келмейді, жаңа орталыққа қандай өкілеттіктер беру керектігін өзіміз шешуге хақылымыз.

Біздің талаптарымыздың әділ екенін Москвадағылар түсіне бастаған сияқты.

Одақтық министрліктердің көмір және металлургия өнеркәсіп орындарын Қазақстанның қарамағына беру туралы Теміртау қаласында шартқа қол қоюы – соның ізгі мысалы. Мұның өзі алғашқы қадам ғана деп ойлаймын.

Әзірше өзімізге көмірді лицензиялауды алып отырмыз, оны сатудан түсетін валютаның 30 пайызы республика бюджетіне және 10 пайызы жергілікті Кеңестердің бюджетіне беріледі.

Шетелдік инвестицияларға байланысты мәселелерді шеше отырып, біз тең праволы әріптестер болуға ұмтылды, іскерлік ынтымақтастықтың республика үшін неғұрлым ұтымды, пайдалы нұсқаларын табанды түрде іздедік. Сонымен бірге бизнес дүниесіндегі жұмыстың өзімізге ең қажетті тәжірибесін жинақтадық.

Америка Құрама Штаттарына іскерлік сапар, Түркия Президенті Тұрғыт Өзалмен, Корея Республикасының Президенті Ро Де Умен кездесулер, Қазақстанға келген көрнекті шетелдік бизнесмендермен келіссөздер тікелей мен үшін үлкен мектеп болды.

Осыған байланысты мынаны атап көрсеткім келеді: шетелдік инвесторлар – өз капиталымен қалай болса солай тәуекел етуге әзір отырған ашық ауыздар емес. Оған қоса дағдарысқа ұшырап отырған олардың экономикасы емес, шұғыл көмекті қажет етіп отырған олар емес, қайта бәрі де керісінше.

Сондықтан Батыс пен Шығыстағы іскер адамдардың бүгінде сақ, аңысын аңдыған айқындама ұстап отырғанына таңданарлық ешнәрсе жоқ.

Өйткені оларды еліміздегі тұрақсыз жағдай қатты алаңдатуда.

Олардың біртұтас, берік одақтық мемлекетпен істес болғысы келеді.

Бір ғажабы, біздің қазіргі және ықтимал шетелдік әріптестеріміз Одақтық шартты кейбір саясатшысымақтарға қарағанда әлдеқайда көбірек жақтауда.

Жолдастар!

Мен республика басшылығы өткен кезеңде күш-жігерін жұмылдырған негізгі бағыттарды тізіп шықтым.

Парламентке, сіздердің мүдделіліктеріңізге сүйенбесе, оның мұндай жұмыс көлемін атқаруы қиын болар еді.

Әлбетте, біз, барлық істе бірдей табысқа кенеліп отырған жоқпыз.

Алайда ілгері басу бар, және де аз емес.

Экология, әскери ведомстволармен өзара қатынас сияқты күрделі мәселелерді мысалға алайық.

Республиканың өскелең беделін мен көп жағынан алғанда осы мәселелерде біз ұстаған дәлелді, терең дәйекті және салмақты айқындамамен байланыстырамын. Кез келген ведомствоның қазақ жерінде жауапсыз, қалай болса солай қожалық етуін тоқтатуына шектен шыққан қызба сезімсіз қол жеткізіп отырмыз.

Қазақстанда Арал теңізі тартылып бара жатқан, Семей полигоны түпкілікті жабылмаған, индустриялық алыптар айналадағы ортаны әзірше ластап отырған кезде біз тынышталмаймыз.

Мұны орталық ведомстводағылар жеткілікті дәрежеде жақсы түсінеді.

Экология проблемаларын шешуде бізді ессіз егес емес, тең праволы өзара тиімді әріптестік біріктіруге тиіс екенін қосып айтқым келеді. Нақ осындай сындарлы, ізгі ниетті көзқарас республиканың атом энергетикасы және атом өнеркәсібі министрлігімен, космос саласында жұмыс істейтін ведомстволармен өзара тиімді ынтымақтастықта жемісін берді.

Әлбетте, кейбір мәселелерді біз орталықтың құзырына беретін боламыз. Алайда жергілікті өкімет орындарына енді ешкім де "әкелік ақыл-кеңес" беріп отырған жоқ және бермейтін болар деп үміттенемін.

Біздің кадрларымыз үшін нағыз дербес жұмыс басталды. Мұның өзі бәрін бірдей қанағаттандырып отыр деп айта алмаймын.

Кейде біз таратылған министрліктерді қалпына келтіруге және ескі әміршілдік экономиканы еске түсіруге шақырған үндеулер де естиміз.

Бұл жерде қандай жауап қайтаруға болады?

Ескі тәртіпке қайта оралу бұйрық беріп үйренгендерге орасан зор жеңілдік әкелетініне күмәнданбаймын. Бірақ экономикалық және рухани дағдарыстан шығуға ол көмектеспейді. Керісінше, ел тұйыққа түпкілікті тіреліп, одан енді қайтып шыға алмайтын болады.

Міне, сондықтан да біз жаңа экономикалық құрылымдардың – концерндердің, ассоциациялардың, консорциумдардың қалыптасуын соншалықты ықылас қоя қадағалап отырмыз.

Олар бізге нарық қатынастарын қалыптастырудың алғашқы және, тегінде, ең бағалы практикалық тәжірибесін беріп отыр.

Олардың жұмысы әзірше әрдайым бірдей тұрақты емес. Бірақ, осы икемді құрылымдардың мемлекет пен кәсіпорындардың өзара қатынастарының күрделі процесінде өз орнын қазірдің өзінде тапқаны өте маңызды. Олардың болашағының зор екені күмәнсіз.

Жергілікті Кеңестер де дербестік алды. Өзін-өзі басқару туралы жаңа заңға сәйкес олар сондай-ақ билікті шындап өз қолына ала, аймақтарда әлеуметтік процестерді басқара, нарық инфрақұрылымын дамыта алады және солай етуге тиіс.

Жуырда сессия республикада алғашқы еркін экономикалық аймақтар құру туралы қаулы қабылдады. Бұл да жергілікті Кеңестер үшін орасан зор қызмет ерісін ашып отыр.

Әлбетте, нарыққа кіруіміздің қарқынына әсер ететін бірнеше сыртқы фактор бар.

Бірінші – бұл Одақтық шарт.

Бұл тақырып менің сөйлеген сөздерімде талай рет айтылды. Бірақ мынаны атап көрсетуді тағы да қажет деп санаймын: бірыңғай экономикалық кеңістікті жоғалту, республикалар арасындағы байланыстардың үзілу қаупі – қайткен күнде де Одақты сақтап қалу үшін таратылған насихаттық қауесет емес, біздің болмысымыздың қатал ақиқаты. Қазіргі жағдайдан жеке-дара шығу өте қиын. Орталық пен республикалар арасындағы билікті, әсіресе экономикалық саладағы билікті жіті бөлу негізінде Одақты сақтауды табандылықпен жақтап отырғанымыз да, міне, сондықтан.

Екінші – қазірдің өзінде шектен тыс инфляцияға ұласып отырған инфляцияны жою.

Осы құбыжықты ауыздықтаудың барлық тұтқалары орталықтың қарамағында болып отыр. Бірыңғай ақша жүйесінде жеке алғанда, бір республикада жайлы экономикалық жағдай жасау мүмкін деп ойлау мүлдем аңғалдық болар еді.

Үшінші – белгіленген реформаларды ойдағыдай жүргізу, сомның ішкі өтімділігін жүзеге асыру, жеңіл, тамақ өнеркәсібін жаңғырту және экспортқа товарлар шығаратын өндірістерді құру үшін шетелдік инвестициялар мен технологиялардың қажеттігі.

Осыған байланысты біз дүниежүзілік қоғамдастықпен және, ең алдымен – Батыстың аса ірі елдерінің "жетілмеген" өзара іс-қимылдар жоспарын қолдамай тұра алмаймыз. Явлинский, Примаков және Щербаков тобының инициативасына менің әуел бастан-ақ барынша қолдау көрсеткенімді бүгін де айта аламын.

Күнделікті сана деңгейінде бұл инициативаның елімізде де, біздің республикада да қарсы әрекетке кездесіп отырғанын жасырмаймын.

Батыстың алдында "тізе бүгуге" бейім, "капитализмді жаңғыртуға" ұмтылып отырған, былайша айтқанда, "Отанды арзан бағаға сатып жіберуге" әзір белгілі бір топтарды Назарбаев қолдап отыр-мыс" деп кейбіреулер айта бастады. Мұндай пайымдаулардың барынша аңғалдық екеніне, мен айтар едім, бүкпесіз ақымақтық екеніне қарамастан, оларды қалай дегенмен назардан тыс қалдыруға болмайды.

Мұның себебі мынада.

Менің көзқарасымша, бұл идеясымақты адамдарға бүгінгі тәртіп жағдайында да жақсы тұратындар, еліміздің дүниежүзілік экономикалық процеске бірігуіне өте-мөте бөгет жасағысы, біздің нарыққа қарай қозғалысымызды жалпы тоқтатқысы келетіндер ғана тықпалай түсуде. Олар дүниежүзілік қоғамдастықпен тығыз өзара іс-қимыл болмайынша, дамыған елдермен өзара тиімді кең көлемді іскерлік байланыстар болмайынша, нарық қатынастарын орнату тіпті де мүмкін емес екенін жақсы түсінеді.

Міне, сондықтан "қырғи-қабақ соғыстың" арсеналындағы жеткілікті дәрежеде жауыр болған, бірақ әлі күнге дейін пәрменді болып отырған құралдарды өздерінің мақсаттарына пайдалануда.

Пәрменді болатын себебі жаудың бейнесін, кейбіреулер бізді жаулап алғысы, құлдыққа салып, тізе бүктіргісі келеді деген сөздерді совет адамдарының санасына тым ұзақ, ондаған жылдар бойына сіңіріп келеді және де бұл із-түзсіз кеткен жоқ.

"Тасада" тұрып жасалған кез келген әрекеттерге күдікшілікпен, дұшпандықпен қарауға, идеологиялық үйлесімсіздікке барынша негізделген желбуаз патриотизм сезімі біздің дүние жүзінде болып жатқан процестерді салиқалы түрде бағалауымызға, өзіміздің олардағы рөліміз бен орнымызды түсінуімізге әлі күнге дейін бөгет жасауда.

Нақты мысал мынадай.

Біздің Теңіз мұнай кенішін бірлесіп игеру туралы Американың "Шеврон" фирмасымен келісіміміз төңірегіндегі күрес осы кезге дейін тоқталмай келеді.

Ал оның астарында не жатыр?

Біздің өтінішіміз бойынша ССРО үкіметі шарттың жобасын сараптан өткізіп, жалпы оны мақұлдады, пысықтай түсу қажет бірқатар кемшіліктерді де көрсетті. Тек сарапқа қатысуға бәріне және баршаға әмір жүргізуге дағдыланып алған бұрынғы ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетінің аппараты шақырылған жоқ. Мемлекеттік жоспарлау комитетіндегілер бұған, әрине, өкпеледі де, өздерінің әлі де күшінде екенін және еліміздің мүдделерін өте-мөте қорғайтынын дәлелдеуге тырысып бақты.

Міне, сондықтан біз өткінші пайда үшін табиғат байлықтарын талан-таражға салып жатыр, шетелдік капиталдың жыртықшылық ниеттерін қолпаштауда деген қорытынды шығарған жарияланымдар пайда болды.

Бірақ, қол қойылған ешқандай өзара шарт әлі жоқ.

Алайда, Россия Президентіне кандидат, ССРО үкіметінің бұрынғы басшысы Н.И. Рыжковтың беделін түсіру үшін кейбір редакциялардың кез келген фактіні пайдалануы керек болып, мәселенің мәні басқа жаққа аударылды.

Бір-ақ нәрсені айтайын.

Табиғат ресурстарын пайдалануда көп жыртықшылықты және қарапайым экологиялық нормаларды аяққа басуды біздің елден басқа елдерде бүгін таңда кездестірудің мүмкін екені екіталай. Ал адамдардың өмірі мен тұрмысына немқұрайлы қарау туралы айтпай-ақ қоялық. Басқаны қайдам, бізге, қазақстандықтарға бұл жақсы мәлім.

Бізді "Шевронның" практикасында қызықтырып отырған нәрсе не десек, ол, тегінде, мұнай өндірудің дүние жүзіндегі осы заманғы озат технологиясы, өндірістің аса жоғары мәдениеті, айналадағы ортаның тазалығына керемет қамқорлық болса керек. Фирма дүние жүзінің 67 елінде жұмыс істейді және өте сенімді әріптес ретінде даңқы шыққан.

Ал енді біреудің түймедей мінін көріп өзіміздің түйедей мінімізді байқамайтынымыз ақиқат-ақ.

Бүгінгі таңда елімізде барлығы түгелімен өз экономикасына шетел капиталын тарту үшін белсенді түрде бәсекелесуде. Ал бұл орайда оны өзінің Отанын саудаға салып отыр деп ешкім де есептемейді.

Керісінше, шетелдік инвестициялар неғұрлым көп тартылса, табиғат және басқа ресурстар соғұрлым тезірек қайтарым бере бастайды. Жаңа технологиялар дами бастайды, халықтың жұмыспен қамтылуы, тауармен молықтыру артады.

Ал, сайып келгенде, халықтың тұрмыс деңгейі жақсарады.

Бұл – экономикалық, ғылым мен практиканың әліппесі.

Біздің байланыстарымыздың өзара тиімді сипатта болуға, жіті мемлекеттік бақылауда болуға, дамыған елдермен тең праволы әріптестік принциптеріне негізделген ұзақ мерзімді және ірі ауқымды экономикалық ынтымақтас-тығының бағдарламасы болуын өзінің негізіне алуға тиіс екені басқа бір мәселе.

Бүгінгі таңда "үлкен жетілік" елдерімен уағдаластық шеңберінде нақ осы негіз қалануда.

Алайда дағдарыстан шығу мәселесі тек сыртқы факторлармен ғана тәмамдалмайды. Проблеманы шешудің негізгі ауыртпалығы біздің өзіміздің мойнымызға түседі.

– Вероятно, Вас потому так волнуют нравственные аспекты политических и экономических проблем, что Казахстан на своей судьбе, быть может, в большей степени, чем кто-либо, ощутил все трагические последствия безнравственной политики прошлых лет?

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев:

– Да, мы это ощутили в полной мере и продолжаем ощущать по сей день.

Нам постоянно напоминают в той или иной форме, что мы вроде бы не можем прокормить себя сами, потому и получаем дотации из центрального бюджета.

Но мы получаем дотации не потому, что плохо работаем или чего-то у нас не хватает. Потому только, что Казахстан – республика, производящая

сырье, руду, металл, хлопок, необработанную пшеницу, необработанные шкуры, мясо, молоко. В сыром виде везем все это куда-то на обработку, а у нас искаженные оптовые цены.

Нет, мы не сидим ни у кого на шее, в том числе и у России.

Если кто-то не согласен с тем, что в федеративном государстве должен быть единый налог, то тогда договоримся: вы идите своим путем, мы – своим: поднимем цену той же кустанайской руды для Магнитогорского металлургического комбината на 70%. Или поднимем цены на 42 миллиона тонн экибастузского угля, поставляемого электростанциям России.

Договоримся: если та или иная республика не платит федеративный налог, то пусть платит нам за нашу продукцию по реальным ценам.

Все, что мы получаем от России, мы можем в лучшем виде и в большем количестве купить на мировом рынке, поставляя туда наше сырье.

Судите сами, приведу лишь несколько примеров.

После удовлетворения своих потребностей Казахстан вывозит за пределы республики в год:

- 100 миллионов тонн угля,
- около 10 миллионов тонн нефти,
- свыше 10 миллионов тонн зерна,
- 300 тысяч тонн мяса,
- 80% производимых цветных металлов,
- 90% проката черных металлов и т.д.

Ведь все это в мире называется экспортными возможностями государства, которые могли бы принести немалую валюту.

Выгода – огромна. Но тогда же нет государства!

И мы ведем себя порядочно – не делаем этого. А если те, кто ведет себя порядочно, оказываются в проигрыше – налицо ненормальное положение вещей.

Вопрос:

– Давно ведутся разговоры о том, будто бы в стране есть какие-то республики-доноры, за чей счет разжигаются, богатеют национальные окраины.

А как, по Вашему, существовали ли в нашем государстве какие-то исключительные народы и территории, которые оказывались в выигрыше от того, что государство обирало, скажем, Россию или Украину?

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев:

– Убежден – лучше никому не было.

Всем было хуже.

Политика же центра по отношению к Казахстану была типичнейшим отголоском самой настоящей колониальной политики.

О людях никто не думал.

Критикуем другие страны, что резервации создавали...

А чем сами лучше, если десятилетиями травили людей и природу, не считаясь с тем, что эта земля – чья-то родина?

Казахстанцев спасло огромное пространство. Если бы не это...

Чего стоит один Семипалатинский ядерный полигон!

С 1949 года взрывы в атмосфере.

Первая водородная бомба была взорвана в атмосфере на глазах у людей. По-моему, было таких 260 "открытых" взрывов и 300-360 – "закрытых", под землей...

Вот вам и отношение к "национальным окраинам".

Те, кто в первую очередь страдал от "ядерной зимы", понятия не имели о том, что происходит...

Под покровом секретности скрывалась высшая безнравственность власти.

Мало кто знает, что здесь происходило во время коллективизации в 1929-м году – до 40% казахов погибло, а полмиллиона – выехало за границу.

Я начал говорить о полигоне.

Кроме Семипалатинского, нам известны десятки других на территории Казахстана.

Нам сегодня известно, что в народно-хозяйственных целях взрывали и малые ядерные заряды – таких взрывов было более 20: в Западном Казахстане – Гурьевской, Уральской, Мангышлакской, Актюбинской областях...

Искали нефть – есть такие взрывные методы.

Еще взрывали, чтобы создать под землей емкости для газа. Никто, кроме узкого круга лиц, об этом не знал.

Вот вы говорите о нравственности...

Те, кто до меня сидел в республике на руководящих постах много лет, – известные вам лица. Они же знали, что производятся взрывы в атмосфере. И что жители, ничего не подозревая, дышат этим воздухом.

Как можно было молчать, соглашаться, бездействовать, когда гибнет собственный народ!

Вопрос:

– У руководителей КПСС и СССР существовал, судя по всему, сговор с республиканским руководством, возможный только в условиях полнейшей монополизации власти, при полном отсутствии гласности. Мол, есть государственные интересы, которые превыше любых территориальных, тем более интересов "маленького человека", который, разумеется, смотрит на все "со своей колокольни", не в состоянии мыслить "в глобальных масштабах".

История, наверное, не знала подобных примеров вопиющей политической безнравственности, пренебрежения жизнью и здоровьем людей, презрения, если угодно, к своему народу.

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев:

– Несомненно, существовала корпоративная мораль.

Это была глубоко ошибочная политика.

Безнравственная политика не может быть правильной.

Смотрите: Арал погибал на глазах у руководителей Казахстана и Средней Азии. Ученые давали прогнозы: в каком году на сколько упадет уровень моря, что будет в дальнейшем – все предсказывали.

Так можно было хоть что-то противопоставить?

Связанная с аральской проблемой другая – хлопковая, отравление полей и людей.

Сейчас я дал специальное поручение правительству – все выявить, рассекретить многие тайны, связанные, скажем, с деятельностью космодрома "Байконур" и многих других полигонов.

Вопрос:

– Неужели и сегодня Вы, Президент суверенной республики, не в полной мере осведомлены о том, чем занимается военно-промышленный комплекс на Вашей территории?

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев:

– Представьте себе.

10 миллионов гектаров казахстанской земли сегодня под полигонами.

Мы ревизуем сейчас каждый квадратный метр и ставим условие тем, кто их эксплуатирует: думать не только о безопасности страны, но и о безопасности республики, ее населения.

Посмотрите, как живут люди, чья земля отдана под оборонные нужды.

Для 70% коренного населения это же гетто!

Национальные традиции умирают.

Нашим писателям становится не для кого писать: больше половины казахов не знают родного языка. Дети не знают. Внук с дедом не может разговаривать. Бабка у внучки воды попросить не может по-казахски.

Если сейчас не возродить родную речь, то ее ждет та же участь, что и языки ненцев, чукчей, якутов...

Сейчас потихоньку, со школ, начинаем это возрождение.

Мы разъяснили людям, что государственный язык нам нужен не для того, чтобы он довлел над другими языками. А для того, чтобы он вообще не был забыт.

Там, где большинство коренного населения и есть синхронный перевод, – делопроизводство стараемся вести на казахском языке...

Ну а русский язык нам также необходим, как и государственный. Поэтому и русский язык, и русскую литературу продолжаем изучать во всех школах, ибо понимаем: народу русский язык необходим, ибо это – богатый язык, язык ООН, язык межнационального общения.

Почему мы должны лишать своих детей этого?

Вопрос:

– Простор выручал Казахстан, но и способствовал тому, что республика время от времени сталкивалась с явлениями, не знакомыми многим другим национальным образованиям.

Именно здесь создавалась, как и в Сибири, система сталинских лагерей.

Именно сюда ссылались в годы сталинских репрессий "провинившиеся" народы.

Именно в Казахстан в начале 50-х направлялись гигантские людские массы – на освоение целинных и залежных земель.

Наверное, такое "переселение народов" сказывалось и на морально-нравственном климате жизни республики?

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев:

– Я 20 лет проработал в Караганде.

Куда ни поедешь – лагеря.

Карагандинская система лагерей – КарЛаг. Целиноград (бывший Акмолинск) – Акмолинский лагерь жен изменников родины (АЛЖИР). Степные лагеря – СтепЛаг. Сплошная лагерная зона.

После войны с Кавказа стали выселять в Казахстан "неугодные народы".

Два миллиона прислали ингушей, чеченцев, турок, крымских татар – униженных и оскорбленных, оказавшихся вдали от дома, в чужом климате...

Стали поднимать целину – опять два миллиона человек приехали. Очень разный люд: и подлинные энтузиасты, и зэки, условно освобожденные. Не лучшая, словом, часть общества.

Нередко они вели себя как временщики.

Резко подскочила преступность. Развратили местную молодежь...

Не для всех чужая земля становится родной...

Я сам участник строительства Казахстанской Магнитки. Был направлен по линии Всесоюзной комсомольской стройки. 15 тысяч человек приехали. Работал и с такими – знаете, в татуировках... Тоже не лучшая часть общества. Такая вот шла "селекция".

Вся политика велась по принципу: "разделяй и властвуй". В том числе и кадровая.

В ЦК КПСС кураторы сидят, высчитывают, какой руководитель из какого рода, жуза, чтобы легче их, при надобности, стравить. Когда здесь, "на местах", дерутся, на этой драке можно свою "политику" делать – провести на любую должность тех, кого им надо. Да и республиканские руководители хорошо освоили мастерство интриг.

Скольким талантливым людям исковеркали судьбу!

Все это я пережил.

Хотел бы вот что заметить. Сегодня многие из этих руководителей не у дел – на пенсии и т.д. Однако, судя по их высказываниям, по-прежнему считают, что много сделали для развития республики; что в "их время" в Казахстане, в частности, никакого застоя не было, а был сплошной прогресс и чуть ли не процветание. До коммунизма оставалось – рукой подать.

А как же тогда иссушенный Арал?

А ядерные взрывы в атмосфере над головами у людей?

А поставленный на грань исчезновения казахский язык?

А три миллиона казахстанцев, живущих сейчас за чертой бедности?

А множество других тяжелейших проблем, отнюдь не сегодня возникших?

Мне кажется, все дело в том, что и сами эти руководители толком не знали и не представляли себе другой жизни, не предполагали даже, что можно жить иначе – шире, богаче, интереснее. Сами, будучи плоть от плоти административно-командной системы, оставались в путах и шорах впитанной ими официальной идеологии. Ну и плюс – оторванность от жизни, от реальных проблем...

Вот в чем всегда была наша беда: руководители сами не были богаче своего народа, были беднее – естественно, в плане духовном, мировоззренческом.

Вопрос:

– Обращают на себя внимание принципиально новые моменты Вашей политики в области "подбора кадров".

Надо – Вы и из Москвы, из США приглашаете людей...

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев:

– Если мы хотим решать наши проблемы на современном уровне, то и кадры должны соответствовать мировому уровню...

Мы сейчас создали фонд Президента страны "Кадры и перестройка".

Предприятия уже перечислили в фонд около двух миллионов рублей, перечисляют валюту. Благодаря этим средствам заключаем контракты, чтобы обучать молодежь за границей в университетах.

В бывшей Высшей партийной школе (ВПС), теперь Институт политологии, открываем курсы на 100 человек. Здесь будущих специалистов будут обучать

как иностранные профессора, так и наши специалисты – например, Г. Явлинский и другие ученые будут приезжать, читать лекции.

В областях создадим прослойку ребят, знающих рыночную экономику. Деловые люди, молодые предприниматели – они, в свою очередь, станут людей обучать. А обученные специалисты уже пойдут в районы, в глубинку...

Такую схему я утвердил.

Подготовку кадров считаю главным вопросом. Жаль, время упустили – слишком долго жили с оглядкой на центр.

Верховный Совет Казахстана меня поддерживает.

Его Председатель – Ерик Асанбаев – очень толковый человек. Он экономист, ученый. Первое время притирался, теперь очень помогает.

Председатель Кабинета министров республики Узакбай Караманов – до мозга костей производственник. На "оперативке" человек незаменимый.

Мой заместитель по Высшему экономическому совету Даулет Сембаев – современный экономист, много лет проработавший заместителем председателя Госплана.

Уже множество раз писалось, что моим экономическим советником является американский профессор господин Чан Йан Бэнг. Человек далеко не бедный, согласился же сотрудничать с нами только потому, что очень хочет нам помочь. Знает всех в экономическом мире. Теперь на подмогу ему придут еще и другие известные экономисты-рыночники из-за рубежа.

Григорий Алексеевич Явлинский нам помогает.

В Высшем экономическом совете у нас подобрались молодые ребята – человек десять. Ставок никаких им не устанавливали, только фонд зарплаты. Это – мозговой трест...

Я сегодня искренне озабочен одним: как людям создать нормальную жизнь.

Говорят: приватизация – это капитализм. Привожу цифры: основных фондов, не включая землю, в Казахстане на 170 миллиардов рублей.

Мы подсчитали, что население республики имеет годовой доход 34 миллиарда рублей. Из них 25 миллиардов – заработная плата.

На сберегательных книжках у казахстанцев 14 миллиардов рублей. Шесть миллиардов где-то "в карманах". Это очень мало. И только на руках имеется восемь миллиардов рублей, с которыми население громадной республики может участвовать в приватизации. На одну семью, я посчитал, приходится 3 100 рублей. Так что говорить о больших запасах денег – великий обман.

Так при каких же средствах людям участвовать в приватизации жилья, например?

Может, в самом деле все скупит мафия, теневики, кооператоры-толстосумы?

В нашем Высшем экономическом совете возникла идея купонного метода. Раз всего 8 млрд. рублей есть на руках, а надо еще хотя бы 30 млрд. дать честным людям, чтобы они не как бедные родственники участвовали в приватизации жилья, то ясно, что где-то их надо взять...

Мы учли: наше родное государство постоянно недоплачивало людям зарплату, в итоге основательно им задолжало. И нашли способ хотя бы часть денег вернуть тем казахстанцам, которые находятся на 7-8-м месте по уровню социального развития в стране, имея такие богатства!

На этом "возвращении долга" и построена программа приватизации жилья.

Вопросы:

– Нурсултан Абишевич, не могли бы Вы сказать, на какие силы опираетесь, проводя свои реформы? Ведь не секрет, что в разных эшелонах власти в республике есть люди, для которых Ваша политика не является органическим следствием их убеждений.

У Вас, как у Президента, есть данное Вам республиканским законом право освобождать от занимаемой должности любого председателя областного Совета.

Не возникает ли ситуаций для того, чтобы Вы воспользовались этим правом?

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев:

– Все, кто не научился еще работать и думать, кто не ищет достоинства в бедности и убогости существования, кто не цепляется за прошлое, в том числе за использование привилегий, – моя опора.

Все настоящие кооператоры Казахстана знают, что я их поддерживаю. Все арендаторы это знают.

На первых порах важно защищать слабого, переломить тенденцию.

Я хочу, чтобы все увидели, что человек, получив 20 совхозных коров, в "своем хозяйстве" уже через шесть месяцев начинал доить от них в два раза больше молока.

Тормозящие силы, несомненно, есть. Но я против того, чтобы ломать их через колено. Мы уже ломали...

Надо с уважением относиться к убеждению каждого, если у него это – глубокое убеждение.

Ломать жизнь, судьбу – не надо.

Вот разовьем приватизацию, малые предприятия... Если кто-то не поймет ничего – сама жизнь его отодвинет на обочину. Время диктует: или поверни свои мозги, начинай помогать, идти вперед, или жизнь сама отбросит тебя.

Я таким людям, будь то директор совхоза или первый секретарь обкома, говорю прямо и откровенно: вот вам моя позиция. Остановить вас меня не удастся: я или уйду, или буду двигаться в этом направлении.

Секретарям казахстанских партийных организаций сказал: вот вам моя программа из трех пунктов:

- первое – Компартия Казахстана за сохранение Союза, за единство нашего государства на новых началах;

- второе – воинствующий, если хотите, интернационализм, за единство народов всех национальностей;

- третье – рынок. Бесповоротно!

Вот вам идеология...

Особенно сопротивляются некоторые руководители крупных областных и районных партийных организаций, которые, как я считаю, просто теряют власть. Присутствует у отдельных людей ностальгия по-прошлому, так как им хочется, чтобы было так, как было прежде.

Вопрос:

– У Вас тоже партия вышла из окопов?

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев:

– Партия не выступает против новых форм хозяйствования, против серьезных перемен в экономике и политике. В этом, я считаю, и заключается главное позитивное отличие республиканской парторганизации – от позиции тех, кто не желает "поступаться принципами".

Вопросы:

– Ну а вылезшие из окопов в других регионах, как, по-Вашему, кого они хотят повергнуть?

Какую политику не приемлют?

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев:

– Очень показателен в этой связи последний Пленум ЦК КПСС.

Сидишь на таком форуме и думаешь: а куда, собственно, ты попал? На какое собрание, в каком году?

Не веришь своим ушам, слыша вопросы типа: а почему реформы экономики не обсуждаются на Политбюро? Почему программу приватизации на Пленуме не обсудили? Почему Павлов перед нами не отчитывается?

Определенно, пока иные сидели в окопах, жизнь ушла далеко вперед. И если кто-то рассчитывает атакой догнать ее и снова вогнать в старое русло, то, во-первых, это невозможно. А, во-вторых, очень опасно.

И, наверное, последнее для своего краха, что сделает партия, как раз это: если вздумает попытаться вернуть прошлое при помощи силы или при помощи комитетов национального спасения будет наводить порядок.

Вопрос:

– Буквально на днях на сессии Верховного Совета Казахской ССР возник вопрос о необходимости проведения в республике всенародных выборов президента.

Как Вы к этому отнеслись?

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев:

– Свое отношение я высказал на сессии.

Республика переживает сейчас очень сложный, ответственный, переломный момент, равному которому еще не знала ее история.

Принят Закон "О разгосударствлении и приватизации" и, тем самым, сделан первый реальный шаг в рынок, в принципиально новый и непривычный образ жизни.

Обратно дороги уже не будет.

Хорошо осознавая всю тяжесть ответственности, которая ложится в этот период на руководителя республики, а также ту меру доверия, которым он должен пользоваться у своего народа, я сказал депутатам: понимаю и разделяю возникшее мнение о всеобщих президентских выборах.

Предложил: решайте!

Если сочтете, что этот вопрос сегодня действительно назрел, давайте такие выборы проведем. Если нет – давайте впредь не будем поднимать его, имея в виду, что в Казахстане есть конституционно избранный президент.

Попросил Парламент твердо высказать свою позицию.

И Парламент высказал: решили, что выборы сейчас проводить нецелесообразно, поскольку доверие народа к главе республики позволяет ему осуществлять свои полномочия, решительно двигаться по намеченному курсу.

Вопросы:

– В общественно-политической жизни страны Вы стали, на наш взгляд, мостом между Россией и центром, между лево-радикальными и центристскими силами.

Как Вы сами смотрите на такую свою роль?

Как оцениваете избрание Бориса Николаевича Ельцина Президентом России?

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев:

– Начну с последнего.

Борис Николаевич знал, что на этих выборах я буду болеть за него.

Просто любой другой кандидат, судя, прежде всего, по их программам, не смог бы стать благом для России. Взять наиболее вероятного претендента – Н.И. Рыжкова. Отношусь к Николаю Ивановичу со всем уважением, но объективно считаю, что реализация его программы стала бы серьезным тормозом для экономической реформы, замедлила бы движение к рынку, по многим позициям обеспечила бы возврат к командной экономике.

Программа Ельцина во всех отношениях гораздо более прогрессивна, ибо держится на трех надежных "китах":

- однозначное движение к рынку,
- радикальная экономическая реформа,
- развитие горизонтальных связей.

В то же время с Ельциным не во всем соглашаюсь. И я об этом уже не раз говорил. Мне импонируют его демократические устремления, желание сохранить Союз. Но вот увлечение конфронтацией с М.С. Горбачевым, бескомпромиссность, отказ от поиска конструктивных взаимоприемлемых решений... Это не всегда шло на пользу делу консолидации. А она нам сейчас особенно необходима.

Из чего я исхожу, отстаивая свои взгляды, выступая за сохранение Союза, за радикальные экономические перемены, за укрепление горизонтальных связей между республиками?

Я исхожу из реальности.

Судьба наших народов, территория, география расположились таким образом, что мы, в хорошем смысле, обречены жить в дружбе.

Мы должны передать всем будущим поколениям нормальную жизнь, нормальную работу. Вот в чем весь вопрос.

Мы, политики, придем и уйдем, а народ и земля останутся.

Будет Россия. Будет Казахстан.

Будут народы этих республик жить в будущем.

Так почему я должен оставить после себя недоумение, недопонимание, драку и рознь? А не дружбу?

Убежден: было бы непростительно, отказываясь от многого плохого, что было в прошлом, забыть и хорошее – интернационализм, дружбу, умение таких разных, таких многообразных народов ладить и жить вместе.

Ведь какой бы сложной и трудной ни была наша история, но она – наша общая история, и она дала нам такой опыт.

Так зачем же отказываться от него?

Основа нормального проживания – это когда народы напрямую торгуют между собой, а мы всегда торговали через анонима. Всю прибыль забирали Госплан, Минфин, потом распределяли – неизвестно куда.

Впервые в этом году я поставил вопрос: мы должны знать, куда мы грузим хлеб. Теперь знаем: около 60 краев и областей России получают хлеб из

Казахстана. А раньше не знали. Торговали через анонима, через монстров. А республики между собой не торговали.

Договоры между республиками – эта идея поначалу не понравилась ни Горбачеву, ни, особенно, Рыжкову.

Так мы же создали основы горизонтальных связей!

Те же самые поставки осуществляем. Еще узнали, что Карагандинский металлургический комбинат, оказывается, не на склад Госснаба грузит, а поставляет металл конкретному прокатному заводу – например, Челябинскому.

Нормальная же торговля всегда в мировой практике была и остается основой настоящей дружбы, подлинного единения. Торговые партнеры не могут быть заинтересованы в нестабильности обстановки друг у друга.

Самое главное сегодня – это Союзный договор.

Новый Союзный договор на совершенно новой основе. И действительно – с необходимыми полномочиями центра.

С полной самостоятельностью республик.

Без Союза мы не войдем в мировой рынок.

Каждую республику в отдельности субсидировать никто не будет, и никакая семерка не признает отдельно взятую республику.

Поэтому, если мы, руководители республик, действительно желаем добра своим народам, надо отбросить политиканство и начать заниматься делом. То есть – экономикой.

Это – главнейший вопрос.

Беседу вели В. Ардаев, А. Плутник.

НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВТЫҢ МӘСКЕУДЕГІ БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ*

Мәскеу, 3 шілде 1991 жыл

Совет одағының экономикасы бүкіл дүниежүзілік экономикамен бірігуге тиіс, деп мәлімдеді шілденің 3-інде Москвада болған баспасөз конференциясында СОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ ССР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.

Ол ССРО Президентінің үлкен жетілік елдерімен ынтымақтасуға ұмтылысын қолдады.

Алайда Горбачевке ұсынылған Григорий Явлинскийдің бағдарламасына байланысты оның "500 күн" бағдарламасының кебір киюі мүмкін деген қауіп айтты: "Біз өткен жылдағыдай күзге жақындап келеміз".

Қазақстанға келетін болсақ, ол халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде жүргізуде: республикада Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, Сыртқы экономикалық банк құрылды; 27 серіктес елмен 35 бірлескен кәсіпорын тіркелді.

Сауд Арабиясымен бірлесіп шетелдің қатысуымен тұңғыш банк ашылды.

Нарық экономикасына көшу үшін барлық заңдар қабылданды.

Бұл шаралардың қажеттігін Н.Ә. Назарбаев адамдардың тұрмыс дәрежесін көтеруге ұмтылушылықпен негіздейді.

Бұл орайда **Қазақстан Президенті** капитализмнің қатері туралы пайымдауларды теріске шығарады:

– Жерден басқа негізгі қорлар Қазақстанда 170 миллиард сом.

Республика халқының жылдық табысы – 34 миллиард сом. Жинақ кітапшаларындағы ақша – 14 миллиард сом.

Сонда негізгі қорлардың бәрін кім сатып ала алады?

* «Егеменді Қазақстан» газеті, 5 шілде 1991 жыл.

* * *

Экономиканың одан әрі құлдырай түсуі жағдайында Қазақстан Президенті "реформаларды жүргізу үшін бірыңғай экономикалық кеңістік ретіндегі федерациялық мемлекеттің сақталуына" қол жеткізуді ең бірінші қажеттілік деп есептейді.

Баспасөз конференциясы өткізілген күні республика басшылары ССРО Президентімен кездесті, онда олардың "9+1" келісіміне адалдығы қуатталды.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев Одақтық шартты тезірек жасауды жақтады және республиканың Жоғарғы Кеңесі өзіне бұл құжатқа жекелеген ескертпелерді ескере отырып, қол қоюды тапсырғанын хабарлады.

Ол сондай-ақ Алматыда Одақтық шарттың тағдыры туралы әңгімелесу үшін орталықты қатыстырмай 15 республика басшыларының кездесуін өткізуге әзір екенін мәлімдеді.

Қазақстан Компартиясының республика өміріндегі рөлі жөнінде "барлық өміршілдік шептердің партиядан Кеңестердің қолына көшкені" атап өтілді.

"Демократиялық реформалар қозғалысына" көзқарасы туралы сұраққа жауап қайтара келіп, республика Президенті өзіне "қайта құруды ілгері жылжыту үшін ұсынылатын осы сындарлы жол ұнайтынын" айтты.

НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВТЫҢ МӘСКЕУДЕ ӨТКЕН БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Мәскеу, 3 шілде 1991 жыл

ҚАЗАҚСТАН ЕҢБЕККЕРІН ЕРКІН АДАМ РЕТІНДЕ КӨРГІМ КЕЛЕДІ

Нұртөре Жүсіп

Шілденің 3-інде КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ КСР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев кеңес және шетел журналистерімен баспасөз конференциясын түйіндеген болатын.

Осы баспасөз конференциясына "Егеменді Қазақстан" газетінің арнаулы тілшісі де қатысқан еді.

* * *

Нұрсұлтан Әбішұлы бүкіл қоғамымызды толғанып отырған өзекті үш мәселе жайында сөз қозғады.

Одақтық шарт, дағдарыстан шығу бағдарламасының жай-күйі және біздің партиямыз бен еліміздің проблемалары жайында қысқа да нұсқа сөз сөйледі.

"Қазақстан Одақтың сақталуын, жаңарған негіздегі федерацияны құруды ұдайы жақтап келе жатқанын білесіздер. Қазақстан қазір де сол позициясын сақтап отыр", – деп атап көрсетті **Нұрсұлтан Әбішұлы**.

Экономика барған сайын құлдырап, дағдарыстың күшейіп тұрған кезінде қарекетсіз отырудың қандай зардаптарға ұрындыратынын Қазақстан басшысы талай рет ескерткені белгілі.

Республика Президентінің әрқашанда принципті айқындама ұстауға ұмтылысы республикааралық ынтымақтастыққа деген жаңа көзқарасты дүниеге әкелді. "9+1" келісімі сондай табанды іс-қимыл нәтижесінде пайда болды.

* «Егеменді Қазақстан» газеті, 10 шілде 1991 жыл.

Осының бәрін айта келіп, **Нұрсұлтан Әбішұлы** Жаңа Одақтық шарттың жобасына оң баға берді:

– Біз өз республикамыз тарапынан Одақтық шартқа тездетіліп қол қойылуын қалаймыз.

Жаңарған Одақты құрайтын республикалардың өкілетті өкілдері бірге бас қосып, қалған түйіткілдің бәрін шешіп алмай болмайды.

Алайда, біздің қол қоюға ұсынылған жобаға елеулі ескертпелеріміз де жоқ емес...

Мұнан әрі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ КСР Президенті **Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев** нарыққа көшу, дағдарыстан шығу бағдарламасының жағдайы туралы әңгімеледі.

Қалыптасқан шаруашылық байланыстардың үзілуі, шетел валютасына деген зәрулік, инвестицияның жоқтығы экономиканы тұралатады.

Осындай жағдайда қиындықтан жалғыз-жарым шығу мүмкін емес.

Шекараны жауып тастап, томаға-тұйық күн кешіп, ешкіммен байланыс жасамай-ақ дағдарыстан өз бетімізше шығамыз дейтіндер жұртты да, өздерін де алдайды, – дей келіп, өзара байланыстардың қалай терең тамыр жайғанына тоқталды.

Қазақстанда нарыққа көшуді қамтамасыз ететін заңдар түгел қабылданды.

Көлбеу бағыттағы байланыстарды тереңдетіп дамыту жолында талай нәрсе істелді.

Орта Азия республикаларының және Ресей, Украина, Белоруссиямен арадағы келісім-шарттар сондай қажырлы жұмыстардың жемісі.

Нарыққа көшу үшін, экономикалық дағдарыстан шығу үшін жалпыодақтық экономикалық кеңістік қажет. Осы орайда КСРО Министрлер Кабинетінің дағдарысқа қарсы бағдарламасына үміт артуға болады.

Бұл "барынша прогрессивті, нарықтық бағдарлама".

Республика Президенті осындай тұжырым жасады.

Ол "500 күн" бағдарламасындағы көптеген айқындамалардың мына бағдарламадан көрініс тапқанын атап көрсетті. Әсіресе, шілденің 1-інен бастап Қазақстандағы барлық кәсіпорындардың республика юрисдикциясына көшетіндігін, бұдан былай Одақ үшін де, республика үшін де мемлекеттік тапсырысты тек республика үкіметі жасайтынын қанағаттанарлық сезіммен айтты.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы партияның рөліне айрықша тоқталды.

Қазақстан Орталық Комитетінің жүргізіп жатқан жұмыстарын тілге тиек етіп, еліміз душар болған ауыр экономикалық және саяси жағдайға Қазақстанның төтеп бергенін, өзінің тұрақтылығын сақтағанын атап айтты.

Мұнан кейін сұрақ-жауап басталды.

Осы арада айтпай кетуге болмайтын бір нәрсе бар.

Ол – Қазақстан басшысына деген шетел және кеңес журналистерінің ынта-ықыласы.

Әншейінде адам толмай қалатын "Октябрь" қонақ үйінің баспасөз залы бұл жолы аузы-мұрнына дейін лық толды. Олардың бәрі: "Назарбаев не дейді? Назарбаев не айтады?" деп жаланып жүр.

Шетел журналистерінің біздің республика басшысына осыншама ынта-ықылас көрсетіп, оның пікірін білуге ұмтылушылығы біздің де мерейімізді өсірді.

Әйтсе де, Назарбаевты сөзден шалып сүріндіргісі, қиғаштап соғып қиналтқысы келгендер де табылмай қалмады. Соның бәріне де Нұрсұлтан Әбішұлы лайықты, ұтымды жауап таба білді.

Аптыққандардың аптығын, желпінгендердің желігін басты.

Ө дегеннен Мәскеуде шығатын **"Независимая газета"** дейтін газеттің тілшісі барша жұрттың алдын орап кетті. Ол: "Орталықтың қатысуынсыз басқа республикалардың басшылары кездесу өткізсе, бұл үшін мұндай кездесуге ресми шақыру-жеделхаттарын жөнелтуге дайынмын" деген сөзіңізді тағы да қуаттайсыз ба? Осы туралы біздің газетіміз хабар басты. Содан кейін Балтық елдерінің басшылары жылы қабақ танытқандай. Осы жөнінде не дейсіз? – деп сауал тастады.

– Орталықтың қатысуынсыз қалған республикалардың басшылары кездесіп, көкейкесті мәселелерді өзара талқыға салса қайтеді деген ой экономикадағы қиын жағдайды сезінгеннен кейін келді, – деді **Нұрсұлтан Әбішұлы**. – Менің ойымша, бұған үрке қараудың жөні жоқ. Ешқандай саяси бүкпесіз республикалардың бірінші басшылары әңгіме өткізе алмай ма? Оның несі айып? Бүгінгі жағдай, ертеңгі тіршілік жөнінде кәдімгі адамдардай, адамша сөйлесуімізге болмай ма?..

Балтық бойына хабар тарататын **"Надежда"** радиостансасының тілшісі **Казанцев**: "23 ақпандағы әскери қызметкерлер шеруіне неге тыйым салдыңыз? Партия дейсіз, олар халықтың арқасында күн көріп отыр, оған не айтасыз? Ядролық полигонда жасалатын сынақ туралы білгім келеді" деген мазмұндағы сұрақты кесе-көлденең тартты.

Н. Назарбаев ешқандай да шеруге тыйым салмағанын, жалпы, кез келген митинг, кез келген шеру заң жүзінде дұрыс болса, заңға қайшы келмесе өткізілетінін айтты. Өзінің тек заңға арқа сүйейтінін, заңсыз әрекеттерге тыйым салатынын кесіп айтты.

КСРО Қорғаныс Кеңесі Семей полигонындағы ядролық сынақтарды 1993 жылдың қаңтарынан бастап тоқтату жөніндегі шешім қабылдаған болатын. Алайда, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі ядролық жарылыстарды тез арада тоқтату туралы мәселе қойды.

Әскерилер екі ядролық жарылыс жасауды құлшына қолдап, осы мақсатта Қазақстан үкіметіне ақшалай өтем төлейміз деп алақандарына түкіріп отыр.

Осының бәрін айта келіп, **Қазақ КСР Президенті:** "Бұл біздің қазақ халқының намысына тиетін нәрсе", – деді. Қырық жыл сынақ жасап, ешқандай өтем бермей келген әскери шенеуніктердің аяқ астынан "жарылқай қалғандарын" сынға алды.

Кеңес және шетел журналистері КОКП Орталық Комитетінің баспасөз орталығына орнатылған микрофондарға кезекке тұрды. Бәрі тықыршып, сауал тастар сәтті асыға күтеді. Сәті түскендер сұрақтарын қойып, қолма-қол жауабын алып жатыр. Көбісі Қазақстан жайлы, оның экономикасы, саяси-қоғамдық өмірі туралы білгісі келеді. Біразы Одақ оқиғаларының сырына қаныққысы бар. Әсіресе, соңғы кезде дүйім елдің аузында жүрген бір мәселеге – КОКП-ға балама жаңа партияның құрылуына қалай қарайсыз? Шеварднадзе мен Яковлев, Вольскийлер туралы пікіріңіз қандай? – деген сауалдар да естілді.

– Вольский, Шеварднадзе, Яковлевтерді білемін. Олар сындарлы бағытта жұмыс істейтін жандар. Олардың айтып жүргендері менің көкейіме қонады, – деп жауап берді **Нұрсұлтан Әбішұлы**.

Мен "Егеменді Қазақстан" газеті редакциясының атынан Теңіз мұнайы жөнінде сұрақ қойсам ба деп отырған едім.

Өйткені, соңғы кезде орталық баспасөз бетінде республиканың дербес іс-әрекетін сынға алған, байбалам салған мақалалар жарық көрді.

Экономикалық егемендікті іс жүзінде орнықтыруға бағытталған ізгі қадамның бірі – бірлескен "Тенгизшевройл" кәсіпорынын құру болатын. "Шеврон" фирмасымен арада келіссөздер жүргізіліп, істің беті бері қарағандай болған кезде "Московские новости", "Аргументы и факты" сияқты басылымдар бірінен соң бірі көлдей-көлдей мақала берді.

Мен осыдан шығарып, әрі экономикалық дербестікке қашан қол жеткіземіз деген сауалға Мәскеудің төрінен жауап алсақ жаман болмас еді деген ниетпен енді-енді оңтайлана бергенімде, "Экспресс" газетінің тілшісі "жеделдік" танытып, сұрағын қойды да жіберді.

Артынан ойласам, менің қойғанымнан гөрі сырт көз тілшілердің қойғаны да дұрыс болыпты.

Өйткені, өз республикамыздың басшысымен өз жерімізде тілдесе алмай жүргендей көрінетініміз де еске түсті.

Не керек, **"Экспрестік" әріптес:** – "Теңіз мұнайы, қанша дегенмен қазақ мұнайы. Оны игеру жөнінде келісім жасалуда. Осы келісім-шарт түптің түбінде отарлаушы шарт болып жүрмей ме?" – дей келіп, екінші сұрағын казактар қозғалысына арнады.

Нұрсұлтан Әбішұлы Батыс Қазақстанның табиғи байлығы орасан зор екендігін, ондағы мұнай мен газды игеру бағытындағы жұмыстар жайында тәптіштеп айтып берді.

"Шеврон" компаниясын сенімді әріптес ретінде атады.

Алғашқы сұрақтың жауабын тұжыра келгенде былай деді: – Республика сарапшылары контракт жобасын жасау үшін үш жыл жұмыс істеді. Ал Госплан сарапшылары бұл мәселені бас-аяғы бір аптаның ішінде "зерттеп" үлгерді. Оның арты шуға айналды. Қазір Қазақстан делегациясы АҚШ-та жүр. Кесімді сөз сонан кейін айтылады. Олардың жұмысы сәтті аяқталса, келіссөздер жалғасатын болады.

Казактар қозғалысы туралы Назарбаевтың пікірін естігісі келген кеңес және шетел журналистері осы жөнінде айтыла бастағанда сілтідей тынды.

"Бұл өзі орайы келсін-келмесін сөз болатын әңгімеге айналды. Өткенді қазбалай берудің қажеті не? Егер біз де сөйтетін болсақ, қыпшақ ханы Тоқтамыстың Мәскеуді алғанын қайда қоямыз?... Күні ертең татарлар Кремльде той өткіземіз деп талап қойса не дейсіз? Осының бәрінің қажеті бар ма?" – дегенде "казак-казак" деп көкірегі қарс айырылып жүргендер еріксіз тілін тістеді-ау деймін.

Осылай сұрақ-жауап жалғасып жатты.

Екі сағатқа жуық уақыттың қалай өткенін ешкім байқамай қалды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ КСР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев республикада жеке меншіктеу жөніндегі Заңның қабылданғанын, көп ұзамай купондық әдіспен тұрғын үй нарығын қалыптастыру басталатынын айтып берді.

Капитализмнің қатері туралы айтылып жүрген пайымдауларды теріске шығарды.

Британ телевизиясының тілшісі:

– Одақтық шартқа қатысты жасайтын ескертпелеріңіз қандай? – оған жауап бере келіп, **Нұрсұлтан Әбішұлы:** – "Саяси ойындармен айналысудың уақыты өтеді. Нақты өмірге, нақты жағдайға қарайтын кез де келеді. Сондықтан біз бос сөзді қойып, іске көшкенді дұрыс көреміз.

Осы орайда Одақтық шарт жобасына, ондағы салық мәселесіне айтар ескертпелер бар.

Біздің ойымызша, салық федеральдық, республикалық және жергілікті жүйе бойынша қолданылуы тиіс. Егер ол бір каналды ғана болатын болса, алақан жайып жүретін одақтық мемлекетті құрудың қажеті қанша?..

Егер мемлекет, оның органдары өз міндеттерін атқару үшін қаржы сұрап, тіленіп жүретін болса оның несі мемлекет?" – деді.

Журналистер Қазақстандағы мұсылман дінінің даму жайы, жалпы, Шығыс елдерімен арадағы қарым-қатынас мәселелері жөнінде сұрап жатты.

Нарыққа көшуде Қазақстанның сыртқы байланыстар көкжиегі қандай деген сауалдарға орнықты жауап берілді.

Біздің бір байқағанымыз, баспасөз конференциясына қатысқан кеңес және шетел журналистерінің көпшілігі республика басшысының өмірбаянымен жақсы таныс екен. Тіпті бір **тілші**: "Сіз шопан шаңырағынан шықтыңыз, осы ретте ауыл еңбеккерлерінің жағдайы туралы айтсаңыз", – деп сұрап жатыр.

Конференция аяқталуға тақаған тұста журналистермен қатар залда отырған **авиация институтының ұстазы**: "Қазақстан еңбеккерін қай биіктен көргіңіз келеді?" – деп сұрады. Ізгі ниетпен сұрады.

Қазақстанның қазіргі жағдайы жөнінде сөз қозғай келіп, ауыр тұрмыстың, басқа да қиындықтардың бар екенін айтқан **Нұрсұлтан Әбішұлы**, жауабын былайша тұжырымдады:

– Мен Қазақстан еңбеккерін еркін адам ретінде көргім келеді.

Қазақстан еңбеккері еркін адам болса екен деп армандаймын!

Игіліктерге өз еңбегімен жетсе екен деп тілеймін! – деді ағынан жарылып.

Басқаны қайдам, өзіміз "лайым солай болсын, бұл тілек періштенің құлағына шалынсын" дедік іштей.

Республика басшысының өз арманын іске асыру жолында аянбай атсалысатынына имандай ұйыдық, көміл сендік.

Нұрсұлтан Әбішұлы халқының сеніміне ие болған адам.

Ол бұл сенімді қайтсе де ақтай алатынын Мәскеудің төрінде отырып, тағы да қуаттай түсті.

**ПРЕСС-КОНФЕРЕНЦИЯ
ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСКОЙ ССР Н.А. НАЗАРБАЕВА
В МОСКВЕ***

Москва, 3 июля 1991 года

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Экономика Советского Союза должна интегрироваться со всей мировой экономикой. И я поддерживаю стремление Президента СССР к сотрудничеству со странами большой семерки.

Что касается Казахстана, он активно ведет международное сотрудничество.

В республике создано:

- Министерство внешнеэкономических связей,
- Внешэкономбанк,
- зарегистрировано 35 совместных предприятий с 27 странами-партнерами,
- вместе с Саудовской Аравией открыт первый банк с иностранным участием,
- приняты все законы для перехода к рыночной экономике.

Необходимость всех этих мер обуславливается стремлением поднять уровень жизни людей.

Вопрос:

– Каково Ваше отношение к соглашению "9 + 1"?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Я за скорейшее заключение Союзного договора.

Верховный Совет республики поручил мне подписать этот документ с учетом отдельных замечаний.

Также мы готовы провести в Алма-Ате встречу руководителей 15 республик без участия центра для разговора о судьбе Союзного договора.

Вопрос:

– Каково Ваше отношение к движению демократических реформ?

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Мне импонирует этот конструктивный путь, предлагаемый для продвижения перестройки вперед.

* Газета «Казахстанская правда», 5 июля 1991 года.

ҚАЗАҚ ССР ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНА САПАРЫ КЕЗІНДЕ ЖУРНАЛИСТЕРГЕ БЕРГЕН СҰХБАТЫ

Пекин, 12 шілде 1991 жыл

Қытай Халық Республикасына сапармен келген Қазақ КСР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен оның қасына ерген адамдар бүгін Гуандун провинциясының әкімшілік орталығы – Гуанчжоудан Пекинге келді.

Аэропортта журналистермен кездесті.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев:

– Біздің делегацияның Қытайға сапары шілденің 9-ында басталды.

Біз Алматыдан Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданның астанасы Үрімшіге тікелей ұшып келіп, онда Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы районының басшылығымен келіссөздің бірінші кезеңін өткіздік.

Кеңес-қытай қатынастарының жақсаруы мен ойдағыдай дамуы арқасында біздің сауда-экономикалық және басқа байланыстарымыз шапшаң жолға қойылуда.

Мәселен, соңғы екі жарым жылдың ішінде Қазақстан мен Шыңжаң арасындағы товар айналымының көлемі бес-алты есе ұлғайды.

ШУАР – біздің ең жақын көршіміз.

Шекараның екі жағында қазақтар мен ұйғырлар тұрады.

Олар қазір Қазақстан мен ШУАР-дағы өз туыстарымен және іскер әріптестерімен өте белсенді түрде араласуда, достық қатынастар мен өзара тиімді ынтымақтастық орнатуда. Бұл қатынастарды одан әрі дамытудың адамдар арасында өзара түсіністікті тереңдету және аймақта тұрақты жағдайды қамтамасыз ету үшін зор маңызы бар.

Гуандун провинциясындағы Шэньчжэнь арнаулы экономикалық аймағында болған кезінде алған әсерлерін ортаға салып, **Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев** атап айтқанда, былай деді:

– Қытайдағы осы тұңғыш арнаулы экономикалық аймақтың өмірімен және жұмысымен тікелей танысу біз үшін өте маңызды болды.

* «Егеменді Қазақстан» газеті, 13 шілде 1991 жыл.

Өйткені Қазақстан парламенті де еркін экономикалық аймақтар құру туралы заңдар қабылдады.

Қысқа уақыт ішінде, 1980 жылдан бері, Шэньчжэнь ғажап табыстарға жетті. Оның халқы 300 мыңнан – 2 миллион адамға дейін көбейді.

Миллиардтаған шетелдік инвестициялар қатыстырылып, ойдағыдай жүзеге асырылуда.

Жоғары білікті өз кадрлары даярланған.

Арнаулы экономикалық аймақта түрлі товарлардың жыл сайынғы өндірісі 60 мың юаньнан 16 миллиард юаньға дейін артты.

Сонымен бірге Шэньчжэнь кәсіпорындары өндіретін өнімнің 60 проценті экспортқа шығарылады.

Біз Гуандун провинциясының басшылығымен делегациялар алмасу туралы келістік.

ҚАЗАҚ ССР ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНДА БОЛҒАН ІССАПАРЫ КЕЗІНДЕ ЖУРНАЛИСТЕРГЕ БЕРГЕН СҰХБАТЫ

Пекин, 14 шілде 1991 жыл

Бұдан бұрын хабарланғанындай, Н.Ә. Назарбаев бастаған КСР мемлекеттік делегациясы Қытай астанасы халықтық үкіметінің шақыруымен шілденің 12-сінен 14-іне дейін Пекинде болды.

Мұнда Қазақстан Президенті Қытай Халық Коммунистік Партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы Цзянь Цзэминмен, Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Кеңес премьерінің орынбасары Тянь Цзиюнмен, Қытайдың басқа да басшыларымен кездесті.

Осы сұхбаттардың мазмұнына түсініктеме бере келіп, **Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев** былай деді:

– Мен Қытай басшыларының назарын Трансазия темір жол магистралін пайдаланудан екі жақ үшін түсетін зор экономикалық тиімділікке аудардым.

Өткен жылдың қыркүйегінің 12-сінде бұл магистральда темір жол Достық-Алашанькоу учаскесінде түйісті.

Сөйтіп жүк тасымалы қазірдің өзінде жүріп жатыр.

1992 жылға арнап жолаушы қатынасын ашу жоспарланды. Бірақ бұл үшін Қытай жағы екінші табанды төсеуі қажет.

Ежелгі "Ұлы Жібек жолындағы" көптеген учаскелерден өтетін Трансазия темір жолы – өте перспективалы жоба.

Ол Тынық мұхиттан Еуропаға баратын жолды бес мың километрге қысқартуға, Түркияға және Жерорта теңізіне шығуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кеңес Одағы мен Қытай дүние жүзінде "Ұлы Жібек жолына" деген ықылас-тың күшейгенін пайдалану қажет.

Бұл жолды осы заманғы негізде 1997 жылға дейін қайта түлету жобасында, оған ЮНЕСКО-ның қамқорлығымен көптеген елдер қатысуға келісті.

* «Егеменді Қазақстан» газеті, 16 шілде 1991 жыл.

Мейманханалар мен адамдарға қызмет көрсететін көптеген объектілер салу көзделеді.

Мұның өзі, сөз жоқ, кең ауқымдағы халықаралық туризмнің дамуына септігін тигізеді.

Мен сондай-ақ Қытай басшылығының алдына Алматы-Үрімші авиажелісін Пекинге дейін, ал кейіннен тіпті Оңтүстік Корея мен Жапонияға дейін ұзарту туралы мәселе де қойдым.

Менің үстіміздегі жылғы маусымның 25-інде Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесінің премьері Ли Пэнге жазған хатымда баяндалған 10 тармақтан тұратын нақты ұсыныстарымның арасында Үрімші мен Алматыда кеңес және Қытай консульдіктерін қалпына келтіру туралы ұсыныстар да бар.

Жауап хатқа Қытай үкіметінің басшысы мен жасаған ұсыныстардың бәрін мүдделілікпен қабылдағанын және қазірдің өзінде Қытай Халық Республикасының үкіметтік органдарына тиісті тапсырмалар бергенін маған хабарлады.

**ПРИВЕТСТВИЕ
ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСКОЙ ССР Н.А. НАЗАРБАЕВА
УЧАСТНИКАМ МЕЖДУНАРОДНОГО СЕМИНАРА ПО БОРЬБЕ
С НАРКОТИКАМИ***

Алма-Ата

Президент Казахской ССР Нурсултан Назарбаев:

– Сердечно приветствую участников Международного семинара по вопросам выявления и уничтожения растительной сырьевой базы для незаконного производства наркотиков.

Мы рады принять на земле Казахстана видных специалистов из стран Юго-Восточной Азии, Америки и Центральной Европы.

Его проведение в Алма-Ате подчеркивает глубокую заинтересованность правительства и общественности нашей республики в практическом решении этой важной проблемы современности.

В настоящее время Казахстан активно решает сложнейшие вопросы перехода к рыночной экономике.

В этом смысле мы сделали твердый выбор, приняв целый пакет соответствующих законов и сделав конкретные шаги.

Экономика республики все более ощутимо поворачивается лицом к человеку, его насущным проблемам.

Наша цель – наиболее полно раскрыть и использовать потенциал демократических преобразований общества, каждого гражданина.

Мы серьезно обеспокоены тем, что незаконный оборот наркотиков создает предпосылки для роста преступности, представляет собою постоянную угрозу здоровью, жизни миллионов людей, прежде всего – молодежи.

Представительный состав вашего семинара, его высокогуманная миссия – вселяют надежду, что предстоящие дискуссии должны в значительной степени способствовать выполнению стоящих перед мировым сообществом задач в этой области.

Уверен, что семинар даст новый импульс международной консолидации в борьбе против незаконного производства и распространения наркотических средств.

Желаю всем вам плодотворной совместной работы, полного взаимопонимания.

И надеюсь, что последнее десятилетие нынешнего века, провозглашенное ООН десятилетием по борьбе против злоупотребления наркотиками, ознаменуется эффективным сотрудничеством на благо здоровья людей.

* Газета «Казахстанская правда», 17 июля 1991 года.

**НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫНДА ЖАСАҒАН БАЯНДАМАСЫ***

Алматы, 20 шілде 1991 жыл

Жолдастар!

Өздеріңіз білесіздер, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төртінші сессиясында Одақтық шарттың жобасы қаралды.

Республиканың парламентарийлері көптеген салиқалы ескертпелер мен ұсыныстар айтып, жалпы алғанда оның тұжырымдамалық негізін қолдады.

Қазақ КСР делегациясы жасақталып, оның алдында егеменді мемлекеттердің Одағы туралы шартқа қол қою міндеті тұр.

Бұл саяси шешімді түптеп келгенде маңызды үш жағдай талап етті.

Біріншіден, біз Қазақстан халықтарының ерік-жігеріне сүйендік. Олар Бүкілодақтық референдум кезінде Шартқа өздерінің көзқарасын бір мәнде білдірді. Дауыс беруге қатысқан республика тұрғындарының 94,1 проценті жаңарған Одақты жақтады.

Екіншіден, біздің мемлекетіміздің тоталитарлық режим туғызған барлық кемшіліктеріне қарамастан, миллиондаған адамдар үшін экономикалық, әлеуметтік және өмірлік кеңістік болып табылатын объективті фактіні басшылыққа алдық.

Бұл кеңістікті жою, сөз жоқ, біздің баршамыз үшін орны толмас шығын болар еді.

Үшіншіден, жаңа Одақтық шарт — біз жариялаған мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны нақты мазмұнмен толықтыруға, орталық пен республикалар арасында өкімет билігін жіті бөлуге жеткізетін тікелей жол.

Тек соның негізінде ғана бүгінгі таңда экономикалық және ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығы, дүниежүзілік нарық экономикасына өркениетті түрде кіру мүмкін болмақ.

Сонымен, Одақтық шартқа қол қоюға біздің көзқарасымыз Қазақстанның, оның халқының мүдделеріне сай келеді.

Республикалардың түкпір-түкпірге бытырап, біздің экономикамызды, рухани өмірімізді енді ештеңе байланыстырмайды деген сыңай таныта алмайтыны айдан анық.

* «Егеменді Қазақстан» газеті, 23 шілде 1991 жыл.

Алайда олардың арасындағы өзара іс-қимылдың сенімді экономикалық механизмінің жоқтығы салдарынан халық шаруашылығы басқару тұтқаларын едәуір дәрежеде жоғалтты.

Бастан кешіріп отырған кезеңнің негізгі мәні мен шиеленісті сипаты да осында.

Бүгінгі таңда елімізде экономикалық және әлеуметтік жағдай бұрынғы қай кездегіден де ушықты, дағдарысты құбылыстар күшейе түсуде. Шын мәнінде біз ақырғы шекке жақын келдік, оның ар жағында біздің мемлекетіміздің өмір сүруіне нақты қатер төніп тұр.

Осыған байланысты пленумның күн тәртібіне енгізілген мәселе әсте формальды сипатта емес, ашығын айту керек.

Қазақстан Компартиясының Одақтық шарт жөніндегі нақ жіті айқындармасы республикадағы саяси көңіл ауанын көп ретте күні бұрын айқындады, барлық демократиялық күштердің осынау маңызды мәселедегі бірлігін қамтамасыз етті. Қазір де белгілі "9+1-дің" Мәлімдемесі арнасында принципті уағдаластыққа қол жеткізілген кезде, біз жаңарған Одақты іс жүзінде құруға кіріскен кезде, республикалық партия ұйымы Одақтық шартты барынша қолдау үшін өзіне байланысты нәрсенің бәрін істейтініне сенемін.

Елімізде қалыптасқан жағдай Қазақстан коммунистері таңдаған бағыттың дұрыстығын көз жеткізе қуаттауда.

Республикалардың дағдарыстан жеке-дара шыға алатыны жөніндегі жалған елесті сақтаған адамдардың табыла қоюы екіталай.

Тек республикааралық және аймақаралық экономикалық байланыстарды нығайтып, дамыту ғана халық шаруашылығындағы жағдайды тұрақтандыруға, қаржы айналысын қалыпқа түсіруге, рынокқа көшу үшін қажетті жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан еліміздің барлық аймақтарымен көзге көрінбейтін мыңдаған арқаулармен байланысқан.

Біз республикада өндірілетін астықтың жартысына жуығын, еттің 28 процентін, өңделмеген мұнайдың 90 проценттен астамын, көмір мен қара металдар рудаларының шамамен төрттен үш бөлігін, түсті металдар мен балқымалардың үштен екі бөлігіне жуығын сыртқа шығарамыз.

Өз кезегінде басқа республикалар бізге жеңіл өнеркәсіп және темір жол транспорты үшін жабдықтың 95 процентін, металл жонғыш станоктардың үштен екі бөлігін береді.

Автомобиль, астық жинайтын комбайн, тұрмыстық тоңазытқыш, телевизор жөніндегі қажеттілікті толық қанағаттандырамыз.

Трикотаж бен мақта-мата кездемелерінен жасалған бұйымдардың 45 процентке жуығын сырттан әкелеміз.

Бұл Қазақстан мен басқа республикалар алмасатын нәрселердің тек аз ғана бөлігі. Тіпті өзара жеткізілімдегі ең аз іркілістер де өндірістік процестердің

елеулі түрде бұзылуына дереу апарып соқтыратыны, экономикаға салқынын тигізетіні де, міне, сондықтан.

Қазақстан халық шаруашылығының баршаға мәлім шикізаттық бағдарлануы қазір, еліміздің көптеген кәсіпорындары үшін шарттық тәртіп бос сөзге айналып отырған кезде ерекше сезілуде.

Осы себептен бізде жеңіл және жергілікті өнеркәсіптің, аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің ұқсатушы салаларының өндірістік қуаттарының едәуір бөлігі толық, қуатымен жұмыс істемей отыр. Көп ретте бұл тұтыну рыногындағы жаппай тапшылыққа және күрделі құрылыстағы артта қалушылыққа байланысты.

Республика қаржы мәселелерінде елеулі қиындықтарды бастан кешіруде.

Үстіміздегі жылы Қазақстан одақтық көздерден 6 миллиард сом субвенция алуға тиіс еді. Мұның өзі республика бюджеті кірісінің төрттен бір бөлігінен астамын құрайды.

Алайда Одақ ауқымында салық жүйесі мәселелерінің осы кезге дейін реттелмеуіне байланысты Қазақ КСР бюджетіне бірде-бір сом түскен жоқ.

Жаңа Одақтық шартты тезірек жасасу қажеттігінің пайдасына мұндай уәждемелерді көптеп келтіруге болады. Бірақ, қазіргі кезде қалыптасып жатқан рыноктың қандай да болсын территориялық шектеулерге өзінен-өзі төзбейтін, оның ойдағыдай жұмыс істеу үшін бірыңғай экономикалық кеңістіктің қажет екені – тегінде, олардың негізгісі болса керек.

Республикалар арасындағы қалыптасқан мәдени байланыстар сияқты күрделі аспектіні ескермеуге болмайды.

Экономикалық проблемаларды шешкенде рухани негіздерді де ұмытпау керек.

Біз өзіміздің мың жылдық көршілерімізбен Орта Азия республикаларымен және Россиямен көлбеу бағыттағы байланыстарды дамытқанда, нақ осы мақсатты көздедік.

Егеменді Украинамен, Белоруссиямен, басқа да республикалармен екі жақты шарттар қатынастардың бұдан былайғы жерде игі байытылуына бағытталды. Меніңше, нақ көлбеу бағыттағы шарттар "9+1" келісіміне және Одақтық шарттың соңғы саны жағынан үшінші жобасына жеткізген ұзақ та тар жол, тайғақ кешудегі алғашқы қадамдар болды десек, асыра айтқандық болмайды.

Ұлтаралық қатынастар проблемасын да есептен шығарып тастауға болмайды.

Барлық қалған республикалар сияқты Қазақ КСР-і өзінің құрамы жағынан көп ұлтты. Әртүрлі ұлттардың миллиондаған адамдары Қазақстанды өзімнің отаным деп орынды есептейді. Бұған орасан көп ұлтаралық некелерді қосыңыз.

Одақтық шартты жасасу қазіргі кезде еліміздің басқа аймақтарында тұратын отандастарымыздың проблемаларын неғұрлым тиімді шешу үшін де заңды негіз жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен, егеменді мемлекеттердің Одағы туралы Шартты жасасу экономикалық, саяси және ұлтаралық проблемалардың шиеленіскен түйінін шешуге, орталық пен республикалар арасындағы принципті жаңа қатынастарға шығуға белгілі бір дәрежеде мүмкіндік береді.

Республикалардың қалай өмір сүретінін орталық айқындамауға тиіс.

Қайта республикалар орталықтың қандай болуы керек екенін, оған қандай өкілеттіктер беру керек екенін айқындайды.

Меніңше, әңгіме Одақтық шартқа көзқарас туралы болғанда, нақ осы іргелі сәттерді басшылыққа алу керек. Оның негізгі мақсатын былай деп тұжырымдауға болады: интеграция, біздің халықтарымыздың рухани бірлігі, саяси және әлеуметтік-экономикалық топтасуы жолдарында көп ұлтты елімізді – егеменді мемлекеттердің Одағын батыл жаңарту.

Осыған байланысты Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің неғұрлым объективті айқындамасын бірлесіп талқылау және белгілеу үшін Одақтық шарттың кейбір принципті ережелеріне тоқталғым келер еді.

Егер соңғы жоба туралы айтатын болсақ, ең алдымен, бұл құжаттың егеменді мемлекеттер Одағын құру принциптерінің нобайын жасайтынын, оның құрылымы мен органдарын айқындайтынын түсіндіре кеткім келер еді.

Егемендік туралы одақтық республикалардың декларацияларында баяндалған идеялар құжаттың негізіне алынған.

Кіріспеде республикалардың егемендігі туралы декларацияларды ұлттардың өзін-өзі билеу правосын тану нақ алғашқы жолдарда қуатталады.

Сөйтіп Одақты құрайтын және оның өкілеттігі мен функцияларын айқындайтын мемлекеттердің саяси және праволық басымдығы құжат жүзінде хатталған.

Толғағы жеткен өзгерістерді бейнелей отырып, Шарт жобасы КСР Одағы мен республикалар қызметі аясының ара жігін қатал ажыратады.

Осы құжатта негізі қаланған механизмдер республикалардың меншік формаларын жеке шаруашылықты жүргізу әдістерін таңдаудағы бостандығына кепілдік береді, жылдамдату үшін қажетті жағдай жасайды, онсыз біз, тегінде, өзіміздің ұлттық пәтерлерімізде пұшайман боламыз.

Шарт жобасының ұлтаралық қатынастарды үйлесімді етуге бағытталғанына сіздердің назарларыңызды ерекше аударғым келеді. Өйткені ол республикалардың егемендігін және олардың федерациялық Одақтағы теңдігін орнықтырады.

Республикалар өзінің дамуының барлық мәселелерінде дербес, ал мұның өзі кез келген ұлт азаматтарының саяси, праволық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының кепілі болып табылады.

Шарт субъектілері толық саяси билікке ие бола отырып, өзінің ұлттық-мемлекеттік және әкімшілік-территориялық құрылымын дербес айқындай отырып, ұлттық дәстүрлердің сақталып дамытылуын, білім берудің, ден-

саулық сақтаудың, ғылым мен мәдениеттің дамытылуын қамтамасыз ететін праволық мемлекет құруға ұмтылады.

Республикалардың сыртқы саяси қатынастардағы праволарын елеулі түрде кеңейту де назар аударуға лайық.

Олар Одақтың және оның субъектілерінің мүдделеріне нұқсан келтірместен шет мемлекеттермен дипломатиялық, консулдық, сауда және басқа байланыстарға түсе алады, олармен өкілетті өкілдіктер алмаса алады, халықаралық шарттар жасаса алады, Одақтың халықаралық міндеттемелерін бұзбай, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатыса алады.

Қысқасы, Шарттың жобасы принципті жаңа негізге сүйенеді.

Біздің көзқарасымызша, бұл құжат өзінің мазмұны жөнінен демократиялық және мәні жөнінен реалистік құжат болып шықты.

Әрине, көп нәрсе нақтылай түсуге, толықтыруға ділгер болып отыр.

Орталық пен республикалар праволарының арасалмағына байланысты нақты наразылықтар көптеген сұрақтар туғызуда.

Шартқа қатысушылардың шеңберін жіті айқындау қажет.

Біздің көзқарасымызша, Одақты тікелей құрайтын мемлекеттер Шартқа қатысушылар болуға тиіс.

Федералдық салықтың енгізілуі идеясын қолдай отырып, біз соған қарамастан оны өндіріп алудың ұсынылған механизміне қарсы шығамыз. Бұл проблемаға кәсіпорындардың түрін, олардың орналасуын ескерместен қарауға болмайды.

Меніңше, федералдық салықты өндіріп алуда, сондай-ақ кейбір одақтас республикалардың, оның ішінде Қазақстанның экономикасы құрылымының деформациялануын да ескеру қажет. Әйтпесе біз ресурстарды ендіретін салалар жағына қарай қалыптасқан қиғаштықты ешқашан да түзей алмаймыз.

Республикалардың территориясындағы "бірлескен меншік" ұғымына біздің өз көзқарасымыз бар.

Бұл көзқарасты біз Шарттың түпкілікті редакциясында және оған қол қою кезінде қорғаймыз.

Әйтпесе соңғы уақытта кейбір одақтық министрліктер неше түрлі концерндер мен ассоциациялар құру есебінен шын мәнінде республика территориясында өздерінің иеліктерін сақтауда. Біз бұған төзбек ниетте емеспіз және одақтық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдардың Қазақстанның юрисдикциясына көшуі туралы шешімнің орындалуын талап етеміз.

Өздеріңіз білесіздер, жуырда Теміртауда біз КСРО металлургия, көмір өнеркәсібі және радиоөнеркәсібі министрлерімен бірге республикалық егемендікті нақты жүзеге асыру жағдайында қалай өмір сүру керек екені туралы тиісті құжатқа қол қойдық. Автомобиль өнеркәсібі министрлігімен, космостық зерттеулермен айналысатын ведомстволармен өзара тиімді ынтымақтастықтағы сындарлы, ізгі ниетті көзқарас та өзінің жемісін беруде.

Біздің көзқарасымызша, Одаққа аталған өкілеттіктерді үйлестіру правосын бере отырып, республикалардың сыртқы экономикалық дербестігін шектейтін Шарттың кейбір ережелері даулы болып табылады.

Болашақ мемлекеттік құрылымға қатысты да белгілі бір проблемалар пайда болып отыр.

Бүгін пікірсайыстың барысында Орталық Комитеттің мүшелері өз көзқарастарын ортаға салып, бұл мәселелерге өздерінің қалай қарайтынын білдіреді деп ойлаймын.

Тек Шарттың жобасын даярлау процесінде бірлескен күш жұмсаудың қорытындысы болып табылатын басты нәрсені ұмытпау маңызды. Ал оның мәні, ең алдымен, орталықтың өзінің саяси рөліне қатынасын түпкілікті өзгертуде болып табылады. Экономикалық былықты тездетіп жеңіп, тәртіпті нығайту, нарыққа табанды қадам жасау үшін егеменді республикаларды жедел біріктіруге алғышарт жасалғанын нық сеніммен айтуға болады.

Одақтық шарт қабылданғаннан кейін КСРО-ның жаңа Конституциясы мен Қазақ КСР-інің жаңа Конституциясын жасау қажет болады. Ал ол өзінен кейін мемлекеттік құрылыстың мүлдем жаңа деңгейіне өтуді әкеліп тудырады.

Осыған байланысты Қазақстан Конституциясының жобасын даярлауға ерекше назар аудару қажет.

Мұндай жұмыс қазіргі уақытта Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінде жүргізіліп жатыр. Бұл жұмысқа коммунистер, халық депутаттары, Жоғарғы Кеңестің партиялық тобы белсенді қатысқаны қажет. Орталық Комитет те біздің республикамыздың Негізгі Заңын әзірлеуден шетте қалмауы керек деп ойлаймын.

Одақтық шартқа қол қойылғаннан кейін бізді күтіп тұрған нақты істер туралы айта отырып, аталған құжаттың негізгі ережелерін заңды түрде нығайту және дамыту үшін байсалды заң шығару жұмысы қажет болатындығын назарда ұстау қажет. Бұл, сондай-ақ, республикалық заңның қолданылу ауқымының біршама кеңейетіндігіне байланысты қажет болып көрінеді.

Республика заңдары Одақтың қарауына берілген мәселелерден басқа жағдайда өз территориясында басымдыққа ие болады.

Одақтық шартты қабылдау өкімшілік-унитарлық жүйенің ұзақ жылғы билеп-төстеуі кезінде біздің қоғамдық өмірімізде қалыптасқан таптаурындарды түпкілікті қиратуды талап етеді.

Біз өткеннің зиянды қатпарларынан неғұрлым тез құтылсақ, республикада саяси да, сондай-ақ экономикалық саладағы да қайта құру соғұрлым тез жүреді. Бұл жерде коммунистер өздерінің батыл сөзін айтуы тиіс. Қазірдің өзінде партия, совет және шаруашылық органдарына практикалық жұмыста шарт беріп отырған мүмкіндіктерді пайдалануы керек.

Бұл бірінші кезекте одақтық кәсіпорындардың республика қарамағына өтуіне, сыртқы экономикалық қызметті кеңейтуге, жаңа экономикалық қатынастар құруға қатысты.

Республикада мұнай корпорациясын ұйымдастырып, Гурьев мұнайшылары жақсы өнеге көрсетіп отыр.

Жергілікті жерлерде халықтың кең тобы арасында Шарттың жобасы төңірегінде саяси жұмысты ұйымдастыру маңызды болып саналады.

Әңгіме идеологиялық және ұйымдастырушылық-саяси жұмысты жобаның әрбір тарауы мен әрбір статьясын түсіндіруге, оның гуманистік құндылығын ашуға бағыттау туралы болып отыр. Республиканың әрбір азаматына Одақсыз біз дүниежүзілік рынокқа қосыла алмайтындығымыз туралы ойды жеткізу қажет.

Егер біздер, коммунистер, Қазақстан халқына шындығында жақсылық тілесек, идеологиялық көрсоқырлықты табанды түрде серпіп тастап, нақты іспен айналысуды бастап, қоғамдық өмірдің барлық саласындағы қайта құруда өз орнымызды табуымыз керек. Және бірінші кезекте – экономикалық салада. Бұл – ең басты мәселе.

Осыны ескере отырып, біз он бес одақтас республиканың басшыларымен кездесу туралы бастама көтердік.

Саяси дау-жанжалдарды қоятын және екі өткір проблеманы бірлесіп шешетін уақыт жетті.

Біріншісі – экономикалық дағдарыстан шығар жолды бірлесе отырып табу.

Екіншісі – еліміздің кез келген бөлігіндегі қантөгісті жедел тоқтату.

Бізге қалай болғанда да бұдан кейін қалай өмір сүретіндігімізді келісіп алуымыз керек қой.

Біз осындай кездесуді Алматыда өткізуді қамтамасыз етуге әзір екенімізді білдіреміз және республикалар басшыларының осы күрделі кезеңде сындарлы диалогқа дайын екендіктерін көрсететініне сенімдіміз.

Оның үстіне барлық республикалардағы экономикалық жағдай іс жүзінде бірдей.

Мысалы, Қазақстанды алайық.

Соңғы жылдары халық тұтынатын товарларды, әсіресе, ет өндіру, қаймағы алынбаған сүт алу, қант, сабын, мата, аяқ киім шығарудағы төмендеуге бірінші рет жол берілді. Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда, ұлттық табыс көлемі 6,1 процентке, қоғамдық еңбектің өнімділігі 2,9 процентке төмендеді. Ал осылардың барлығының артында тек алынбаған жүздеген миллион сомдар ғана емес, сондай-ақ жүзеге асырылмаған әлеуметтік бағдарламалар, еңбек коллективтерінің шешілмеген проблемалары, біздің сөрелеріміздің сұрықсыз жағдайы, қоғамның моральдық-психологиялық көңіл-күйінің нашарлауы жатыр ғой.

Республикадан тыс жерлерде орналасқан экономикалық субъектілермен біздің кооперациялық байланыстарымыздың үлкен көлемін құрайтын өнеркәсіп салаларында ауыр жағдай қалыптасты. Өнім шығару мұнда 3,2 процентке төмендеді. Шарттық тәртіп нашарлауда, шарттық міндеттемелерді

орындамайтын кәсіпорындар саны көбейді. Қазір бұл іс жүзінде әрбір оныншы кәсіпорын болып отыр.

Табиғи-астық және ақша-қаражат үйлесімсіздігі күшейе түсуде, өнім шығару қысқартыла, жұмыстар мен қызметтердің көлемі кемітіле отырып, еңбекақы, пайда, тұтыну қоры бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде өсуде. Мәселен, бірінші жарты жылдықта өндіріс көлемі төмендеген кезде пайда 1,6 есе, еңбекақы 1,4 есе, халықтың барлық кірісі 1,6 есе өсті.

Бірінші жарты жылдықта ақша шығару 2 миллиард сом болды, яғни өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3,6 есе көп болды. Ал жылдың аяғына дейін ақша эмиссиясы 10 миллиард сомға жетуі мүмкін. Бұл көп жағдайда еліміздегі біртұтас келісілген қаржы-несие саясатының жоқтығынан туындап отыр.

Агроөнеркәсіп кешенінің кәсіпорындары да ауыр қаржылық жағдайды басынан кешуде. Қала мен селоның арасындағы баға теңдігін қолдау қажеттігі туралы шексіз әңгімелердің тасасын пайдаланған КСРО үкіметі іс жүзінде әрекетсіз отыр. Ал жарылқаған жағдайда тек жартыкеш шаралармен шектеледі. Осылайша, КСРО Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы мамырдың 31-індегі № 313-ші қаулысы колхоздар мен совхоздарға сатып алу бағаларымен өтелмейтін қосымша шығындардың тек жартысын ғана өтеуді қамтамасыз етеді. Қалған 5,6 миллиард сом жабылмай қалуда.

Осы мақсаттар үшін қаржы көздері республикада жоқ.

Егер түбегейлі шараларды қабылдмаса, онда жылдың аяғына дейін шаруашылықтардың 50 проценттен астамы банкротқа ұшырайды. Бүгіннің өзінде агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындарының жеткізушілерге қарызы 2 миллиард сомнан асты.

Айтыңыздаршы, осындай әріптестермен кімнің істес болғысы келеді?

Айтылғандарды қорытындылай келе, бүгіндері сұраным мен ұсыныстың үйлесімділігіне қол жеткізудің, өндірістің төмендеуін тоқтатудың аса маңызды екендігін атап көрсеткім келеді. Оның үстіне, құндық қарқындардан гөрі, түпкі өнімнің тұтыну дәрежесіне тиісті назар аударғанымыз жөн. Біз қымбат тұратын үйіп-төгіп шығарудан, бұрынғы жөнсіз ширықтырудан және қайта есептеуден бас тартуға тиіспіз. Ақыр аяғында, адамдарға біздің қанша кен өндіргеніміз, металл қорытқанымыз және тағы басқалары принципінде мүлдем бәрібір, алайда түпкі өнімнің сапасы қандай екендігі және оны қанша алғандығымыз аса маңызды.

Сондықтан кез келген кәсіпорын жұмысын бағалауда, ең алдымен, өндірістің түпкі нәтижелерін сипаттайтын көрсеткіштер ескерілуге тиіс.

Оның одан әрі құлдырауын, тұтыну дәрежесінің төмендеуін осылайша ғана ұстап қалуға болады. Сонда ғана республиканың халқын сенімді әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ете аламыз.

Біз тиімді, адамға бағдарланған экономиканы, соңғы уақыттарда көп әңгіме болып жүрген нағыз нарықты құруға тиіспіз.

Өздеріңіз білесіздер, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төртінші сессиясы республика экономикасын тұйыққа тіреген жағдайдан шығару бағдарламасын бекітті. Оның пайда болуына негізінен басты нарық заңы – жекешелендіру және мемлекет иелігінен алу туралы заңды қабылдаудың арқасында мүмкін болды.

Бұл заңның республикада әртүрлі қабылданып отырғандығы құпия емес.

Бірақ, келіңіздер, мынадай сұраққа жауап берейік.

Мемлекет иелігінен алу және жекешелендірусіз әлеуметтік нарықтық шаруашылық құрыла ма?

Меншікті қайта құрмайынша, қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға бола ма?

Сындарлы экономикалық талдау оған теріс жауап береді.

Осыған байланысты партия органдарының назарын жаңа заңды жүзеге асыру жөніндегі нақты қадамдарға шоғырландыру қажет.

Партия бұл процестің алдыңғы қатарында болуға тиіс.

Халықтың арасында мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру саясатының негізгі бағыттарын, осы жүргізілетін жолдарды түсіндіруге ерекше назар бөлу маңызды.

Аталған тақырып өте көкейкесті болғандықтан, мен кейбір принципті кезеңдеріне қысқаша тоқталғым келеді.

Біздің шындықтың ерекшелігі сондай, коммунистердің белсенді қолдауынсыз, ал олардың үлкен бөлігі мемлекеттік-басқару және шаруашылық құрылымдарында жетекші айқындама ұстайды, олардың тәжірибесі мен ұйымдастыруынсыз бүгінде біздің экономиканы табысты түрде реформалау туралы айту мүмкін емес. Нарықтың тиімділігі мен болашағының зор екендігіне коммунист басшылардың, партия бұқарасының көзін жеткізу қажет. Бұл оңай нәрсе емес.

Ең алдымен, бұл КОКП мүшелері арасындағы негізгі проблема – меншік проблемасы жөніндегі принципті идеялық-теориялық алшақтық мәселесі.

Соңғы уақытта мен партия мүшелерінен көптеген хаттар алудамын. Олар маған: мен өз қызметімде марксизм-ленинизмді жетекші теория ретінде мойындаймын ба? Мен 1917 жылғы Қазанның мақсаттары мен идеяларына, социализмді құрудың лениндік саясатына қайта оралуды қалаймын ба? – деген қатаң сұрақтар қоюда.

Ашығын айтайын: менің көзқарасымша, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеологиялық айқындамасы шаруашылықты жүргізудің жеке меншіктік және коллективтік формалары өзінің бай мүмкіндіктерін тарихи тұрғыдан толығымен жүзеге асыруға тиіс екенін мойындауға негізделуі тиіс.

Оның үстіне экономиканы ұйымдастырудың қоғамдық формаларын орнықтырудың табиғи қажеттігі келіп жеткенге дейін жүзеге асыруы тиіс. Карл Маркстің өзінен адамның жеке қабілеттерін ашуға ықпал ететін өндірушінің өндіріс құралдарына жеке меншігі туралы сүйсінген сөздерін табуға болады.

Олай болса, социализм жағдайында жеке меншікті жоюдың қоғамдық қажеттігі туралы белгілі тұжырымды қайтеміз деп менен сұрауы мүмкін ғой?

Біріншіден, біздің бәріміз тәрбиеленген социализм туралы қате түсінікке, біз құрған қоғамға шынайы социализмнің – социалистер мен коммунистердің көптеген ұрпақтарының асыл арманы болған социализмнің еш қатысы жоқ.

Екіншіден, адамзаттың бүкіл тәжірибесі жекешелендірілген меншіктің ұлы маңызын көрсетеді. Ал онсыз нарық та, тиімді өндіріс те мүмкін емес.

Және де Карл Маркс пен Владимир Ильич Ленинге сілтеудің қажеті жоқ. Олар жеке меншікке және оның үстіне өндірушілердің меншігіне қарсы емес, қайта өндірушіден өндіріс құралдарын оқшаулайтын және оның еңбегінің нәтижелерін иемденуге мүмкіндік беретін жеке меншікке қарсы шықты.

"....Жеке меншік, – деп жазды Карл Маркс "1844 жылғы экономикалық-философиялық қолжазбаларында", – затқа айналдырылған еңбектен басқа ештеңе емес. Егер жеке меншікке соққы бергілері келсе, онда жеке меншікке заттық жай-күй ретінде емес, қайта қызметке деген, еңбекке деген шабуыл жүргізілуі керек".

Бұл сөздер бүгін таңда ерекше көкейкесті мән-мағынаға ие болды деп ойлаймын.

Біздің реформаларымызға, қайта құруға шабуыл жасайтындар, қоғамдық дамудың объективті экономикалық заңдарына байсалды жаңа көзқарастарды қабылдамайтындар – шын мәнінде, ең негіз қалаушы, ең құнды, ең мәнді нәрсеге – адам еңбегіне қол сұғатындар.

Сондықтан нарық қатынастарына көшу шегіну емес, қайта марксизм теориясына сай келеді деп есептеймін.

Егер біз бір нәрсені мойындайтын болсақ, онда халықты тамақтандыра алмаған шамадан тыс орталықтандырылған, бюрократтанып біткен экономиканы мойындаймыз.

Ленин коммунистік принциптілікке иек артатын көпірме сөз таласынан гөрі фактілерді көбірек білу керек деп шақырған болатын.

Міне, сондықтан коммунистерге экономикалық реформалаудың қазіргі жағдайы дүниетанымдағы шегінушілік немесе опасыздық болып көрінбеуге тиіс. Әйтпесе оның көп адамдарға осылай көрініп отырғаны құпия емес.

Оның үстіне кейбір партия басшылары демократиялық өзгерістер процестерін болдырмауға ұмтылып, реформаға қарсы жұмыс жүргізіп, КОКП-ның төтенше съезін шақыруды табанды түрде жақтап отыр. Мұнда олар КОКП XXVIII съезінің шешімдерін ревизиялауға үміт артып, қайта құру авторларын жауапқа тартпақшы. Және де мұны олар ұйықтаса да, тұрса да әкімшіл-әміршіл системаның бұрынғы тәртіптеріне қайта оралуды аңсап жүр дейтін қатардағы коммунистердің атынан істеп отыр.

Өкінішке орай, біздің республикамызда да "партиялық фундаментализм" орын алып отыр.

Жуырда "Казахстанская правда" газеті өзінің беттерінде "Ал бұл кезде..." деген тақырыппен, менің көзқарасымша, қызықты материал жариялады. Онда

Алматыдағы республикалық актив жиналысына және Павлодар облыстық партия комитетінің пленумына қатысушы коммунистердің айқындамалары салыстырылған.

Республикалық актив жиналысында мемлекет иелігінен алу, жекешелендіру, меншік формаларының сан алуан түрлерін дамыту қажеттігі туралы әңгіме қозғалды. Ал нақ осы кезде облыстық комитет бюросының есепті баяндамасында тура қарама-қарсы нәрселер туралы айтылды. Мысалы, партияның экономиканы басқару саласына билік функцияларын қайтаруға мүмкіндігінше тезірек қайтып оралуы қажет екені туралы айтылды.

Бейне бір Конституцияның 6-статьясының күші жойылмағандай-ақ, бейне бір КОКП XXVIII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVII съезі коммунистерге нарық қатынастары бағытын айқындап бермегендей-ақ.

Бұл коммунистерден: жолдастар, қай заманда өмір сүріп жатырсыздар? – деп сұрағың-ақ келеді.

Павлодар облыстық комитетіне байланысты мысал, өкінішке қарай, некен-саяқ емес. Жергілікті жерлерде нарық қатынастарын енгізуге қарсы әрекеттердің тағы да толып жатқан фактілерін келтіруге болады.

Сондықтан біз нақ қазір халықтың еріктілегіне көрінеу немесе жасырын қарсы тұрғандардан іргені ажыратуымыз қажет. Және бұл әсірелеу емес. Социологиялық сауалдардың деректеріне қарағанда, қазақстандықтардың 80 проценттен астамы рынокқа көшуді жақтайды.

Мынадай қисынды сұрақ туады: рынокқа қарсы коммунистер кімдердің мүдделерін көздеуде?

Жауап – халықтық мүдделерден басқа кез келген мүдделерді көздейді.

Сондықтан рынокқа қарсы шығушылардан іргені ажырату керек.

Олардың арасында, өкінішке қарай, басшы коммунистер де аз емес. Өйтпесе алдыңғы саптан артқы сапқа кеткен партия бүгін таңда қоғамда болып жатқан серпінді процестерден мәңгі артта қалады.

Мұның аса қажет болатын себебі түбегейлі өзгерістерді қолдайтын көптеген коммунистер бүгін таңда партия мен оның органдарынан өзінің тәуелсіздігін атап көрсетіп жүрген жаугершіл фундаменталистерден ара жігін ажыратып алуға байланысты. Сонымен біз ең таңдаулы, ең парасатты және жұмысқа қабілетті КОКП мүшелерінен айырылып отырмыз. Ал партия оларға сүйеніп келеді.

Сондықтан бізді артқа тартатындардан ара жігімізді ажырату бұл жікке бөліну емес, қайта айқындамаларды айқындау, тіпті керек десеңіз, жоғары адамгершілік таңдау. Мұның өзі коммунистердің шынайы идеялық бірлігінің берік негізін құрайды.

Партия ұйымдарының күш-жігерін қоғамдық сананы нарық қатынастарына көшуге терең идеологиялық және адамгершілік-психологиялық жағынан әзірлеуге шоғырландыру қажет.

Осы тұрғыдан алғанда алда өте қиын жұмыс күтіп тұр.

Ұзақ жылдар бойына біздің үгіт-насихаттық машинамыз өндірістің капиталистік әдісі, жеке меншік, адамды адамның қанауы, рыноктың

жыртқыштық табиғаты және басқалар туралы әбден белгілі бір түсіністіктерді адамдардың миына нысаналы түрде сіңірумен келді.

Ал мұнда біздің өте-мөте асыра сілтеп, тура таңғажайып нәтижелерге қол жеткізгенімізді айту керек.

Бүгін таңда еңбекшілердің көпшілігі үшін оларға "жеке меншіктік мүдделерін күйттеп", өмірдің материалдық игіліктеріне сұғанақтануда деп күдік келтіруден асқан үрейлі ештеңе жоқ. Олардың көп укладты экономика туралы еш түсінігі жоқ, жалгерліктің, жеке отбасылық, коллективтік, қоғамдық меншіктің не екені жөніндегі түсінігі күңгірт. Ал мемлекет иелігінен алу, жекешелендіру және басқа категориялар туралы айтпай-ақ қояйық.

Күнделікті санада біздің рынокқа қарай жасалған алғашқы қадамдарымыздың Батыстың алдында тізе бүгушілік, халық мүдделеріне сатқындық, ондаған жылдар бойына әспеттеліп келген мұраттардың күйреуі ретінде қабылданып отырғаны кездейсоқ емес. Көптеген адамдар төніп келе жатқан түсініксіз болашақтың абыржушылық сезімін бастан кешіруде.

Әрине, ешкім де алдағы нарық реформалары оңай және проблемасыз жүзеге асырылады деп отырған жоқ.

Бізді мүлктік жағынан жікке бөліну де, жұмыссыздық та, тұрмыс дәрежесінің төмендеуі де, болмай қоймайтын басқа да келеңсіз құбылыстар да күтіп тұр.

Біз көп ұзамай жұмақ орнайды деп уәде бермейміз.

Бірақ төзімділік көрсетіп, мұның бәрін бастан кешіру керек екенін кәміл білеміз.

Сондықтан адамдардың бойындағы рынок туралы бұрынғы сыңаржақ теріс түсініктерден арылу, оның потенциалдық мүмкіндіктерін көрсету жөнінде ұлан-ғайыр жұмыс күтіп тұр.

Біз рыноктың жалаң мақсат емес, адамға лайықты тұрмыс жағдайын әкелетін тиімді экономикаға қол жеткізу құралы екенін, рыноктың қалыптасуы, оның белгілерінің пайда болуы қоғамның социалистік бағдарына қарама-қайшы келмейтінін табандылықпен түсіндіруге тиіспіз.

Мақсатқа қандай жолдармен қол жеткізу керек, қандай формалар мен әдістерді іске қосу керек – Қазақстан Компартиясының нарық қатынастарына көшу кезеңіндегі идеологиялық жұмысының бағыттары нақ осы сұрақтар мен басқа да сұрақтарға жауап қайтаруға тиіс.

Бұл бағыттарды біз бүгін бекітуіміз керек.

Сонымен бірге коммунистердің өздері өнеге көрсетіп, жекешелендірілетін объектілерді батыл басқаруға тиіс. Бұл өзін-өзі танытудың, партияның қазіргі кезеңдегі негізгі міндеттерін орындауға – халықтың әл-ауқатын көтеруге, елімізді аса ауыр дағдарыс жағдайынан шығаруға нақты іспен жәрдемдесудің нақты мүмкіндігі.

Дүниежүзілік тәжірибе мұндай дағдарыстарды экономикалық және саяси реформаларды батыл жүргізу арқылы ғана жоюға болатынын көрсетеді.

Қазақстан делегациясы осы таяуда ғана Қытай Халық Республикасында болып қайтты. Ол осы бағытта сөз жоқ, белгілі бір оң нәтижелерге қол жеткізген. Бәсекелестік, кәсіпкерлік тәуекел меншік формаларының сан алуандығы өмірге белсене еніп, ішкі рынокты молықтыру проблемасы шешілуде.

Бірақ бүгін мен Қытай тәжірибесі туралы басқа бір қырынан айтқым келер еді.

Қытай Халық Республикасында экономикалық реформаларды ойдағыдай жүргізу біздің идеологиялық, таптаурындылықты қорғаушы кейбір партиялық қызметкерлерімізде бейне бір саяси салаға елеулі бір өзгерістерді енгізбей-ақ экономикадағы өзгерістерге қол жеткізуге болады деген бұлдыр елес туғызды. Бүгін таңда Қытай үлгісін біздің көшіріп алуымызға болады дегенді байсалды түрде айтушылар бар.

Қытай Халық Республикасының басшылары мен экономикалық реформа бағдарламасын әзірлеуші сол экономистер өз елінің ерекшелігін, миллиардтан астам халқының мәдениеті мен білім дәрежесін ескере отырып, олар өз жолымен, қытайлық жолмен жүріп келе жатқанын атап айтады.

Әлдекімдердің тәжірибесін, сырт көзге сондай тамаша болып көрінгенмен де, көзсіз көшіріп алуға принципті түрде қарсымын.

Дүние жүзінде экономикалық дамудың баршаға ортақ заңдылықтары әрекет жасайды.

Бірақ рынок туралы айтқанда, экономиканың құрылымын өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың даму деңгейін және де, ең бастысы, ұлттық ерекшеліктерді ескермеуге болмайды. Осыдан келіп экономика дамуының американдық, шведтік, оңтүстік корейлық, қытайлық немесе қандай да болсын басқа үлгілері туындайды.

Нақ сол Қытайда дәстүрлі тәртіптілікті, оның тұрғындарының ерекше еңбекқорлығын, олардың ешбір жағдай талғамайтындығын көргенінде, бұл бір мүлдем басқа дүние екенін, оны жай ғана ала салып, біздің отандық кеңістікке көшіруге болмайтынын әбден түсінесіз.

Өндіріс көлемінің жыл сайынғы 6-8 проценттік өсімінің негізі, қытайлықтардың өздері есептейтіндей, аптасында алты күн еңбек ету, ал Оңтүстік Кореяның гүлденуінің негізі біздегі 40 сағаттың орнына аптасына 54 сағат еңбек етуде жатыр. Ол жақта адамның табысы оның қалай еңбек ететініне, қанша өнім өндіретініне байланысты. Бірақ, қалай дегенмен, өктемшілдіктің элементтерін сақтайтын, алғашқы кезеңде, әрине, белгілі бір нәтиже әкелетін экономикалық система толық еркін еңбекке, еркін рынокқа негізделген экономикалық жүйемен бәсекеге төтеп бере алмайды.

Мұны айқын түсініп алуымыз керек.

Саяси реформаны тоқтатып қойып, экономикалық реформаны ойдағыдай ілгері бастыруға немесе бұған керісінше істеуге болмайды.

Қытайға сапардан алған әсерлерге талдау жасай келіп, шын мәнінде олар мен біз бір медальдың екі жағы екенбіз ғой деген ойға барған сайын көбірек келесіз.

Бізде саяси салада өзгерістер алда жүрсе, оларда экономикалық салада өзгерістер алда келеді. Енді іс-қимылдардың бұл үйлеспеушілігі біздің елімізде де, менің пікірімше, Қытай Халық Республикасында да сезілуде.

Қалай болғанда да, ҚХР-дің жетекші саясаттанушылары мен эконо-мистері қазір: реформалардың тереңдеген жағдайында социалистік өндірістік қатынастарды нарық қатынастарымен іс жүзінде қалай ұштастыруға болады? – деген сұрақпен бастарын қатыруда.

Турасын айтайын, бұл оңай міндет емес.

Дағдарысқа қарсы шараларға сыңаржақ көзқарасқа, бөтеннің тәжірибесін көз жұмып көшіріп алуға қарсы тағы бір уәждеме бар.

Қайта құрудың алты жылында біздің қоғамдық санамыз үлкен жолдан өтті. Біздің көбіміз тоталитарлық ойлау жүйесімен, орасан зор машинаның – мемлекеттің тегершігі психологиясымен қош айтыстық деуге болады.

Сондықтан бұл кезеңді сызып тастауға, бұрынғы жағдайға қайтып оралуға енді ешқандай мүмкін емес.

Даму диалектикасының өзі де экономикалық шаралардың саяси шаралармен үйлесімді келісімін қамтамасыз ете отырып, дәйектілікпен ілгері басу қажет екенін дәлелдей түсуде.

Міне, біздің міндетіміз – адамзат жинаған тәжірибені ескере отырып, біздің республиканың көп ұлтты халқының мүдделері мен ерекшеліктерін барынша ескеретін өз жолымызды іздеп табу.

Коммунистер қазір кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған шараларға ерекше көңіл бөлуге тиіс. Кез келген бизнес өзінің дүниеге келуі кезінде белгілі бір стимулдарды тіркеу кезінде кедергілерді жоюды, еңбекті ұйымдастырудағы, жұмыс уақыты режим міндеті дербестікті және тағы басқаларды талап етеді. Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарында жұмыс істейтін коммунистер еңбек коллективтері мен азаматтарының рыноктық үлгідегі кәсіпорындарды құруына барынша көмек көрсетуі тиіс.

Бұл орайда, осы мәселелерді қарау кезінде бюрократизм мен сөзбұйдалық көрсетуге жол берген қызметкерлерден батыл арылған абзал.

Жалпы алғанда, осы сөздің жаман мағынасындағы бюрократизмге батыл күрес жариялау керек. Әйтпесе қағаз иірімінде малтығамыз және біздің идеяларымыздың бәрі ізгі ниеттер болып қалады. Оған ешқандай жол беруге болмайды.

Осы заманғы экономикалық кадрларды даярлауға ерекше көңіл аударғым келеді.

Өздеріңіз білесіздер, республикада Президенттің "Кадрлар және қайта құру" бағдарламасы әзірленіп, жүзеге асырылуда. Онда мамандарға республикада және одан тыс жерлерде де халық шаруашылығын басқарудың осы заманғы әдістерін оқыту көзделген.

Меніңше, бұл мәселеде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті, жергілікті жерлердегі партиялық органдар өз сөзін айтуға тиіс. Қазіргі кезде Алматы саясаттану және басқару институты құрылды. Оның қолында жақсы

материалдық база болғандықтан, бізге соншалықты қажетті басқарушы-мамандарды даярлауды қамтамасыз ете алады. Бұл оқу орнын білікті оқытушылармен, оның ішінде шетелден келген мамандармен жасақтау маңызды.

Насихаттық түсіндіру жұмысын да ұмытуға болмайды.

Рыноктық бағдарламаның мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы заңның мазмұнын республиканың әрбір азаматына жеткізу қажет.

Бұған осы жаңа құжатты әзірлеушілердің өздерін де тікелей, экономист-ғалымдарды тарту, барлық деңгейдегі бұқаралық хабарлама құралдарын іске қосу қажет.

Оның үстіне, меніңше, істі ғылыми негізде жүргізу керек.

Мүмкін, нарық қатынастарына көшу бағдарламасын насихаттаудың біртұтас тұжырымдамасын әзірлеу керек болар.

Мұнда біздің ағымдағы істерімізді де қозғамай тұра алмаймын.

Азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелері қазіргі жағдайда бірінші кезектегі мәселе болып табылады. Оның үстіне республиканың ауыл шаруашылығындағы жағдай елеулі түрде қиындай түсуде.

Шілденің басындағы деректерге қарағанда, дәнді дақылдар егісінің үштен бір бөлігінен астамы мүшкіл халде, тек 12,5 миллион гектар егіс қана қанағаттанарлық жағдайда. Оңтүстік облыстардағы бастырылған алғашқы астықтың түсімі өткен жылғыдан төмен екенін көрсетуде. Орылған шөп алқабының едәуір көп екендігіне қарамастан, пішен өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 74 процент, пішендеме 80 процент, шөп ұны 83 процент деңгейінде ғана дайындалды.

Мамандардың болжамдарына қарағанда, тек күріш, дәндік жүгері, қоза, темекі алу ғана өткен жылдардағы деңгей шегінде болады деп күтілуде. Қалған дақылдар бойынша дән кем жиналады деп болжануда.

Бұл мал шаруашылығы өнімін өндіруге де, республикада өндірілетін тамақ өнімдерінің аса маңызды түрлерін шығаруға да біршама әсерін тигізеді.

Өндірістік базаның, әсіресе ұқсатушы өнеркәсіп базасының, сондай-ақ селоның әлеуметтік саласының құрылысы артта қалуда.

Қысқасы, жыл оңайға соқпайды.

Кеше бұл мәселе Республика кеңесінің мәжілісінде қаралды.

Бізді қиын азық-түлік жылы күтіп тұр.

Халыққа күрделі жағдай туралы ашық айтып, танаптар мен жеке огородтарда өсірілгеннің бәрін жинап алуға адамдарды жұмылдыру керек.

Алда егін жинау науқаны тұр. Ол әрқашанда қиындықпен өткізіліп, тек республиканың ғана емес, сонымен бірге бүкіл Одақтың барлық күштері мен құралдарын барынша шоғырландыруды талап етіп келді.

Қазіргі жағдайда бұған қол жеткізу төтенше қиын.

Сондықтан баршаның – село тұрғындарының да, қала тұрғындарының да, партия комитеттері мен халық депутаттары Кеңестерінің ең бірінші міндеті

– егіннің бір түйір дәніне дейін төкпей-шашпай жинау, оны сақтау, ауылшаруашылық өнімін ұқсататын барлық кәсіпорындарды іске қосу.

Товармен қамтамасыз етуді жақсарту, инфляцияның қарқынын бәсеңдету үшін өнеркәсіп өнімін шығару көлемін ұлғайтудың мүмкіндіктерін пайдалану маңызды. Бұл әсіресе халық тұтынатын товарларды, сондай-ақ металл, цемент, отын және басқа да өнімдерді өндіруге қатысты. Онсыз экономиканы дамыту ешбір мүмкін емес. Бұл үшін қажетті жағдай жасау, товар өндірушілердің еркіндігін кеңейтуге жәрдемдесу – коммунистердің борышы.

Тұрғын үй құрылысындағы қиын жағдай да алаңдатуда.

Партия коммунистері жарты жыл ішінде тындырылған істі шұғыл байыптауға, жол берілген артта қалушылықтың орнын толтыруда инициатива көтеруге тиіс.

Егер біз реттілікті жолға қоюмен және атқарушылық тәртіпті нығайтумен, кадрларымыздың экономикалық жауапкершілігін арттырумен шындап айналыспайтын болсақ, осынау барлық қиын міндеттерді іске асыру мүмкін емес екенін есте сақтауымыз қажет.

Бұл істе партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары өз орнын табуға тиіс.

Мұнда, меніңше, біз бұрынғы тәжірибеден көп нәрсені ұмыта бастадық.

Қалай болған күнде де, партия комитеттерінің бюроларында басшы коммунистердің есептерін, партиялық сұраудың басқа да тиімді формаларын практикада едәуір сирек қолдана бастадық.

Таяудағы жылдар күмәнсіз шиеленісті болатынын, қиындықтардың көптеген адамдарды қамтитынын ескеру қажет.

Сондықтан бұл кезеңді ұлтаралық келісім мен азаматтық татулықты сақтау бұрынғы қай кездегіден де маңызды бола түседі. Бұл тұрмысты жақсартудың, барлық өзгерістерді жүргізудің сөзсіз шарты.

Мұнда да коммунистер демократиялық күштерді біріктіре алатын, оларды экономикалық проблемаларды шешуге бағыттай алатын топтастырушы фактор болуға тиіс.

Өртүрлі қоғамдық қозғалысқа қатысушылар Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің төртінші сессиясында сындарлы ынтымақтастық туралы менің жасаған ұсынысыма үн қосады деген үміттемін.

Нарық қатынастарын барынша дамыту жолдарында күш-жігерді біріктіре түсу қажет.

Бүгінгі таңда түбегейлі реформаларға өзіңнің адалдығыңды тек нақты істермен ғана дәлелдеуге болады.

Осы арада мемлекеттік өкімет органдары мен партия комитеттерінің өзара іс-қимылы сияқты мәселені қозғау қажет деп санаймын. Жақында біз Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі мен республика министрлер кабинеті аппараттарының келісілген іс-қимылдарына қатысты барлық жәйтті арнайы талқыладық.

Мұндай әңгімені партиялық және мемлекеттік аппараттардың кейбір қызметкерлерінің хабарламаларды белсенді алмасудың, бірлескен шараларды жоспарлаудың орнына олардың қайсібірінің "басты" екендігін анықтауға күш-жігер мен уақыт жұмсай бастағандықтан, дер кезінде өтті деп санаймын. Ал бұл жалпы іске залалын тигізеді.

Осындай әңгімені өткізу облыстық, қалалық және аудандық дәрежелерде пісіп-жетілді ғой деп ойлаймын.

Сөзімнің соңында мына бір принципті мәселеге тоқтала кетуді өзімнің парызым деп санаймын.

Мен Президент ретінде Жоғарғы Кеңесте алдағы кезеңнің іс-қимыл бағдарламасы туралы сөз сөйледім.

Менің айқындамама анықталған, үкіметтің бағыты да сарапталған.

Сондықтан маған нарыққа көшу жөніндегі өрістеген жұмыстарға байланысты коммунистердің пікірін білу өте маңызды.

Бұл арада жасыратын ештеңе жоқ: белгіленген іс-қимылдарға байланысты кесімді "иә" немесе "жоқ" деген жауапты естігіміз келеді.

Бұл әншейін мәселе емес.

Біз қоғам мен әрбір адам өмірінің терең қатпарларын қозғайтын іске кірісеміз.

Бірқатар шаралар адамдар арасында жақтырмаушылықты тудырады.

Және уақыт та бізден қатаң сұрайтын болады.

Сондықтан мен жұмыстың қызған шағында коммунистердің арасында келіспеушіліктің пайда болуын қаламаймын. Әрине, әңгіме бұл арада пікірсайыс заңды болып табылатын жекелеген, ағымдағы істер туралы болса орынды.

Стратегиялық бағытта: коммунистер біздің нарыққа көшу тұжырымдамамызды қолдай ма, жоқ па деген мәселе туралы болып отыр.

Бұл мәселені жағалауда тұрған кезімізде-ақ анықтап алуымыз керек. Өйтпесе кейін кеш болады.

Егер кімде-кімнің "принциптен бас тартқысы келмесе", бұрынғы жүйені жақтайтын болса, бұл туралы ашық және адал айтуы керек қой деп ойлаймын.

Мен заман ағысының қалай қарай бұрылатынын күтіп, түлкі бұлаңға салынғандардан гөрі ашық қарсыласты қатты сыйлайтындығымды жоғарыда айтып кеттім.

Мен біздің бағытымызға сенім туралы сессияда депутаттармен сұхбат өткіздім және парламентарийлердің менің айқындамамды толық қолдайтынына қанағаттандым.

Осы мәселеге тікелей, бүкпесіз жауапты партияның Орталық Комитетінің мүшелерінен де алғым келеді.

Ал мен олардың сенімін ерекше құрметтеймін.

**ДОКЛАД
ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСКОЙ ССР Н.А. НАЗАРБАЕВА
НА ПЛЕНУМЕ ЦК КОМПАРТИИ КАЗАХСТАНА***

Алма-Ата, 20 июля 1991года

Товарищи!

Как вы знаете, проект Союзного договора был рассмотрен четвертой сессией Верховного Совета Казахской ССР.

Парламентарии республики, высказав немало конструктивных замечаний и предложений, в целом поддержали его концептуальную основу.

Сформирована делегация Казахской ССР, которой предстоит подписать Договор о Союзе суверенных государств.

Это политическое решение было продиктовано по крайней мере тремя важными обстоятельствами.

Во-первых, мы опирались на волю народов Казахстана, которые однозначно выразили свое отношение к договору в ходе всесоюзного референдума. Как известно, 94,1% жителей республики, принявших участие в голосовании, сказали "да" обновленному Союзу.

Во-вторых, мы исходили из того объективного факта, что наше государство при всех его несовершенствах, порожденных тоталитарным режимом, представляет собой единое экономическое, социальное и жизненное пространство для миллионов людей, ликвидация которого, несомненно, явилась бы для всех нас невосполнимой утратой.

В-третьих, новый Союзный договор – это прямой путь к наполнению реальным содержанием провозглашенной нами Декларации о государственном суверенитете, к четкому разделению власти между центром и республиками. Только на его основе сегодня возможны стабильность экономических и межнациональных отношений, цивилизованное вхождение в мировую рыночную экономику.

Таким образом, наш подход к подписанию договора отвечает интересам Казахстана, его населения.

Совершенно ясно, что республики не могут разбежаться по разным углам и делать вид, будто нашу экономику, духовную жизнь ничего не связывает. Однако из-за отсутствия надежного экономического механизма взаимо-

* Газета «Казахстанская правда», 23 июля 1991 года.

действия между ними рычаги управления общим народным хозяйством практически перестали действовать.

В этом главная суть и драматизм переживаемого периода.

Сегодня, как никогда, в стране обострилась экономическая и социальная обстановка, нарастают кризисные явления. По сути, мы подошли к последней черте, за которой маячит реальная угроза существованию нашего государства.

В этой связи вопрос, вынесенный в повестку дня пленума, носит отнюдь не формальный характер.

Надо прямо сказать, что именно четкая позиция Компартии Казахстана в отношении Союзного договора во многом предопределила политические настроения в республике, обеспечила единый подход всех демократических сил к этой важнейшей проблеме.

Уверен, что и сейчас, когда достигнута принципиальная договоренность в русле известного заявления "9 + 1", когда мы приступаем к практическому формированию обновленного Союза, республиканская партийная организация сделает все от нее зависящее, чтобы всемерно поддержать Союзный договор.

Ситуация, сложившаяся в стране, убедительно подтверждает верность курса, избранного коммунистами Казахстана. Вряд ли у кого сохранились иллюзии по поводу того, что республики в состоянии выбраться из кризиса в одиночку.

Только укрепление и развитие межреспубликанских и межрегиональных экономических связей позволит стабилизировать положение в народном хозяйстве, нормализовать финансовое обращение, создать необходимые условия перехода к рынку.

Казахстан тысячами незримых нитей связан со всеми регионами нашей страны.

Мы вывозим почти половину производимого в республике зерна, 28% мяса, более 90% сырой нефти, примерно три четверти угля и руд черных металлов, почти две трети цветных металлов и сплавов.

В свою очередь другие республики поставляют нам 95% оборудования для легкой промышленности и железнодорожного транспорта, две трети металлорежущих станков, полностью берут на себя удовлетворение наших потребностей в автомобилях, зерноуборочных комбайнах, бытовых холодильниках, телевизорах, на 45% – в изделиях из трикотажа и хлопчатобумажных тканей.

И это лишь малая часть того, чем обмениваются Казахстан и другие республики. Вот почему даже малейшие сбои во взаимных поставках незамедлительно приводят к серьезным нарушениям производственных процессов, отрицательно сказываются на экономике.

Известная всем сырьевая направленность народного хозяйства Казахстана особенно дает о себе знать сейчас, когда договорная дисциплина для многих предприятий страны стала пустым звуком.

По этой причине у нас не загружена значительная часть производственных мощностей легкой и местной промышленности, перерабатывающих отраслей АПК. Во многом именно этим объясняются тотальный дефицит на потребительском рынке и отставание в капитальном строительстве.

Серьезные трудности испытывает республика в финансовых вопросах.

В нынешнем году Казахстан должен был получить из союзных источников 6 миллиардов рублей субвенций, что составляет более четверти доходов бюджета республики. Однако в связи с тем, что налоговая система в масштабах Союза до настоящего времени не отрегулирована, в бюджет Казахской ССР не поступило ни рубля.

Таких аргументов в пользу скорейшего заключения нового Союзного договора можно привести немало.

Но, пожалуй, основной из них – это то, что рынок, который в настоящее время формируется, сам по себе не терпит каких-либо территориальных ограничений. Для его успешного функционирования необходимо единое экономическое пространство.

Нельзя не учитывать и такой сложный аспект, как сложившиеся культурные связи между республиками.

Решая экономические проблемы, не следует забывать и о духовных началах.

Именно эту цель мы преследовали, развивая горизонтальные связи с нашими тысячелетними соседями – республиками Средней Азии и Россией.

На дальнейшее обогащение отношений направлены двусторонние договоры с суверенными Украиной, Белоруссией, другими республиками.

Думаю, не будет преувеличением сказать, что именно горизонтальные договоры явились первыми шагами на долгом и тернистом пути к соглашению "9 + 1" и последнему, третьему по счету, проекту Союзного договора.

Нельзя сбрасывать со счетов и проблему межнациональных отношений.

Казахская ССР, как и все остальные республики, многонациональна по своему составу.

